

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ: 821.512.122'42

Қолжазба құқығында

Кайимов Мухамеджан Абдихаликович

**Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері
және замана шындығының көркем бейнеленуі**

8D02310 - Филология

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Мекемтас Мырзахметұлы

Шетелдік кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Омонов Кудратулла Шарипович

Шымкент, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
КІРІСПЕ	5
1 БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	13
1.1. Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ұлттық таным және рухани-адамгершілік негіздері.....	13
1.2. Бұқар толғауларындағы рухани-адамгершілік мұраттардың ислам құндылықтарымен үндестігі.....	44
2 БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕНУІ	66
2.1. Бұқар жырау жырларындағы дүниенің әлеуметтік бейнесі және әдеби қаһарман тұлғасы.....	66.
2.2. Бұқар жырау шығармаларының көркемдік ерекшеліктері мен поэтикалық құрылымы.....	100
ҚОРЫТЫНДЫ	127
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	130

АНЫҚТАМАЛАР

Компаративизм – әр түрлі халықтардың әдебиетіндегі ұқсастық, жақындықты көре білуге назар аударып, идеяларды, образдарды, характерлерді, сюжеттерді салыстырады. Әдебиеттегі компаративизм бағыты (салыстыру, салыстырмалы) – әдебиеттану ғылымында орын алған салыстырмалы тарихи әдіс.

Контекст (лат. contextus – қосылу, байланысу), тіл білімінде – тілдік тұлғалардың мағынасын айқындайтын сөздік орта. Тілдегі сөздердің бірсыпырасы көп мағыналы болып келеді. Ондай сөздердің қандай мағынаны білдіріп тұрғаны сөйлем ішінде, басқа сөздермен байланыста қолданылғанда айқындалады.

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды.

Авторлық портрет - көркем мінездеме құралдарының бірі, ол жазушы өз кейіпкерлерінің типтік сипатын ашып, кейіпкерлердің сыртқы бейнесін: олардың пішінін, бет-бейнесін, киімін, қимылдарын, қимыл-қимылдарын және мәнерін бейнелейді.

Мәнмәтін – мәтіннің құрамындағы тілдік бірліктердің негізгі және қосымша мағыналарын ашуға көмегі тиетін ең шағын бөлігі, үзіндісі; контекст.

Интерпретация – (interpretation) 1) нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру; 2) мәліметтерді, әдетте, программада немесе оның қандай да бір үзіндісінде (операторда) агрегациялаудың, алгоритмдік мәнін автоматты түрде табу мен талдауды орындау.

Герменавтика (гр. hermēneutikos – түсіндіру, талқылау) — түсіндірудің теориясы мен әдістемесі, мәтіндерді (текст) түсіндіру өнері.

Архетип – (грек, arche — бастау, typos — бейне) — алғашқы үлгі, түпнұсқа. Архетип жалпы адамзаттық рәмізділіктің негізіне, шығармашылық жасампаз қиялдың нәр алатын бастауына жатады.

Толғау – әдебиетте өзіндік ерекшелігімен көзге түсіп, көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі. Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» деген сөзінен алынып, әдебиетте жеке термин ретінде кейінгі кеңестік дәуірде ғана қалыптасты. Қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған жанр.

Поэтика (грек тілінде poietik fehne — шығармашылық өнер) — әдебиеттанудың пәні, көркем шығарма құндылығын бар болмысымен айқындайтын жүйе туралы ғылым. Поэтика негізгі 3 саланы, мәтіннің дыбыстық, сөздік, образдық құрылымын зерттейді.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 1 қыркүйек.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Руханият пен адамгершілік мәселелері әрдайым адам өмірінің маңызды аспектілері болып қала береді, осы себептен де бұл тақырыпқа әдебиеттанушылар, философтар мен әлеуметтанушылар жиі назар аударады. Бұл докторлық диссертацияда біз Бұқар жырау шығармашылығындағы уақыттың шындығын ой елегінен өткізіп, замана келбетін көркем туындыға айналдыру үдерісіндегі рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыратын боламыз. Бұқар жырау шығармашылығы әдебиет, философия, дін және көркем шығармашылықтың күрделі элементтерін біріктіріп, бір тұтас дүниеге айналдыра алған қазақ халық әдебиетіндегі бірегей құбылыс.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді зерделеу қажеттілігіне негізделген. Бұқар жырау – қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық дүниетанымының философиялық және этикалық аспектілерін бейнелейтін айрықша арна, соны бағыт. Алайда осы уақытқа дейін Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуына тарихи, әлеуметтік және мәдени контексттердің әсері, сондай-ақ осы шығармалардағы уақыттың пен кеңістіктің бейнелену ерекшелігі жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осы жұмыстың өзектілігін дәйектеу мақсатында Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелерді кешенді зерттеуге және уақыт шындығын көркем бейнелеу тақырыбына баса назар аударуға тырысамыз.

Бұл диссертацияның нәтижелері әдебиеттану, философия және мәдениеттану саласындағы мамандарға, сондай-ақ әдебиеттегі руханият пен адамгершілікке қызығушылық танытқан тұлғалар үшін пайдалы болары анық. Сонымен қатар, олардың қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті туралы таным көкжиектерін кеңейтуге ықпал етіп, Бұқар жырау жанрының бірегей аспектілерін нақтылауға ерекше көңіл бөлмекпіз.

Жұмыста қазақ халқының философиялық ойының өкілі – Бұқар жыраудың танымдық, философиялық қызметі мен әдеби шығармашылығы қарастырылады. Оның шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің негізгі идеяларын, мазмұнын және көркемдік көрінісін ашу және талдау да осы ғылыми жұмыс тақырыбының өзектілігін айқындай түспек. Сондай-ақ тағы бір басты өзектілік – күн санап жаһандану кезеңінің қарқынды даму үдерістерін сіңіріп жатқан заманауи әлемде көптеген әлеуметтік, экономикалық және саяси проблемалар аясында рухани құндылықтар мен адамгершілік бағдарларды іздеу қажеттілігіне сұраныстың артуы. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ, ұлт сапасын

арттыруға атсалысу» [1] деген тұжырымы да осы зерттеу жұмысымыздың бағдары болары анық.

Бұқар жырау шығармаларында қозғалған рухани-адамгершілік мәселелерді зерделеу қазақ халқының бірегей мәдени және философиялық дәстүрін түсініп-түйсінуге және оны қазіргі қоғамда кездесетін өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы философиялық және әдеби еңбектерді талдауды, кешенді зерттеу әдістерін, сондай-ақ мәтіндерді талдаудың аналитикалық және салыстырмалы тәсілдерін қамтитын теориялық және әдістемелік негіздерді басшылыққа алған. Осы аспектілердің барлығы осы докторлық диссертацияны өзектілігін айқындап, ғылыми және практикалық тұрғыдан маңыздылығын арттырады, әдебиеттану, философия және мәдениеттану ғылымының дамуына, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін заманауи әлеуметтік тәжірибеде тиімді қолдануға ықпал етеді. Сондай-ақ Бұқар жырау шығармашылығындағы қағидаттар мен құндылықтарды заманауи қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу үшін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің күтілетін нәтижелері әдеби, мәдени, философиялық және әлеуметтану ғылымдары бойынша жүргізілетін зерттеулерде, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде өскелең ұрпақтың рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру үшін қолданыла алады. Осы принциптер мен құндылықтарды қазіргі қоғамның танымы мен тұрмыс-тіршілігіне енгізу руханият пен адамгершілікке байланысты өзекті мәселелерді оң сипатта шешуге ықпал етуі әбден мүмкін. Қорытындылай келе, бұл докторлық диссертация Бұқар жыраудың философиялық даналығы мен көркем шығармашылығына терең талдау жасауды, оның еңбектерінде қозғалған рухани-адамгершілік мәселелерді, сондай-ақ олардың қазіргі қоғам үшін маңыздылығы мен өзектілігін анықтауды көздейді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеті мен мәдениетін, философиясын, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдар саласын дамыту үшін пайдалы болады және Бұқар жырау шығармашылығында дәріптелетін руханият пен адамгершілік сабақтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді деп күтіледі.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Бұқар жыраудың шығармашылығын және оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалын зерделеу көптеген қазақ әдебиеттанушылары мен зерттеушілерінің ғылыми зерттеу нысанына айналған. Мәселен, М.Ж.Көпейұлы, С.Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев және т.б. Аталған әдебиеттанушы ғалымдардың арқасында оның жыр-толғаулары ХХ ғасырдан бастап басылым беттерінде жарияланып, дүйім жұртқа кеңінен таралды. Мысалы, 1923-1925 жылдар аралығында М.Әуезовтің бастамасымен «Таң» журналының 1-4 сандарында Бұқар жыраудың бірнеше шығармасы жарық көрді. С.Сейфуллиннің құрастыруымен 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында Бұқар туралы маңызды ой-тұжырымдар келтіріліп, оның көптеген жыр-толғаулары мен шешендік сөздерін ұсынса, 1934 жылы жарық көрген «ХІХ-ХХ ғасырдағы

қазақ әдебиеті» оқулығында М.Әуезов, М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми ойларын дәйектей негіздеп, жыраудың әдеби мұрасының ғылыми айналымға енуіне тікелей мұрындық болды. маңызы зор. Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінің орта мектептерге арналған оқулықтарынан бастап, қазақ әдебиетінің алты томдық тарихына жазған Бұқар туралы монографиялық тарауларында да, оны ХVIII ғасырдағы авторлығы сақталған тарихи әдебиеттің бастауы деп бағамдай келіп, ол өзінің дидактикалық толғаулары арқылы сол кезеңдердегі әлеуметтік шындықты тап басып сипаттаған деп жазады. Ал Ә. Марғұлан Бұқар жырауды Абылай ханның белгілі жыршысы, кейінгі қазақ ақындарының бірден-бір көшбасшы ұстазы деп бағалайды. Осындай баға Е.Ысмғайлов пен Б.Кенжебаевтың да еңбектерінде кездеседі. Көрнекті фольклорист Н.С.Смирнова Бұқар шығармашылығына арналған ауқымды зерттеулерінде оның импровизаторлық өнерінің ерен қуаты мен демократиялық тенденциясының нығая түсу ерекшеліктеріне, сондай-ақ, толғауларындағы халықтық ұғымның әлеуметтік терең сипатына айрықша мән береді. Бірқатар зерттеушілер Бұқар жырау шығармашылығындағы ұлттық таным мен болмыс мәселесіне және оның қазақ ұлттық санасының дамуына қосқан ықпалына баса назар аударады. Енді бір зерттеушілер тобы Бұқар жырау толғауларының қазақ бірегейлігін қалыптастырудағы рөлін зерттеуге айрықша көңіл бөледі.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақ әдебиетінің ХVIII ғасырдағы көрнекті өкілі Бұқар жыраудың толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері, оның шығармашылығы мен авторлық портреті және замана шындығының суреттелу ерекшеліктері зерттеу нысанына алынған.

Зерттеу пәні. Бұқар жырау шығармашылығындағы рухани-адамгершілік мәселелер мен оның толғауларының көркемдігі және олардың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан ықпалы. Зерттеу пәнін нақтылау мақсатында Бұқар жырау шығармаларын талдауға, оның философиялық және моральдық көзқарастарын зерттеуге, сондай-ақ олардың қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы рөліне баса назар аударылатын болады.

Диссертацияның мақсаты. Бұқар жырау толғауларында және ой-пікірлерінде қозғалған рухани-адамгершілік мәселелерді талдау және оның шығармаларындағы уақыт пен замана шындығының көркем бейнесін зерттеу. Осы мақсатта жыраудың мәтіндеріне талдау жүргізуді, руханият пен адамгершілікке байланысты негізгі тақырыптар мен мотивтерді анықтауды, сондай-ақ шығармаларындағы уақытты көркем бейнелеу тәсілдерін талқылауды жоспарлап отырмыз.

Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері:

Жұмыста қойылған мақсатты іске асыру үшін диссертациялық зерттеудің мынадай **міндеттері** айқындалады:

1.Бұқар жырау шығармаларындағы негізгі рухани-адамгершілік мәселелерді анықтау және талдау;

2. Уақыттың әлеуметтік-тарихи контексінің Бұқар жырау шығармаларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуы мен бейнеленуіне тигізген әсерін анықтау;

3. Заманауи қоғамда Бұқар жырау философиясын қазіргі таңда кездесетін рухани-адамгершілік мәселелерді шешу үшін пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4. Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелердің қалыптасуына ықпал еткен тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндерді зерделеу;

5. Түрлі тарихи кезеңдердегі руханият пен адамгершілікке деген көзқарастардағы өзгерістерді анықтау арқылы Бұқар жырау шығармаларының ерекшеліктеріне талдау жүргізу;

6. Бұқар жырау шығармашылығындағы уақыт ұғымының философиялық және этикалық аспектілерін анықтау.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері. Бұл зерттеудің теориялық негіздері әдеби, тарихи, мәдени және философиялық ғылымдар саласына негізделген. Зерттеудің теориялық негізіне түрлі ғалымдардың Қазақстан халықтарының философиясы мен әдебиетіне арналған жұмыстары, сондай-ақ руханият пен адамгершілік мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері алынды. Әдістемелік тәсіл жазбаша дереккөздерді зерттеу мен талдауды, сондай-ақ салыстырмалы тарихи, формальды құрылымдық және контекстік талдауды қолдануды қамтиды. Контекстік талдау, салыстырмалы зерттеу, мәтіндерді түсіндіру және тарихи талдау сияқты әдістер мен тәсілдер қолданылады. Жұмыстың әдістемелік негізі зерттелетін материалдарды қарқынды талдау мен жүйелеуге, сондай-ақ осы тақырып бойынша бұған дейінгі зерттеулермен диалогқа негізделетін болады. Зерттеу барысында Бұқар жырау мәтіндерін талдау, жырау өмір сүрген кезеңдегі тарихи және мәдени құбылыстар мен оқиғаларды зерделеу үшін түрлі ғылыми әдістер мен тәсілдер пайдаланылатын болады. Бұқар жыраудың шығармашылығы және оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ықпалы туралы толық, жан-жақты ақпарат алу үшін әдебиеттерге жүйелі шолу, мәтіндерге талдау, салыстырмалы зерттеу, тарихи талдау және басқа да тәсілдер қолданылатын болады. Сондай-ақ, Бұқар жыраудың әдеби шығармаларын, тарихи құжаттарды, басқа ғалымдар мен теоретиктердің зерттеулерін қоса алғанда, бастапқы және қайталама ақпарат көздері оның шығармашылығының жан-жақты және шынайы келбетін ұсыну үшін пайдаланылады. Бұл жұмыстың ғылыми негізділігі мен өзіндік ерекшелігін қамтамасыз ету мақсатында Бұқар жырау мәтіндерінің жана талдамалық тәсілдері мен түсіндірмелеріне негізделген жаңа зерттеулер мен қорытындылар да ескерілетін болады.

Диссертация жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеудің негізгі ғылыми жаңалығы – Бұқар жыраудың философиялық танымы мен көркем шығармашылығына рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыру тұрғысынан кешенді талдау жүргізілуі. Оның еңбектерін жан-жақты зерттеу жыраудың

философиялық көзқарастары мен уақыт шындығын көркем бейнелеудің жанрлық-стистикалық әдістерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. «Бұқар жыраудың толғаулары шын мәніде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да бір елі қасынан қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери-дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды» [2,457]. Бұл диссертациялық жұмыстың тағы бір ғылыми жаңалығы – Бұқар жырау шығармашылығының рухани-адамгершілік аспектілерін және олардың қазақ мәдениетімен байланысын зерделеу. Жырау шығармаларының мазмұнымен астасып жатқан діни түсініктеріне де талдау жасап, толғауларының көркемдігін тілдік тұрғыда талдап көрсетуі де аталған зерттеудің жаңалығы бола алады. Зерттеу нәтижелері оның шығармаларында осыған дейін зерттеу нысанына алынбаған жаңа көзқарастары мен тұжырымдарын ұсынады және оның ұлттық сана мен танымды дамытуға қосқан үлесін түсінуге және лайықты бағалауға көмектеседі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар Бұқар жыраудың толғауларында баяндалған философиялық және моральдық қағидаттарды айқындауға байланысты болады.

- Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік туралы толғамдары елдік мүддемен сабақтасып, жыраулық поэзиясының көкжиегін кеңейткен тың тақырыптарға жол ашқан. Оның философиялық ой-тұжырымдары қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және отбасылық институттардың бағыт-бағдарын айқындады. Абылай хандығының иделологиясы сөз асылын саралаған Бұқар жыраудың толғауларындағы сарабал оймен бекіді. Ғасырдан ғасырға жеткен құндылықтарды тек өз заманына ғана жекізіп қоймай, кейінгі ұрпаққа да аманаттаған жырау көтерген мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

- Ислам діні Бұқар Қалқаманұлының адамгершілік мұраттарды өсиет еткен өлең-толғауларындағы идеяның үлкен бір арнасына айналды. Ислам діні ғасырлар бойы жинақталған бабалар дүниетанымымен синтезделді. Бұқар бастаған жыраулар институты ұлттық рухани құндылықтардың көкжиегін ғалам жаратылысының мәні, пайғамбарлар мен сахабалардың өмірімен сабақтастыра салмақтады.

- Бұқар жырау шығармашылығының өзге кезеңі оның толғауларының мифологиялануы арқылы ерекшеленеді. Мәтіннің көркем кеңістігінде заттық образдарының семантикалық мағыналарының ауыспалы күйде көрініс табады. Ақиқат әлемдегі заттар мен құбылыстар олардың арасындағы қатынастар сияқты тепе-теңдікте көрінеді. Жырау таныған ақиқат шындық пен оның көркемдік бейнесі фольклорлық мәтіндегідей магиялық сипатымен ерекшеленеді. Жырау толғауларында мифологиялық сипаты айқын

архетиптер мен бейнеленіп отырған құбылыстарға нақтылық беретін эмпирикалық тәсілдерді жиі ұшырататынымыз да сондықтан. Бұқардың дүниені тану ерекшелігі оның ислам дінін терең білуімен және халықтық сананың тарихи тамырларын нақты тани алатын білімдарлығымен ерекшеленеді.

- Бұқар жырау шығармашылығының екінші кезеңі оның толғауларының мифологиялануымен ерекшеленді. Мәтіннің көркем кеңістігінде заттық образдарының семантикалық мағыналарының ауыспалы күйде көрініс беретінін байқаймыз. Ақиқат әлемдегі заттар мен құбылыстар олардың арасындағы қатынастар сияқты тепе-теңдікте көрінеді. Жырау таныған ақиқат шындық пен оның көркемдік бейнесі фольклорлық мәтіндегідей магиялық сипатымен ерекшеленеді. Жырау толғауларында мифологиялық сипаты айқын архетиптер мен бейнеленіп отырған құбылыстарға нақтылық беретін эмпирикалық тәсілдерді жиі ұшырататынымыз да сондықтан. Бұқардың дүниені тану ерекшелігі оның ислам дінін терең білуімен және халықтық сананың тарихи тамырларын нақты тани алатын білімдарлығымен ерекшеленеді.

Өз заманының озық ойлы абызы, сұңғыла саясаткері, сөз өнерінің талғампаз зергері Бұқар Қалқаманұлының шығармалары - ұлттық таным мен рухани-адамгершіліктің темірқазығы екендігі дәлелденді. Оның толғаулары хан мен билік институттарының, қалың бұқараның алтын арқауы болды. Автор шығармаларындағы ой-тұжырымдар қазақ мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатын ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік ахуалды да айқын сипаттайды. Адамгершілік құндылықтар Бұқар толғауларында ел мінезі, ханның әділ шешімі, ұрпақ тәрбиесі, ер тұлғасы, әйел бойындағы асыл қасиеттер, жақсылар институты т.б. арқылы айшықталған. Жырау толғауларын тақырыптық тұрғыдан түрліше топтастырғанмен, бұл туындылардың негізгі өзегі – рухани адамгершілік құндылықтар екендігі аян. Автор өз шығармаларына арқау етіп қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, хан ордасының билік жүргізу дәстүрін, көшпелі халықтың моральдық бет-бейнесін басшылыққа алған.

Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ХҮІІІ ғасырдағы қазақ халқының ахуалы, ел басқарған хандар мен билердің, батырлардың көркем образдары ғылыми тұрғыда талданып, сараланды. Сонымен қатар Бұқар жырау толғауларында қазіргі поэзиядағыдай мінезі мен портреті, ол өмір сүрген кеңістіктің нақты пейзаждық суреттерін кездестіре алмайтынымыз да осы тараушада нақты мысалдармен дәлелденді. Бірақ сол тұстағы поэзияның даму ерекшелігіне сәйкес тарихтан белгілі көптеген тарихи тұлғалардың жырау шығармаларында көрініс беріп, бізге жеткені және оны тарихи дерек ретінде әлі күнге дейін пайдаланып келе жатқанымыз барынша нақты сипатталды. Бұқар толғауларында Абылай хан бейнесінің тек идеалға айналған тұлға ретінде ғана суреттелмей, оның кей кезде қатаң сын тезіне түсіп, кемшілігі де көрініс табатыны да аталған диссертациялық еңбекте барынша дәлелді көрініс тапты.

Бұқар жырау мұсылманша өз дәуіріне сай білім алған, діни мәселерге келгенде жоғары сауатты адам болған. Ол өзі көрген, білген, таныған өмірдегі шым-шытырық қайшылықтар мен үйлесімділіктің, қоғам мен адам және жеке тұлға мәселесі туралы сауалдарға ислам дінін негізге ала отырып жауап береді. Ақиқат шындықтың нақты жауабын да құран сүрелері мен аяттарынан үзінділер келтіре отырып дәлелдейді. Өзін қоршаған әлемнің сыры мен сипатына ислам дінінің ғибратты мысалдарын, адам мінезінің терең психологиялық қатпарлары туралы ойларына діни түсініктерді дәйек етіп ұсынады.

Он сегізінші ғасырдағы поэзия өкілдері өздерінің алдындағы жыраулардан өзгешелігі ретінде көркемдік танымда жалпылықтан жалқылыққа өту, әлем сырын тек діни-идеялистік танымда ғана емес, материалистік көзқарас тұрғысынан бағаулауға көше бастауы атап көрсетілді.

Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Бұл зерттеудің теориялық және ғылыми-практикалық маңыздылығы қазақ халқының әдебиеті, тарихы мен мәдениеті туралы білім аясын кеңейту, сондай-ақ заманауи қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелерді жаңа сипатта интерпретациялау мен айқындау арқылы көрініс табады. Зерттеу нәтижелерін филология, тарих, философия, әлеуметтану және мәдениеттану саласындағы ғылыми, теориялық, практикалық және пәнаралық зерттеулерде қолдануға болады. Бұл зерттеудің нәтижелері Бұқар жырау шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беріп, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани-адамгершілік аспектілері туралы таным көкжиегін кеңейтуге пайдалы болары анық.

Зерттеудің күтілетін нәтижелері әдеби, тарихи мәдени, философиялық және әлеуметтану ғылымы бойынша зерттеулерде, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде өскелең ұрпақтың бойында рухани және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында қолданыла алады. Біздің зерттеуіміз әдебиет, философия және мәдениеттану мамандары үшін, сондай-ақ әдебиеттегі руханият пен адамгершілік мәселелеріне қызығушылық танытатын кез келген адам үшін пайдалы болады деген ойдамыз.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы.

1. Бұқар жырау толғауындағы Абылай хан бейнесі «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» ғылыми журнал. № 12/8 (154) Түркістан, 2020 ж. Б.425-430.

2. Қазақ әдебиетіндегі жыраулық дәстүр және Бұқар жырау шығармашылығы «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» ғылыми журнал. № 12/8 (154) Түркістан, 2020 ж. Б.430-435.

3. Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр-толғауларының басты ерекшеліктері «Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы», ғылыми журнал. №4 Астана, 2023 ж. Б.296-309.

4. Religious concepts and social picture of the world in tolgau works of Bukhar zhyrau

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы» ғылыми журнал. Филология сериясы, № 2 Том 194 Алматы, 2024ж. Б.146-155.

5. Бұқар жырау шығармаларындағы «Мәңгілік ел» идеясы

«Қ.А.Ясауи атындағы университетінің Хабаршысы» ғылыми журнал. №4 (134). Түркістан, 2024ж. Б.190-206.

6. Ұлы дала кемеңгері Бұқар жырау шығармашылығы және жыраулар поэзиясының даму арнасы

7.«Әуезов оқулары – 19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том – 2, Шымкент, 2021 ж. Б.141-144.

8.Духовная гармония между Навои и Бухаром. Научный журнал Ташкенского Государственного университета востоковедения. № 1 2021г. С.13-23.

9. Бұқар жырау дәстүрге тән жанрдың тақырыбы мен мазмұнын толықтырушы тұлға. «Әуезов оқулары – 23: Хакім Абайдың-180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том – 1, Шымкент, 2025 ж. Б.94-97.

10. Жыраулық дәстүр және Бұқар жырау шығармашылығы “Turkiy xalqlar adabiyotiga doir zamonaviy yondashuvlar: muammolar, omillar, yechimlar” mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari. Toshkent-2025ж., Б.15-21.

Диссертациялық еңбектің құрылымы: Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ұлттық таным және рухани-адамгершілік негіздері

Бұқар Қалқаманұлының толғаулары – халық пен биліктің арасына жол салған, хан мен бұқараның тілегін рухани-адамгершілік тұғырында тоғыстырып, терең философиялық тұжырымдармен таразылаған мұра. Оның шығармаларындағы ой арнасы - күйбің тіршіліктен тыс, пендешіліктен ада, кісәпірліктен жоғары. Бұқар өз сөзін ханға айтса да, қараға айтса да бір ғана ұстанымды алға тартады, ол – адал ниет, рухани-адамгершілік. Жырау бұл мәселеге тек бір адамның, бір ұлттың ғана емес, тұтас адамзаттық биіктен баға берген. Сөз зергері адамдар арасында бір-біріне деген құрмет, сыйластық болса ғана жаратылыс гармониясы сақталып, бейбіт заман орнайтынын әр толғауында түйіндеп отырады.

Бұқардан жеткен сөз саласы ел тағдыры, имандылық, дүниенің өткіншілігі, жақсы жар, асыл ер, жастық пен кәрілік т.б. сан алуан тақырыптарды қамтиды. Жыр жампозы қоғамдағы қандай мәселені көтерсе де адамгершілік мұраттарды жоғары қойған. Бұқар танымында жүрегін кірлетпей, жақсылыққа ұмтылған адам – ұлттың баға жетпес байлығы. Сондықтан оның шығармалары адам бойындағы ізгі қасиеттерді қастерлеуге арналағанын аңғарамыз.

Абылай ханның ақылгөй даналарының бірі болған Бұқар Қалқаманұлы қазақ әдебиетін тың тақырыптармен, айшықты теңеулермен, адамзатқа ортақ мүдделерді тоғыстыратын идеялармен байытты. Жырау толғауларын алғаш жазып алып, кейінгі ұрпаққа жетуіне зор үлес қосқан ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: “Өз заманында бұл кісіні “Көмекей әулие” дескен. Қарасөз білмеген, сөйлей жөнелсе тек көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен, - деп сипаттай келіп, ойын былайша түйіндейді: Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплотонның ақылы керек!» [3, 304] деген болатын. Бұқардың қазақ әдебиеті мен тарихындағы орынын, оның тереңдігін таразылаған бұл тұжырымда жырау болмысына әділ баға берілген.

Бұқардың жаугершілік заманда Абылайдың ақылшысы болып, ел мүддесін ойлаған абыз жырау болғандығы алғаш Ш.Уәлихановтың «XVIII ғасырдағы қазақ батырлары» [4] атты мақаласында сөз болғаны белгілі. Көрнекті жазушы, ғалым М.Мағауин «Қобыз сарыны» еңбегінде Г.Потанинның академик Қаныш Сәтпаевтың әкесі Имантайға ел ішінен жырау мұрасын жинатып алғаны туралы айтады. Осы еңбегінде автор «Бұқар шығармаларының түпнұсқасы ретінде Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары алынуы тиіс. Абай үшін Мүрсейіт қолжазбаларының қаншалық мәні болса, Бұқар үшін Мәшһүр қолжазбаларының мәні соншалық» [5, 92] деген пікір айтады.

Жыр жампозының мұрасы М.Әуезовтің [6], С.Мұқановтың [7], С.Сейфуллиннің [8], Б.Кенжебаевтың [9,10], Қ.Жұмалиевтің [11],

Х.Сүйіншәлиевтің [12], Ә.Дербісалинның [13], Ы.Дүйсенбаевтың [14], Ш.Сәтпаеваның [15], М.Мағауиннің [16], Қ.Сыдықовтың [17], Ж.Тілеповтің [18,19] т.б. ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан зерттелді.

Бұқар Қалқаманұлының кей толғаулары алғаш Құрбанғали Халидовтың «Тауарих хамса» [20] атты еңбегінде, «Таң» журналында (1925 жылы) жарияланды. Кейінірек «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары» [21], «Бес ғасыр жырлайды» [22], «Жеті ғасыр жырлайды» [23], «Нар заман мен зар заман поэзиясы» [24], «Жыраулар поэзиясы» [25] т.б. жыр жинақтарына кірді.

Кеңестік дәуірде жырау мұрасына қатысты жазылған кейбір тұжырымдар «Бұқар жыраудың шығу тегі де, өмірге көзқарасы да сол кездегі үстемдік етуші феодалдық таптың тілегімен ұштасып жатады» [11,41-42] деген сипаттағы социалистік реализм әдісінің аясында өрбіп, таптық тұрғыдан ғана бағаланды. Көрнекті ғалым Е.Ысмайыловтың «Бұқар ақын ғана емес, Абылайдың қолшоқпар бітімші биі. Ол XVIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарға қарсы күресін дұрыс жырлағанымен, ішкі қоңғамдық мәселеде Абылайдың жаршысы болды» [26,142] деген пікірі де ұлттық әдебиетіміздің асыл жауһарлары идеологияның қатаң сүзгісінен өтіп ғылыми айналымға түскенін аңғартады.

XVIII ғасырдағы күрделі тарихи-саяси жағдайлар ұлт болашағы үшін шешуші роль атқарған маңызды оқиғаларға толы болды. Патшалық Ресей мен Цинь империясы кең байтақ қазақ жеріне өз үстемдігін тек қару күшімен ғана емес, түрлі жымысқы айла-әрекеттерімен жүргізуге тырысты. Әсіресе, қазақ халқын ғасырлар бойы дала фиолософиясы арқылы қалыптасқан ұстанымдарынан, ұлттық құндылықтарынан ажыратуға күш салды. Ділі мен дінінен ажыраған ұлттың ұлы мұраттарын аяққа таптап, отарлаудың алғышарттары жасала басталды. Қарға бойлы Қазтуған жыраудың:

Кейінгі өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп,
Көкірегі күйініп,
Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз жүгіріп,
Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын! [23,14] –

деп болжаған алмағайып жылдардың жақындап қалғанын дала ойшылдары айқын аңғарды. Бұқар жырау:

Шығыстан моңғол жабысты
Аяққа басты намысты.
Қызыл қарын жас бала,
Еңкейген кәрі ата-ана,
Қысымы күшті қорлықтан
Озбыр-үкім зорлықтан,

Қан-жылады зорлықтан[12,326],- деп суреттеген жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне жасаған толассыз шабуылдары да ұлт тағдырын талқыға түсірді. Осындай сын сағатында ел іргесінің бұзылмай, ауызбіршіліктің болуына қазақ қоғамындағы саяси (хандық, батырлар, билер, жыраулар т.б.) институттар тұтас мүдделі еді.

Бұқар бастаған жыраулар институты қоғам ахуалын терең сезініп, сыртқы экспансияларға рухани иммунитетті көтеру арқылы ғана төтеп бере алатындығымызды түсінді. Жырау өз толғауларында өзекті мәселелерді көтеріп, оны шешудің жолын көрсетті. Сөз зергері Абылай ханның сыртқы саясатында сенімді серігі, ел ішіндегі жағдайларды бүкпесіз айтар ақылшысы болды. М. Әуезов жырау өмір сүрген уақыттың тынысын: «Бұқар заманы – ел басына ауыртпалық туған заман. Саяси хал, қазақ елінің басына құлдық ноктасын кигізгелі қабағын түйіп, ауырлап келе жатқан. Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі, жоғарыда айтқан шарт, әлеумет қамын сөйлеу, екінші, сол жайды сөйлегенде мұң зармен, арманмен сөйлеу. Қайғылы пішін, қаралы көңілмен күңіреніп сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасап алған сарын емес. Сол заманның дерті улатқан ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы» [6,202-203] деп баяндайды.

Бұқар Қалқаманұлы – хан ордасына келгенге дейін де ұлтты ұйыстырып, қазақ халқының болашағына бағыт берер ой салған жырау. Ол жеке адамның рухани әлемін халықтың, мемлекеттің болашағымен тұтасықта қарастырады. Мемлекетті құраушы жеке тұлға болса, сол елдің болашағы, өркендеуі, басқа жұртпен терезесі тең болуы оның бойындағы ізгіліпен, жақсы қасиеттермен, рухани-адамгершілікпен тікелей байланысты.

Бұқар шығармаларын шартты түрде хан ордасына келгенге дейін немесе Абылай тұсындағы деп қарастырғанымызбен, оның толғауларындағы ой өзегі бұл қисынға көнбейді. Себебі, оның толғауларындағы ой мәйегі, тақырыптар жеке-дара қарастыруғаннан гөрі тұтастықты талап етіп, *ел бірлігі, рухани-адамгершілік* дейтін ұлы арнада тоғысады. Оның толғауларында ұсақ-түйек нәрсе жоқ, тіпті елеусіздеу болып көрінер нәрсенің өзіне Бұқар бей-жай қарамайды, кейінгі жағдайын, түпкі келтірер пайдасы мен зардабын дәйекті мысалдармен айшықтап көрсетеді. Жыраудың ауызбіршілік туралы толғамдары рухани құндылық туралы идеялармен бірлікте көрініс тапқан. Оны өзге жыраулардан даралап тұратын қасиеті мен ерекшелігі, кеменгерлігі де осы ұстанымдарында.

Бұқар Қалқаманұлы қазақ қоғамында болып жатқан құбылыстарға тек хан ордасынан ғана қараған жоқ. Ел тұрмысындағы келеңсіз көріністерді сырттай ғана бақыламай, сол «сырқатты» емдеудің жолын іздеді. Оны өз толғауларында жырға қосып, жол көрсетті. Шын мәнінде, сол уақытта ел мінезіне іштарлық, алауыздық, бақталастық секілді жаман қасиеттер дендеп кіре бастаған болатын. Қай істің басында да өз руының адамын көруге ұмтылыс, билікке таласу секілді қоғамға жат көріністердің белең алуы қазақ қоғамын жегідей жей бастаған дерттің басы еді. Әрине, бұл дерттің әбден

ушыққан уақыты Бұқар заманынан кейін, ХІХ ғасырда айқын байқалды. Дулат, Шортанбай, Кердері Әбубәкір секілді зар заман ақындарының шығармаларына арқау болған оқиғалар, рухани құндылықтарды құрдымға кетіре бастаған көріністер орыс патшасының Абылайдан кейін хандық институтты әлсіретуімен, іс жүзінде қазақ халқына бодандық бұғауының қамытын кигізуімен тікелей байланысты. Нақтырақ айтсақ, сонау Асан Қайғы, Қазтуған жыраулар болжап айтқан, ал Бұқар шет жағасын көре бастаған замана тынысы ХІХ ғасырда қатты тарылды. Хандық жүйе сақталды дегенмен, Жәңгір Бөкейұлы өзіне дейінгі Қасым, Есім, Абылай хандардың тұсындағыдай билік жүргізе алмағаны тарихтан мәлім. Әрине, мұның бәрі Ресей патшалығының көп жылдардан бергі жүргізген саясатының «жемісі» еді. Сол саясаттың бәрі тек зеңбірік күшімен, білте мылтықтың оғымен ғана жүргізілмегені де белгілі. Патшалық Ресейдің алыдмен қазақтың ұлттық идеологиясын, ауызбіршілігін, рухани құндылықтарын әлсіретуге күш салғанын тарих парақтары дәлелдеп отыр. Сондықтан, Бұқар толғауларында рухани адамгершілік, ел бірлігі мәселесі үнемі негізгі идея, басты тақырыпқа айналған.

Белгілі ғалым А.Егеубаев түркі әдебиетінде көрініс тапқан рухани-адамгершілік негіздерін төмендегіше жүйелеген болатын: 1) Кісілік, имандылық, ақиқаттық-адамшылық; 2) Тілге-білімге, дінге беріктік; 3) Ақыл-парасат, рухани саулық, еркіндік; 4) Іскерлік, ұлағатты ұлылық; 5) Ел қорғау, намысшылдық, жүректілік; 6) Ұрпақ тәрбиелеу, ұлды-ұяға, қыздықияға қондыру; 7) Досқа – мейірімділік, жауға қаталдық; 8) Қанағат-рақым, адалдық; 9) Ұсталық пен ұстаздық, кәсіпті білу, оны ұрпаққа мирас етіп қалдыру» [27, 52]. Осы рухани-адамгершілік принциптер ХV ғасырда қазақ хандығы құрылғаннан кейін тарих сахнасына көтерілген жыраулар поэзиясында да дәстүрлі жалғастығын тапты. Зерттеуші А.Бүркітбаева «ХVІІІ-ХХ ғасырлардағы ақындық поэзиядағы елдік пен адамгершілік мәселелері» атты еңбегінде «Ел қорғау, елді сырт жаудан азат ету сияқты қастерлі ұғым, сөз жоқ, адамгершілік сынды асыл қасиеттермен рухтас, туыстас болып есептелінеді. Бірақ, адамгершілік ұғымының құндылығы мен сапасы тек ерлік, патриотизм мәселелерімен шектелмейді. Өйткені, адамгершілік ауқымды тақырып, сондықтан нысанаға алынған мәселелерді бір-бірінен туындатып талдау қажеттігі тұрады» дей келіп, оларды: 1) қонақжайлық, кеңпейіл мінез; 2) қауым, уақыт сыры, адамның жас ерекшелігінің сыны мен сипаты; 3) діндік тағылымның адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралы болу себептері; 4) қазақ поэзиясында жақсы мен жаманның бейнеленуі; 5) білім, ғылымға ынтымақтың мәні мен маңызы» деп жүйелеген болатын [28, 5].

Жоғарыдағы зерттеулердегі ғылыми тұжырымдарға қосыла отырып, «рухани-адамгершілік» ұғымының арнасы тұлғалық қасиеттен ұлттық танымға, жалпы адамзаттық құндылықтарға дейінгі болмысымызды бағамдар жүйе екеніне тағы бір көз жеткіземіз. Қай халық болмасын, өзінің ұлттық болмысын ғасырлар бойы қалптасып, сын тезінен өткен рухани-адамгершілік

құндылықтарымен байланыстырады. Ғалым А.Г.Косиченконың «Уақыттың және тарихтың сынағынан сүрінбей өтіп, өзінің өмірге орнықтылығын дәлелдеген құндылықтар дәстүрлі деп аталады. Сондықтан да халықтың дәстүрлі құндылықтары – оның өмірінің халық үшін өте терең және маңызды қабаты-бұл оның негізі» [29, 19] деген тұжырымы да жоғарыдағы ойымызды қуатттайды.

Бұқар Қалқаманұлының *Абылай ханға берген ақыл-кеңесітері мен ел бірлігі* туралы ұстанымдары да рухани-адамгершілік идеялармен тоғысып, келелі мәселелерді ортаға салған. «Алаш ұлының Ақтабан-шұбырындыдан соң қайта оналуы, Қазақ Ордасының көк ала туы қайта көтерілуі, бұрынғы кенере толып, ежелгі қуатына жетпесе де, біртұтас, қуатты мемлекет ретінде қалпына келуі – Абылай хан есімімен байланысты» [30,140]

Абылай образы Үмбетей, Тәтіқара секілді жорық жыршыларының толғауларында да бедерленген. Дегенмен, алты алаштың басын қосып, ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен ханның тұлғалық қасиеттері Бұқар шығармашылығында кең көлемде ашылды деп айта аламыз.

Жырау толғауларында Абылай бейнесі – ел басқарған хан ғана емес, кемелдіктің, иманы кәміл мұсылманның, адами болмысын сақтаған бекзат мінездің образы. «Бұқар мен Абылайды жақындастыратын ортақ қасиет бар. Ол мінез – екі тұлғаның да өткір шындықты кесіп айтар шешендігі, бірбеткейлігі» [28,8]. Оның «*Ей, Абылай, Абылай*», «*Абылай ханның қасында*», «*Ей, Абылай, сен он бір жасыңда*», «*Ал, тілімді алмасаң*», «*Ай, айтамын, айтамын*» атты толғауларында қос тұлғаның қазақ елінің тұғырын биіктетіп, өзге жұртпен терезесі тең дәрежеге жеткізсем деген асқақ арманы, асыл мұраты сөз болады. Ұлт тарихындағы осы бір кезеңдер туралы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхамед «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» атты еңбегінде: «Қазақстанның XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XIX ғасырдың басына дейінгі саяси тарихы қазақ қоғамының өз ішінде болған өзгерістер, оның Ресей мен Қытай сияқты қос империямен жүргізген сыртқы саясатындағы жаңа бағыттар және оңтүстіктегі Орта Азия хандықтарымен арақатынастың шиеленесуі мен ел билігіне Абылай сияқты айбынды ханның келуінен туындаған оң өзгерістермен сипатталады» деп тұжырым жасаған [31,140].

Бұқардың Абылайға арнаған толғауларында ханның даналығы, рухани-адамгершілігі, тереңнен ойлар сұңғыла саясаткер екендігі әрқашан көрініп отырады. «Хан Абылай атандың, Дүниеден шықпай мініңіз» деп асқақтатқан Бұқар бірде оның үш жүздің басын қосып, алты алаштың туын көтерген даналығын дәріптесе, қараша халықтың тұрмыс-тіршілігін өз назарында ұстап отырған көргендігін:

Жетім менен жесірге
Еш бір жаман қылмадың,
Әділдікпен жүрдіңіз
Әдепті іске кірдіңіз [25,117],-

деп тарқатады. Абылай ел ықыласына бөленіп, хан көтерілгеннен кейін көп күшін сыртқы саясаттағы қарым-қатынасқа арнауына тура келді. Қос өкпеден қысып, кең байтақ жерге көз тігіп отырған көршілердің арандатушылығынан алашты аман сақтап қалудың аманатын арқалаған Абылай дала философиясына негізделген рухани-адамгершілік құндылықтардың бұзылмауын да өз бақылауынан шығарған жоқ. Абылай ханның сұңғыла саясатын, ел алдындағы абыройына Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде ерекше тоқталған[32, 143].

Бұқар Абылайдың ержүрек батырлығын, елінің азаттығы үшін қандай сынаққа да төтеп бере алатын қайсарлығын да:

Жауыңды алып, жайладың,
Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басың байладың [25,117],-

деп суреттейді. Бұқар бұл жолдарда Абылайдың жоңғарлармен болған шайқастарда қол бастаған ерлігін, жекпе-жек айқаста жаудың атақты батыры Шарышты жеңіп, қазақтың абыройын асқақтатқан кезін тілге тиек еткен. Кей тұстарда «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген тәмсілді алға сала отырып «Еліңнің қамын же-сана, Есіліп кеңес айт-сана» деп елдің көкейінде жүрген өзекті дүниені ордаға әкеледі.

Кең Абылай, кең ием,
Шұбар – ағаш, құба жон,
Мекен еткен шөлде, ием!
Телі менен тентегің
Иіліп алдыға келді, ием[25,112]!-

деп кеңес сұрайды. Бұқар толғауындағы осы жолдар хан ордасында келелі мәселерді ортаға салып ақылдасқан жиындардың жиі өткенін аңғартады. Саликалы саясат ұстанған билік институттары ұлт тағдырына қатысты шешімдерінде біржақты байлам жасамай, билер мен батырлардың, жыраулардың мен жақсылардың талқысына салды. Бұл - ғасырлар бойы қалыптасқан дала философиясының зайырлы ұстанымдарының дәстүрлі жалғастығы.

Бодандық бұғауына мойынсұнбай, сұңғыла саясат жүргізген хан Абылайдың шешім қабылдар сәтінде Бұқар жыраудың рөлі, оның дипломатиялық ұстанымдары айрықша көрінген. Жырау мұрасын алғаш зерттеушілердің бірі С.Сейфуллин өзінің 1931 жылы шыққан «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» атты еңбегінде жырауды Абылай ханның бірінші жыршысы, шешен ақылшысы болғандығын атап өтеді. [8, 84] Патшалық Ресейдің отаршылдық пиғылына саликалы саясат жүргізу арқылы ғана төтеп берерін болжаған жырау Абылайдың әр шешімінің артында ел мен жер тағдыры тұрғанын ескертіп отырады. Осы бір кезеңді көрнекті жазушы-ғалым М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінде: «Абылайдың қазақ елін қайтадан көтеру жолындағы күресі қырық жылдан астам уақытқа созылды, өте ауыр болды, абыроймен аяқталды» [30,140]деп жазады.

Қарт жырау ұлт тағдыры сынға түсіп тұрған сәттерде де соғыспай, бейбіт жолмен шешудің жолын іздеу – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» енді ес жыя бастаған қазақ халқының тағдыры үшін маңызды деп есептейді.

Абылай ханның қасында
Бұқарекең жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды.
Бұқарекең деген кәріңіз,
Соғыссаң, кетер сәніңіз[25,110],-

деп толғаған Бұқар жырау Абылайдың орыспен соғысам деген ниетін күп көрмейді. Арандатушылыққа ермей, қызбалыққа салынбағанын қалайды. Бұл соғыстың арты қазаққа қасірет әкелерін сезген Бұқар ұлт ретінде жоқ болып кету мен бір күнгі бейбіт өмірдің бәсін ой таразысына салып, бұл тығырықтан шығар жалғыз жол елдің ауызбіршілігі деп есептейді. Халықтың амандығын ойлаған сөз ұстасы:

Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық салғызба [25,112],-

деп ханды райынан қайтарып, ашуға ерік берген Абылайды сабырға шақырады. Хан шешімнің артында бір ұлттың тағдыры тұрғанын терең түсінген Бұқар дипломатиялық жолға жүгінеді. Айласы мол, күші көп Ресей патшалығының әскеріне қарсы соғысудың зардабы қазақ халқы үшін ауыр боларын бағамдаған Бұқар ханды алған бетінен қайтарып, тек дипломатиялық жолға жүгінуге көндіреді. Қазақ жеріне көз тігіп отырған орысқа сұңғыла саясат, салқын ақылмен ғана қарсы тұрар қауқарымыз бар ойды ұқтырады. Бұл жолдардан Бұқар бастаған жыраулар институтының үлкен беделін, ел басқару ісіндегі демократиялық принциптерді де анық аңғарамыз. Хан ісіне көңілі толмаған сәтінде оны «көтеріп қазға салармын» деп кесіп айтуы Бұқардың ел бірлігі үшін қандай қадамға да барар батылдығын, халық мүддесін биік қойған тұлға екенін тағы бір дәлелдейді.

Бұқар Қалқамнұлы ел бірлігі туралы ойының өзегін Асан қайғы бабасындай қазаққа құт болар Жиделі-Байсынды жырлаудан бастайды. «Асан қайғы тудырып, халық әдебиетінде одан әрі тың нышандармен толыққан Жерұйық жөніндегі утопияның негізінде бодандықты әлі білмейтін, емін-еркін көшіп-қонған қазақ қауымын мұнан да керемет кемелдікке жеткізуге болады деген шүбәсіз сенімнің (перфектибилизмнің) жатқандығы даусыз еді» [33, 35].

Жиделі-Байсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын-бала хақы үшін,

Солай таман жетіңіз[25,110],-

деп жырлаған Бұқар танымында «Кісісі жүзге келмей өлмеген, қойлары екі қабат қоздаған» құтты қоғам өздігінен орнамайды. Оған әр адам мүдделі болуы керек. Рухани-адамгершілігі мол тұлғалар көбейсе ғана сол арман шындыққа айналады. Жырау бірлікті, адамгершілік құндылықтарды елдіктің ең басты нышаны, іргетасы деп бағалай отырып, тұғырлы тұжырымын:

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал-ерегес[25,110],-

деп бекітеді. Жырау одан әрі «*Бұ қылықты қоймасаң, Құдайдың бергеніне тоймасаң, Көресің жаудан теперіш*» деп ауызбіршіліктің жоқтығы елді азыдырып, түптің түбінде жер байлығынан да, рухани байлығынан да айрылуға әкелерін меңзейді. Алауыздықтың соңы аңдыған дұшпанға жем қыларын бағамдаған Бұқардың сөздері Асан қайғының «Еділ бол да, Жайық бол» атты туындысымен сабақтас. Екі жырауға да тән ортақ мүдде – елдің бірлігі, бейбіт өмір, рухани-адамгершілік. Жыраулардың сөз саптауы ғана емес, мұрат-мақсаттарының бірлігі, дүнитенанымы, адамгершілік қасиеттер жинытығы - дәстүр сабақтастығы. Айырмашылығы, Асан қайғының тұсында қазақ хандығының туы көтеріліп, дербес елдің тұғырын бекітер қасиеттер сипатталса, Бұқар сол дербестікті, ұлтты сақтап қалар жол іздейді. Бұқар жыраудың танымында ол жол – адамгершілік, бірлік, ұлттық құндылық. Академик-жазушы С.Мұқановтың «Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек – қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы» [34,203] деген тұжырымы да жыраудың ұлт әдебиетіндегі орнын, күрескерлік тұлғасын айшықтай түседі.

Бұқар Қалқаманұлының ел бірлігін сөз еткен туындыларының бірі – «*Керей, қайда, барасың?*». Автор бір қауым елдің бөліне көшіп бара жатқанын құп көрмей, оның арты ауызбіршілікке сызат түсерер үлкен дауға айналарынан қауіптенеді.

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп[25,112],-

деп алатайдай бүлінген жұртты сабырға шақырады. Көшуге себеп болған жайды насырға шаптырмай адамгершілікпен, сыйластықпен шешуге күш салады. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген халық даналығын ортаға салып, ел ағаларын сабырға шақырады. Бөлінудің соңы бір тайпа елдің азып-тозып, аңдыған дұшпанға жем боларын болжаған Бұқар жырау:

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын[25,112],-

деп алты алашты бір тудың астына жинауға ұмтылған Абылайдың саясатына селкеу түсірер істен сақтандырады. Қазақ жеріне көз тігіп, әр ісін аңдып отырған жауға керегі де ел ішіндегі осындай алауыздық екенін ескерте келе «*Ауызыңнан ас кетер, Қара көзден жас кетер*» деп қараша елдің басына түсер қиындықты ортаға салады. Адамгершіліктен аттап, сыйластықтан кетер жолды таңдаған ел ағаларына хан ордасының айбынын сездіріп:

Бұ қылығың қоймасаң,
Сонау кеудеңдегі
Дулығадай бас кетер[25,112]!-

деген кесімді сөзін айтады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Тілеповтің «... өмір бойы қазақ қауымының іргелі ел болуын, ол үшін ел татулығы, үлкен-кішінің ынтымақта болуы басты критерий деп білген, ел абызы Бұқар жырау «Керей, қайда барасың» деп жырласын, болмаса «Кіші Қара қалмақ бүлерде, Бұзылардың билігі – бұлт бұққан болысты, Уағдадан жылысты...Сөйткен қалмақ оңбаған» деп көрші елдің алауыздықтан арандап қалғанын айтсын, қалай болғанда да оның елім деп өткен кемеңгер екендігіне бірауыздан қол қойдыртады» [18, 92] деген тұжырымы да осы пікірімізді қуаттайды.

Сөз зергері қазақ жеріне жан-жақтан көз тіккен жаудың жетегінде кетпейтін күш адамдардың жан дүниесінің байлығы, ізгі ниеті, рухы деп санайды. Құт дарыған ата жұртымен қимай қоштасқан Қазтуған жыраудың «*Алаң да алаң, алаң жұрт*» атты шығармасымен сарындас ойын «*Бағаналы орда, басты орда*» атты толғауында:

Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт...
Туырлығың қара кес,
Тура, тура болған жұрт...
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт [25,106],-

деп тарқатқан Бұқар атамекеніне қауіп бұлты төніп келе жатқанына алаңдайды. Жай ғана алаңдамайды, елдің игі жақсыларымен бірге сол құт қонған жерін аман сақтап қалар жол іздейді. Ғасырлар бойы береке-бірлігінен айрылмаған елінің ендігі тағдырына алаңдайды.

Жырау танымында елдің бірлігіне тек хан ғана емес, әр адам мүдделі болуы тиіс. Ауызбіршілік болмаған жерде халықтың тағдыры бұлыңғыр, болашағы күмәнді боларын болжаған Бұқар:

Батырлар үшін жаратқан
Берен сауыт, жебені.
Сыйлай бергіл көнені,
Сыйламаған күң қылар
Өзін тапқан енені[25,106],-

деп толғай отырып, адамдық болмысты айқындар асыл қасиет ізгі ниеттен, бір-біріне деген құрметтен туындарына тағы бір тоқталады.

Алаштың айбынына айналған Абылайдың жанындағы қол бастаған батырлар мен билер де ауызбіршіліктің, елдіктің үлгісін көрсетті. Түрлі пікір қайшылықтар, көзқарастар болып жатса да, сын сағаты соққан тұста олардың барлығы хан Абылайдың қасына топтаса білді. Бұл қазақ қоғамындағы батырлар және билер институтының бұр мүддеде жұмыла алатын ауызбіршілігін ғана емес, саяси билік тармақтарының тұтастығын да паш етті. «Қол астында 10,20,30 мың сарбазы бар, Қазақ мемлекетінің (хандығының) тәуелсіздігі, халықтың азаттығы үшін ерен еңбек сіңірген даңқты батыр қолбасшылар хан Абылай маңайына, оның ақ туының астына топтасып, Абылайды бас қолбасшы ретінде таныды. Бұл, біріншіден, қазақ батырларының ауызбіршілігінің, парасаттылығының, бір мақсатты көздеуінің куәсі болса, екіншіден, Абылайдың көрегендігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің, батырлық, әскербасылық һәм адами қасиеттерінің, сондай-ақ, халықты басқару, көптің ойынан шығу, сыртқы және ішкі дұрыс саясат жүргізе білуінің, яғни елбасы функциясын жоғары деңгейде орындап, халық ықыласына бөленгенінің айнасы. Аты шыққан батырлар Абылай ханнан ақыл-кеңес алды, айтқанынан шықпай, бұйрықтарын бұлжытпай орындады» [35,113]. Жырау әр адамның қоғамдағы орнын, оған берілген нығметті жеке-жеке сипаттап көрсетсе де, оның тек адамгершілік қарым-қатынаспен, сыйластықпен ғана баянды боларын түсіндірген. Сөз зергерінің пайымдауында – ханды да, батырды да, діндарды да тұғырынан тайдырмайтын күш – адамгершілік, сыйластық, рухани кемелдік. Бұл – Бұқар жырау шығармаларының да негізгі концепциясы. Сөз ұстасының бұл тұжырымын төмендегі жыр жолдарынан аңғарамыз:

Ханның жақсы болмағы –
Қарашының елдігі.
Қараша халқы сыйласа,
Алтыннан болар белдігі [22,97].

Ханның тірегі – халық. Оның абыройын асқақтатып, айыбын алқалаған әлеуметтің алдына шығарар қараша жұрт та әділ болғаны абзал. Сондықтан, ел қылып ұйыстыра алмаса –ханға, жұмылған жұдырықтай ұйыса алмаса - елге сын. Әсіресе, Абылайдың көрші елдермен жүргізіп отырған саясаты халықтың, ел ағаларының қолдауын күтеді. Жырау бұл мәселені де өз назарынан тыс қалдырған жоқ. «Бұқар түсінігінде, хан – ел бірлігінің тұтқасы. Елдің ел болып қалуы бірлікке тікелей қатысты. Ал оның ұйытқысы – астындағы тағының тұғыры берік хан ғана. Сондықтан да қарт жырау байламында хан мен ел бірлігі – бір-бірінен ажырамастай, қанаттас жүрер егіз ұғымдар» [32, 23].

Бұқар жырау бірлігі жарасқан елді ғана «құтты жер» деп бағалайды. Ол өзіне дейінгі Асан қайғы, Қазтуғандар жырлаған «құт» концептін жаңғыртып, қазақ халқының ендігі тағдырына алаңдайды. Бұл орайда Бұқар «құт-береке қандай қоғамда, қай жерде орнайды?» деген сауалға жауап іздеген. Автор бұл сауалдың нақты жауабын да берген. Ол –

рухани-адамгершілік, кемел адам, ізгі ниетті қоғам. Төмендегі жыр жолдары осы пікірімізді дәлелдейді:

Ауылда адам бар болса,
Ауыл ала болмайды.
Ел иесі құт болса,
Халқы ала болмайды[25,129].

«Құтқа қатысты тағы бір еерекше рухани кеңістік және материалдық игілік тұрғысынан бірін-бірі толықтыратын деректер кездеседі. Адамның бойындағы адамгершілік қасиеті мен тапқан табысының адалдығына және ұрпағына дұрыс тәрбие беріп өсіруіне қарай адамға «құт қонады» деп пайымдаған. Егер де осы айтылғандар бұзылса, ұрпағы арсыздыққа ұрынса, арамнан мал тапса, адамгершілік, имандылық қағидаларынанқиғаш кетсе адамның, әулеттің, тұтас елдің құты қашады деп санаған» [36,41]

Бұқар жырау өз толғауларында ауызбіршілігі болмаған жұрттың болашағы жоқтығын түрлі мысалдармен салыстыра суреттейді және оның салдарының қандай боларын да баяндайды. Сөз зергерінің төмендегі жыр жолдары осы пікірімізге дәлел болары анық:

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіреді,
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетіреді,
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетіреді [22,93].

Автор айтпақ ойын, бірлігі кеткен жерде береке болмасын қазақтың табиғатпен біте қайнасқан тұрмыс-тіршілігімен байланыстырып, араздықтың түбі орға жығарын отбасылық институттардың деңгейінде даралап көрсеткен. Абысын арасындағы кикілжің мен ағайын арасындағы араздыққа себеп болар жайттарды саралай отырып, бұның бәрі ұлттың ұйысуына кедергі болады деп санайды. Бұл көріністерге ұсақ-түйек деп қарамай, ұлттың болашағына кедергі болады, мемлекеттің дамуын тежейді деп есептейді. «Жырау шығармашылығы жауынгер-жыраудан тек моральдік насихат немесе діни-философиялық толғанысты күтіп қана қоймай, қоғамды сол сәтте толғандырып отырған, нақты әлеуметтік, саяси, адамгершілік мәселелерінің шешілу жолдарының беделді билігін, әділетті кесімін қауым алдында суырып салып айтатын көкейкесті сөз еді» [38,156].

Бұқар күндестіктік, алауыздықтың салдарын түсіндіруде ел ішіндегі жағдайлармен шектелмей, жауласып отырған қалмақ тарихымен де тарқатады. Автор Цинь империясы және Ресей патшалығының арандатуымен қазақ даласына көз тіккен қалмақ хандығын таққа талас, ішкі алауыздықтың орға жыққанын «Кіші қара қалмақ бұларда» атты толғауында:

Ханын қалмақ жаулаған,
Сүйткен қалмақ оңбаған.
Сол қалмақтың жұрты еді-ау,
Үш Қарқара, Көк төбе

Ит те ұлып қалмаған...[22,93]-

деп баяндайды.

Бұқар бұл мысалды бекер алып отырған жоқ. Ол адамгершілік қағидалары сақталмай, береке-бірлігі кеткен жұрттың тағдыры осылай аяқталарын қазақ халқына өсиет еткен. Жыраудың толғауына 1745 жылы Қалдан Серен өлгеннен кейінгі сарай ішіндегі таққа талас, осы ішкі текетірестің кесірнен әлсіреген Ойрат империясының тағдыры арқау болғанын байқаймыз.

Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік идеяларын сөз еткен туындыларының бірі – «*Бұл, бұл, бұл үйрек*» атты толғауы. Бірлігі жарасқан елдің болашағы баянды боларын жырау үлгі қылған жырау бұл толғауында да:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректен болыңыз,
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз[22,94],-

деп айтар ойын тереңнен қозғап, табиғатта үйлесім тапқан әдемі көріністерді суреттеумен бастайды. Жырау шығармаларындағы осы бір ерекшелікті зерделеген көрнекті ғалым Р.Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде «...Осындай өмір шындығы бар екендігіне тыңдарманын басиз еткеннен кейін, оған жақсымен ғана ғана дос болу керектігін мойындатады. Мұндай параллельдер халыққа таныс суреттер арқылы беріледі. Ол үшін тек қана айналаны қоршаған өмір, табиғат, қоғам тіршілігінен алынған образдар көркемдеу қажеттігін өтейді. Өзіне дейінгі әдеби тілдің бұл стилін Бұқар да жақсы пайдаланады» деп тұжырым жасайды.[39,135] Сыйластығының арасына сына түсірмеген ауызбіршілік дұшпанның дегбірін қашырып, арам пиғылын жүзеге асыртпайды деген ойын астарлап бастаған Бұқар табиғаттағы сұлу көріністі адамгершілік қасиеттермен ұштастыра отырып:

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз [22,94], –

деп бірлікке бастар жолды көрсетеді. Бұл – ел болашағын ойлаған Бұқар жыраудың басты ұстанымы.

Зерттеуші Густав Лебон ұлттың мінезі (дүниетанымы) мен наным-сенімдерін оның болашағын шешетін қуат көзі екендігін айта отырып «Мінездің басты бөлшектері өзгермейді; дәл сол өзгермейтіндіктің арқасында белгілі бір халықтың тарихы әрқашан өзінің бүтіндігін сақтайды» деп есептейді [33,26]. Ғалымның бұл тұжырымы ділі мен дәстүрін сақтай алған жұрт ғана өз болмысын жоғалтпайтындығын айғақтайды. XVIII ғасырдағы көршілес империялардың отарлау саясатындағы алғашқы көздеген мақсаттарының бірі ұлтымызды іштен іріту, ел мінезіне сына қағу

болғанын ескерсек, жоғарыдағы тұжырымның дұрыстығына тағы бір көз жеткіземіз.

Бұқардың «Қой бітерде қотаншы ит, бөріге қой бермейді» деп басталатын толғауы құт-берекенің, бірліктің бастауы болар ойды жеткізу үшін айтылған сөздің кіріспесі. Бұл ата кәсібі, тұрмыс-тіршілігі малмен байланысты қазақ халқына таңсық көрініс емес. Амандық-саулығын «мал-жаның аман ба?» деп бастаған қазақ үшін оның көбеюі де көңілге жұбаныш, тұрмысын түзеуге тірек болар капитал. Бұқар осы жолдармен толғау шымылдығын ашқаннан кейін ғана:

Сөз ұғарлық ер болса,
Айтылмас шын сөз болмайды.
Алтындай асыл сөзінді
Қадіріне жетіп бағалап,

Тыңдайтын ер кез болмайды [25,129],- деп өзінің негізгі айтпақ ойын түйіндейді. Осы толғауының бастапқы жолдарында Бұқар «*Ауылда адам бар болса*» деп жалпы айтып отырған жоқ, бұл сөзді Алланың о баста Адам Атаға берген қасиеттерімен тұтастықта баяндаған. Адамға берілген нығмет, оның жұмақтан түскенге дейінгі күнәсіз болмысы Бұқар толғауында архетиптік сипатта көрініс тапқан. Ауылдың ала тайдай бөлінбеуі, берекесінің кетпеуі адамға о баста берілген ізгілікті, адамгершілік қасиеттерді бойында сақтаған жақсыларға ғана тән. «Ұлттың дегдарлығы – жақсы мен жаманды айырудан басталады. Жақсы мен жаманды айыра алмаған ұлт – талғамы бұзылған, обал мен сауапты, пайдалы мен зияндыны, адам мен арамды айыра алмайтын тексіз тобырға айналады» [40,4] Жақсылар институтының елдік мүддені алға шығарып, құт-берекені сақтаған тұлғалық қасиеттері Бұқар толғауларында әрқашан көрініп отырады.

Бұқардың осы толғауда тарқатар ойының арқауы – тұтас елдің, қазақтың бірлігі. Ел басқарар адамның даналығы, парасат-пайымы, дипломатиялық ұстанымдардағы сұңғылалығы – халықтың құты. Осы қасиеттер бойынан табылған хан басқарған халық еңсесін биік ұстап, бірлікті ту етеді. Алауыздықты ақылға, пенделікті парасаттылыққа, жамандықты жақсылыққа жеңдіреді.

Бұқар жырау рухани-адамгершіліктің қайнар бұлағын ұлт болып ұйысқан елінің тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен этнографиясынан да көреді. Қазақтың қилы тағдырын да, аз да болса көңілін марқайтқан тіршілігін де көзі көрген Бұқар жыраудың толғауында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, этнографиясы шеберліпен суреттелген. Жыр жампозы жайлаудағы жұрттың жадыраңқы көңіл-күйін, алқалаған әлеуметтің алдында сөз бастаған жырау мен оған қошемет көрсеткен ханымды, елдің бірлігін көрсеткен ас пен тойды шеберлікпен бейнелеген. Автордың жыр жолдарынан хан ордасындағы істермен шектеліп қалмай, халық тұрмысынан да хабардар болып отырғанын аңғарамыз.

XVII ғасырда өмір сүрген Ақтамерді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» атты толғауында ел ішіндегі би сайлау, қонақ күту, табақ тарту,

казан көтеру т.б. секілді көріністер суреттелсе, Бұқар Абылай ордасында сөз асылын саралап, ханымның ықыласына бөленген жырауларды, ел ағалары бас қосқан жиындарды

Көлдей қамқа төсеніп,

Көрікті ханым түскен жұрт.

Ханым берген қамқа тон,

Жырау киіп кеткен жұрт.

Іңкәрілер алшандап,

Ас пен тойға келген жұрт [25, 106],-

деп тілге тиек етеді. Әрине, жырау өмірінің біраз бөлігі Абылай ханның жанында өткенін ескерсек, оның шығармаларында орда дәстүрінің жырлануы заңдылық. Автор «ханым берген қамқа тон, жырау киіп кеткен жұрт» деп билік пен халықты жалғастырған жақсы үрдісді баяндаған. Кеңес өкіметі тұсында «сарай ақындары» деп біржақты баға берілген, олардың ел билеушілері туралы бір ауыз мақтау сөзін іліп алып, өз мақсатына пайдаланған идеологияның кейінгі буынды біраз нәрседен адастырғаны анық. Бірақ сол ақын-жыраулардың тек билеушілерді мақтамағаны, тіпті ханның өз талабы бойынша оны жамандап, өлгенде айтар жоқтауын да естіркені ескеріле бермейді. Ел тізгінін алған адамның өз жұртының алдындағы абыройы мен кемшілігін осындай жолдармен білуі әдебиет тарихында әлі де болса ашылмай келе жатырған тың тақырыптардың бірі. Бұқар хан ордасындағы осы дәстүрді өз толғауына арқау еткен.

Бұқар Қалқаманұлы адамның адамгершілігі басына іс түскенде сыналарын, қиын сәттерде ұлт мүддесін өз мүддесінен биік қояр тұлғалық қасиетті де жырға қосады. Бұқар мамыражай, бейбіт мезгілде көрінер мінез-құлықтың ел басына күн туғанда шынайы сипаты көрінерін ой таразысына салады. «Оның өлең сөзінің өн бойынан ақындық белгісі көрініс тауып, жалпыдан жалқыға бетбұрыс байқалады. Адамның ішкі әлеміне бойлау, толғау-толғанис сезім мен жан-дүниесінің астарласуы арқылы сыртқа шықты» [37, 29]

Автор *адал достықты, жақсылар институтын* рухани-адамгершіліктің айнасы ретінде бағалайды. Жырау пайымдауында жақсы адам - ұлттың тірегі, жас ұрпақтың ой түзер тұлғасы. Автор толғауларында «жақсы» сөзі тұлғалық қасиетті көрсетіп, зат есім тұрғысында жұмсалған. Жан дүниесі таза адамның бойындағы қасиетті жырау әрқашан рухани-адамгершіліктің биік шыңы ретінде бағалайды. Сөз зергері оны жалаң баяндамай, көбіне жаман қасиеттермен салыстыра суреттеген. Достық пен аярлық, байлық пен сараңдық туралы тұжырымын жақсы мен жаман категориясының аясында ой талқысына салады. Мысалы, Бұқардың достық туралы философиялық тұжырымы төмендегіше өрнектелген:

Екі жақсы қас болмас,

Екі жаман дос болмас,

Дос болғанмен хош болмас,

Екі жақсы дос болмас,

Дос болса, түбі бос болмас[25, 107].

Бұқар адами болмысын кірлетпеген жақсы адамдардың арасындағы достықтың шынайы боларын «дос болса, түбі бос болмас» деген жолдарға сыйғызған. Адал достықтың арнасын алдыңғы жолдардағы «екі жақсы қас болмас» деген сөздермен ашқан жырау халық танымындағы ақиреттік достыққа ұласар адамгершілікті үлгі еткен. Ал күні үшін болар амал достықты «Екі жаман дос болмас» деген оймен түйіндейді. Бұқар олардың шынайы дос бола алмайтын себебін де көрсеткен. Мұндағы «хош болмау» алдыңғы айтқан амал достықты меңзейді. Осы ойын кейінгі толғауларында да тарқатады:

Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер [25, 107].

Бұқар адал дос пен амал досты жалпылама баяндап қоймай, олардың нақты амал-әрекеті, ниеті арқылы сипаттайды. Бұл мысалдар қарт жыраудың адамтанудағы даналығын, көрегендігін тағы бір паш етеді. Айнымас достың қандай қиын кезде де қасыңнан табыларын бағамдаған Бұқар сөздері - жақсы адам феноменының жарқын мысалы. Автор ақтық деміне дейін айрылмасқа серттескен адал достықты адамгершілік туралы ойларының темірқазығы еткен.

Жоғарыдағы жыр жолдары Бұқар жыраудың өзіне дейінгі әдеби дәстүрді жақсы білгенін аңғартады. Автордың адам болмысы, достық, рухани адамгершілік туралы ойлары Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» төмендегі бәйіттермен де үндес:

Жақсылық ет, есерліктен безгейсің,
Сонда ірілік келер, іздеп кезбейсің.
Жаманнан без, қор қылады басыңды,
Ол у жылан, умен булар асыңды.
Сөз сөйлем, сенбе екі жүздіге
Сол сырыңды ашар, жаяр үздіге [41, 234].

(Ж.Баласағұн. «Құтты білік», 1295-

бәйіт)

Төл әдебиетіміздің тұғырын биіктеткен жырау Шалкиіз Тіленшіұлының толғауларында да рухани-адамгершілік мәселелері ел бірлігін нығайтар қазынаға айналған болатын. Шалкиіздің:

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты
Жаманға жарқыным деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты! [22,42]-

деген ойлары да Бұқар толғауларымен үндес. Жырау адамгершілік мәселелерін барша адамзаттың рухани құндылықтары тұрғысында қарастырып, философиялық тұжырымдар жасаған.

Бұқар Қалқаманұлының достық туралы пайымдары кей тұста:

Ежелгі дос жау болмас,
Шірнеуіште үстінде хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде кірдің таты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар,
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде тұтқыр кірі бар[22,85],-

деп жеке адамдардың арасындағы сыйластықтың шеңберінен шығып, ел бірлігі туралы ойларымен астасып кеткен. Автор «шірнеуіште үстінде хаты бар» деп бірлікке бет түзеген екі елдің арасындағы татулыққа тоқталса, ата жауға айналған жұрттың бітімге келмесін «көңілінде кірдің таты бар» деп түсіндіреді. Жырау келесі жолдарда осы ойдың арнасын кеңейтіп, екі адамның арасындағы достыққа дәнекер болатын адамгершілік қасиеттерді айшықтаған.

Бұқар Қалқаманұлының өмірдегі келеңсіз құбылыстарды, тәрбиесіздік пен рухани жұтаңдықты баяндаған шығармасының бірі – «Не жаман?» деп аталатын толғауы. Бұқар бұл толғауында қазақ қоғамына жат қылықтарды әшкерелей отырып, санамалап көрсеткен. Жырау жалпыдан жалқыға өтіп, өз сөзін «Біріншіден не жаман?» деп нақты мысалдармен сипаттайды. Жалпы, Бұқарға дейінгі жыраулар поэзиясында жақсы мен жаманды салыстыра сипаттау үрдісі болғанмен, адамдық болмысты, қоғамдағы келеңсіз жайттарды тек *жамандықты тере баяндау* арқылы айқындау кездеспейді. Бұқар – бұл қасиеттерді санамалап көрсеткен тұңғыш жырау.

Бұқар толғауының тағы бір ерекшелігі, осы қасиеттерді адам болмысымен ғана шектемей, қоғамдық-саяси оқиғалармен сабақтастырған. Сөз зергері «не жаман?» деген сұрақтың жауабын ұлттық тәрбие және ауызбіршіліктен (егесіп өскен ел; бетімен кеткен қыз;) және жаугершілік уақыттағы ел басына түсер нәубеттен (бесіктегі баланың жетім, жаңа түскен келіннің жесір қалуы; ақ орданың иесіз қалуы) және өмірдің өткіншілігінен (қазулы жатқан көр) іздейді. Автор бейбіт өмірдің шырқын бұзып отырған жоғарыдағы жайттарды жаугершілік заманнан, көрші елдердің қитұртқы саясатынан көреді.

Жыраудың адамгершілік туралы тұжырымдары *жосарттық пен сараңдық* туралы ойларынан да аңғарамыз. Автор бұл қасиеттерді адам мінезінің бір қыры деп ғана бағаламай, тұтас рухани-адамгершілік болмысының негізі ретінде таниды. Төмендегі жыр жолдарына назар аударайық:

Сұрағанда бермеген
Сараң емей немене?
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене?
Һәммәтсіз ерге біткен мал

Бекер емей немене?[22,89]

Бұқар жырау дүниеқоңыз, ел үстінен күн көретіндерді сынай отырып, адамдық қасиеттерден алыстаған пенделердің іс-әрекетінен ой түйге шақырады. Автордың пайымдауында - пейілдің тарлығы, «нәпсі алдаушы дұшпанның» жетегіне еруі (Асан қайғы) адамды орға жығатын қайырсыз іс. Жырау жай ғана сараңдықты баяндап қоймай, қазақ қоғамында көрініс бере бастаған әлеуметтік теңсіздікті, дәулетті бола тұра ешкімге қамқорлық жасамайтын қарынбайларды әшкерелейді. Бұқар аузымен айтылған бұл сөздер – Абылай хан армандаған алаштың асқақ рухымен үндеспейтін, қазақ халқының жан сарайына жат мінездер. Жырау байлықты тек материалдық игілік деп бағаламай:

Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдіреген қызыл тілден не пайда?
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда? [22,88] –

деп оны рухани кемелдікке ұмтылған адамның жолына көмек деп түсіндіреді. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп өмір сүрген қазақтың өмірлік қағидасы, адамгершілік ұстанымы бұзылмаса деп тілеген Бұқар тағы бірде:

Байдан қайыр кеткен соң,
Мал да кетер, не пайда? [22,88]-

деп қамығады. Қазақ қоғамындағы береке-бірліктің, жомарттықтың жақсы үлігісін қалыптастырған байлар институтының діндегінің босап, құты қаша бастағанын:

Атың арып келгенде,
Өткел бермес кешерге.
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде,
Саумал бермес ішерге[22,88],-

деп сын тезіне алады. Жырау жомарттықты адамгершіліктің биік үлгісі ретінде бағаласа, сараңдықты дүниенің құлына айналған пенденің бойынан көрініс беретініне тоқталады. Сөз зергерінің пайымында сараңдық – жүрегі қатайған, иман нұры әлсіреген жерде ғана болады. Бұқардың бұл қисынды тұжырымы көркем мінезге ие тұлғаның қасиеттерін тағы бір айқындай түседі.

Бұқар Қалақамнұлының *сақилық пен сараңдық* туралы ойлары ортағасырлық әдеби жәдігерлерде де ерекше жырланғанын айта кеткен абзал. Мысалы, Ахмет Іүгінекидің философиялық-әлеуметтік көзқарастары тек Бұқар шығармашылығына ғана емес, тұтас XVIII-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясына ықпал етті. А.Іүгінеки «Ақиқат сыйында» адам бойындағы осы екі түрлі қасиетке былайша тоқталады:

Өмірде жақсы мінез – жомарт деген
Жаман ат – сараң, тәуір сөз ермеген
Берген қол бәрінен де қатты болар

Сол жаман ала біліп, түк бермеген[42, 187].

Қазақ қоғамында рухани-адамгершілік құндылықтардың әлсіреп, дүниені жүрегіне кіргізген дүниеқоңыз, сараң байлардың көбейгенін ХІХ ғасырдағы ақындар поэзиясынан да жиі аңғарамыз. Мысалы:

Қайырсыз байдан пайда жоқ,
Нашарға жәрдем бермесе,
Кем-кетікті көрмесе [22,212].

(Дулат

Бабатайұлы)

Байды құдай атқаны,
Жабағы жүнді сатқаны [22,288].

(Шортанбай

Қанайұлы)

Бұқар жырау *өмір белестерін* адамның жас ерекшеліктерімен байланыстыра отырып шебер суреттейді. Тіршіліктен түйген философиялық тұжырымдарын әр жасқа тән уақыт бедерімен өрнектеп, нақты мысалдар келтіреді. « Әр қилы өмір белестерін жырлауда ақын дөп басып, орынды балама сөз тауып қолданады. Әрбір жастағы адамның қуаты, ой-сыры, мүмкіндіктері, айналасындағы өмірге көзқарасы жан-жақты ашылады» [12,343].

Бұл шығармаларының да алтын арқауы – рухани-адамгершілік, ізгілік, жақсылық. Адамның жас ерекшеліктеріне лайық дүниетанымын аса дәлдікпен өрнектегенін төмендегі жолдардан аңғарамыз:

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай,
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай[22,91].

Автор жиырма мен отыз жасты жалынды жастық шақтың, жігіттік дәуреннің белесін, осы кезеңдегі албырттық пен аңғалдықты «ағып жатқан бұлаққа» және «жарға ойнаған лаққа» теңеген. Сарқырап аққан өзенге емес, сылдырап аққан бұлаққа теңеу арқылы жырау жас адамның психологиясына, ұстанымдарына тән ерекшеліктерді дәл берген. Адамның жастық кезеңі де осы бұлақтың суы секілді мөлдір, тұнық. Оны лайламай, адамгершілік туын биік ұстаса бұлақ арнасы кеңейіп, айдын көлге айналады. Жырау бұлақ көзі жабылмас үшін жан азығын жинап, жақсылыққа ұмтылу қажеттігін меңзейді.

Бұқар орда бұзар отыз жасты жарға ойнаған лаққа теңеп суреттеген. Ақ пен қараны ажыратар жас болғанымымен, жастық қайраттың ақылға бағынбай кей тұста тура жолдан тайдырарын тұспалдаған. Сөз зергері осы жолдарда «жар» ұғымын бекер алмаған. Себебі, жар – биік болса да, екі беті күз. Жастық желігін ақылға жеңдірген, адамгершілігі мол, нәпсісін жеңген адам ғана жардан құламайды. Бұқар жырау одан әрі:

Қырық деген жасыңыз
Ерттеп қойған құр аттай.

Елу деген жасыңыз

О да бір көшкен ел екен[22,91], -

деп ой түйеді. Ұлттық таныммен үйлескен теңеулерден жыраудың адам баласының орта жастардағы ерекшеліктерін шеберлікпен жеткізгенін аңғарамыз. Бұқар жалыны қайта бастаса да, күш-жігері басылмаған қырық жасты енді ғана ер-тоқым салынған құр атпен салыстырады. Ал, елу жасты көшкен елге теңеу арқылы қайта келмес жастық дәуреннің сағымдай бұлдырап, үлкен жауапкершіліктің жүгі артылғанын меңзейді. Жас ұрпақтың жүрегіне адамгершіліктің дәнін егіп, жақсылыққа жол бастар жас деп ой түйген Бұқар:

Алпыс деген жасыңыз

Қайғылы-мұңлы күн екен,

Сексен деген жасыңыз,

Қараңғы тұман түн екен[22,91],-

деп тарқатады. Жырау алпыс жасты қарттыққа бет бұрған жас деп бағалаған. Оның бұл кезенді «қайғылы-мұңлы күнге» теңеуі – көңілі жеткен жерге қолы жетпей, дүние базарының тарқай бастаған шағы. Бірақ, Бұқар алпыс жасты нақты қарттық деп есептемейді. ырдан белгісіз себептермен түсіп қалуы мүмкін деп топшылауға болады.

Бұқар Қалқаманұлы адамның әр кезеңдегі бейне-болмысын сырттай ғана бақыламайды. Сөзбен өрнектеген портреттерінде өмір белестеріндегі қызықты да, қиындықты да қалтарыста қалдырмайды. Әсіресе, қарттыққа бет бұрған жанның ішкі психологиялық күйі, дәрменсіз халін көрсететін детальдар жыраудың шеберлігін, өмірден түйгені мол сөз зергері екенін аңғартады. Кәрілікті суреттеген төмендегі жыр жолдары осы пікіріміздің нақты дәлелі болары анық:

Бойындағы әлді алар,

Бетіндегі нұрды алар,

Бойындағы шырды алар,

Аузындағы тісті алар,

Қолындағы істі алар,

Өлмегенде не қалар?! [22,95].

Жоғарыдағы жолдардан Бұқар жырау адамға кәрілік жетіп, оған мойынсұнған мезгілін жетпіс жас деп бағамдағанын аңғарамыз. Ұлттық дүниетанмымыздағы кәрілік жас межесін, оны шарасыз мойындай сөйлеуді ақын-жыраулардың шығармаларынан жиі аңғарамыз. Мысалы:

Жетпісте жер таянбай тұра алмассың,

Дауасыз бұл кәрілікке не амал бар[22,94].

(Шал Құлекеұлы)

Жетпіс беске келген соң,

Сексен беске жеткен соң,

Ұлың жүрер ұялмай,

Қызың жүрер тіл алмай,

Сол мезгілде жүрерсің

Белге соққан жыландай [22,243].

(Шернияз

Жарылқасқы)

Адамның физиологиялық, психологиялық даму ерекшеліктерін табиғи заңдылықтармен түйіндеп, философиялық тұжырым жасаған Бұқар өмір белестерін дөп басып, шынайы суреттеген. Жырау кәрілікпен бірге келетін қиындықтарды, ішкі күйзелісті шебер бейнелейді. Бірде қайта оралмас дәуренін сағынып, әл-қуатының кемігенін баяндаса, енді бірде отбасынан ұзап шығудың мұң болғанын, ел ісіне араласудан шет қалғанына өкініш білдіреді. Бұл толғауларда адамның әр жасқа сай адам мүмкіндіктері, көзқарасы, парасат-пайымы жан-жақты ашылған.

Бұқар тоқсан жасқа қатысты тұжырымын *«ажалдан басқа жоқ екен»* деп бекіткен. Бұл - кәрілік жеңіп, бақилық өмірге бет бұрған пендеге қатысты байлам. Автор өмірдің өткіншілігі, дүниенің опасыздығы туралы ойын осы сөзге сыйғызған. Бұлжымас өмір заңдылығын баяндап отырса да Бұқар өлімді адамның ізсіз кетуі деп есептемейді. Оның пайымында өлім – өмірдің соңы емес. Ол адамның жақсы амалдары, адамгершілік істері ұмтылмайды және жаспен өлшенбейді деген ойды ортаға салады. Ажал құрығының кімге және қашан түсерін ешкімнің болжап білмесін бағамдаған жырау әрқашан адамдық негізден айнымау қажеттігін ескертіп отырады. Ойшыл тұлға тіршіліктің соңғы белестерін *«адамның мақсаты, өмірдің мәні не?»* деген философиялық көзқарасын да ортаға салады. Бұқар тұжырымында ол – адалдық, адамгершілік, сыйластық. Үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру. Жарық дүниеге әкелген ата-ананды қадірлеп, ел үшін қызмет ету.

Жыраудың ерекше ден қойған өмір белесі – *жиырма бес жас*. Бұқар Қалқаманұлы – бұл жасты ер жігіттің ата-ана, халық алдындағы парызын пайымдап, рухани-адамгершілікті жүрек төріне шығарар уақыты деп бағалаған және жеке тақырып ретінде жырға қосқан тұңғыш жырау. Жырау *«Атан болған жиырма бес»* атты толғауында бұл жасты жалынды жастықтың шоғы сөнбесе де, сезімді ақылға билетуге бет бұрған кезең деп есептейді. Толғау алғаш рет 1942 жылы С. Мұқанов пен Қ. Бекхожин құрастырған хрестоматияда басылған. Кейінірек *«Алдаспан»* (1970), *«XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы»* (1982), *«Бес ғасыр жырлайды»* (1989) жинақтарында, *«Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет»* (1993) хрестоматиясында жарық көрді. Ал, *«Атан болған жиырма бес»* деген жолдар *«Үш ғасыр жырлайды»* жинағында *«Арам болған жиырма бес»*, Пекинде жарық көрген жинақта *«Бура болған жиырма бес»* деп берілген. Пекин нұсқасында *«Асау талқан бұздырған, Арам болған жиырма бес»* деген жолдар да бар. Біздің ойымызша, бұл жинақтардағы жиырма беске қатысты айтылған теңеулер әлі де нақтылауды қажет етеді. *«Асау талқан бұздырған»* деген жолдар *«асау талқы бұздырған»* болуы керек. Талқы – теріні жұмсартатын айыр ағаш. Тіліміздегі *«Талқыға түсті»*, *«талқыға салды»* деген тіркестер де бұл сөздің о бастағы мағынасымен үндес. Егер толғаудағы

«талқан» сөзінің орынына «талқы» қолданылса, жиырма бестегі жігіттің жастық жігермен жасаған кей іс-әрекетінің сын тезіне түсерін меңзейді.

Бұқар жырау жол салған бұл тақырып Базар Оңдасұлының шығармашылығында дәстүрлі жалғастығын тапты. С.Сейфуллин «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы Базар жырау» деп бағалаған Сыр сұлейі жиырма бес жасты:

Екі ауылдың арасын
Қиқулатқан жиырма бес,
Бұғалықсыз асауды,
Құр-құрлатқан жиырма бес[43,115],-

(Базар Оңдасұлы)

деп тарқатады. Базар да адамның әрбір жастағы көңіл керуенін, жан дүниесін, күш қуатын дөп басып жырлаған. Дүниенің баянсыздығын ескертіп, жастық шақты бос өткізбеуге шақырған жырау өмірдің мәнін түсіну үшін сипаттайды. Ғалым С.Қосан жыраулар ойындағы үндестікті «бұл үзінділерден көретініміз, екі жырау да әрбір екінші тармақта «жиырма бес» сөзін қайталап отырған. Мұнда, біріншіден, аталмыш сан шығарманың басты тақырыбы болса, екіншіден, оның қайталануы жырдың екпінін күшейтеді, әрі сол сөзге жұртшылық назарын аудару арқылы жастық дәуреннің келбетіне сай толғаудың ішкі динамикалық қуаты мен эмоциялық әсері де арта түскен» [44,167] деп түйіндейді.

Жиырма бес жастың қайта оралмас жалынды шағын XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері жырға қосты. Олар да бұл жасты жан азығын іздеуге бет бұрған, адамгершілік қасиетті қастерлеген тұлғаның тұғыры деп таныған. Бұл жөнінде көрнекті ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Бұқар шығармашылығы өзіне дейінгі және кейінгі дәуір ақындарымен туыстасып, жалғасып жатыр. Ол қазақ поэзиясының желісінің бір сарынын танытады. Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар да Бұқар шығармашылығымен үндес келетін әрі ақын, әрі жыраулардан саналады» деген пікір білдіреді[12, 345].

Бұқар Қалқаманұлының өмір белестерін түйіндеген философиялық тұжырымдарын хан Абылайдың жеткен биігін әр жасындағы оқиғалармен сабақтасырып, сабырға шақырған сөздерінен де аңғарамыз. «Ай, Абылай, сен он бір жасында, Тұрымтайдай ұл едің» деп сөз бастаған Бұқар оның өмір белестерін тізбектей айта отырып, алты алаштың айбынына айналған ханның өткен күндерін есіне салады. Ел ықыласына бөленген бүгінгі күні мен балалық шағында көрген қиыншылықтарын қатар қойып, сабырға шақырады. Осы толғауында сүйектен өтер салмақты сөз айтқан Бұқардың мақсаты – ханды тұқырту емес, оның назарын халықтың тілегіне бұру. Себебі, Бұқар рухани-адамгершілік құндылықтарды хан тағынан жоғары қойды. Осы орайда профессор Ж.Тілеповтың «Абылай хан жайлы онымен тұстас та, кейінгі кезең жыраулары мен ақындарының да мадақ-мақтау шығармалары аз болмаған. Бірақ, осы орайда бір ескерер нәрсе – ол тек жағымды бейне ретінде ғана кейіптелген адам емес. Өйткені, оның өзінің өмірде, тұрмыста

қандай қылықтар, әрекеттер, мінездер көрсетуіне сәйкес оған деген авторлар қатынасы да құбылып, өзгеріп отырған» деген пікірін де ескерген жөн[18,90].

Қазақ халқының тағдыры, оның болашағы бұлыңғыр болып тұрған шақта хан қабылдаған әр шешім маңызды. Ашуға бой алдырмай іс қылғанда ғана көрші елдердің жымысқы саясатына жем болмасын айтқан Бұқар Абылайға сыртқы саясаттағы ұстанымдарына әрқашан байыппен қарауды ескертеді. Қарт жырау одан әрі ханның даналығын, алты алаштың айбынына айналған асқақ тұлғасын:

Отыз жасқа келгенде
Дүниеге кең едің;
Отыз беске келгенде,
Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сең едің.
Қырық беске келгенде,
Жақсы-жаман демедің;
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің [22,94],-

деп ақ киізге отырғызып, хан көтергеннен кейінгі Абылайдың ел үшін жасаған жақсылығын, ерлігін паш етеді. Бұқар Абылай ханның жан дүниесіне де терең үңіліп, оның адами болмысын, рухани кемелдікпен тоғысқан тектілігін көпке үлгі қылған. Ханның адамгершілігі (дүниеге кең едің), батырлығы (шайқалып аққан сең едің), көркем мінезі (жақсы-жаман демедің), көсемдігі (үш жүздің баласының басын қосуы) әр жасында атқарған келелі істерімен дәйектеліп суреттелген.

Бұқар Қалқаманұлының «*Абылай-ау, Абылай*» атты толғауында тарқатылар ой да жоғарыдағы туындымен сарындас. Автор бұл шығармасында да ел тізгігін алған Абылайдың астамшылыққа бармай, халықпен санасып отыруын басты назарда ұстайды. Хан тағына көтерген қалың елдің үмітін өшірмей, тура жолдан таймауын тілеген жырау аталы сөзінде «*Атаңның тегін сұрасаң, Арқар ұранды жат едің, Қай жеріңде төре едің?*» деп тығырыққа тірейді. Бұл - Бұқардың батылдығын, әділдігін дүйім жұртқа паш еткен сөздер. Бұқар ел білетін осы деректі Абылайға тағы бір қайыра айта отырып, халықтан биік ешкім жоқ екенін ескертеді. Ханды сабасына түсіру, қайрау, қаһармандығын дәріптеу алма-кезек ұласа келе, жыраудың Абылайға қойған талабына жалғасады.

Бұқар толғауларында рухани-адамгершілікке негіз болар тұғыр – *тек, тектілік*. Автор елге тұтқа болар ер, жақсы жар, жақсы мен жаман, ар-ұят туралы ой-тұжырымдарын осы ұғымның аясында қарастырады. Жырау тек категориясын әлеуметтік статустан немесе тұқым қуалау деген түсініктен биік қойған. Оның пайымындағы тектілік – хан әулетіне қатысты қалыптасқан дәстүрлі таным шеңберінен шыққан, адамгершілік пен рухани құндылықтың темірқазығы. Дегенмен, Бұқардың кей толғауларында адам

болмысындағы жаман қылықтарды оған қанмен берілген мінезімен байланыстыру да кездеседі. Мысалы «Жал құйрығы қаба деп» деген толғауында жырау:

Жаманнан жақсы туса,
Жақсыдан жаман туса,
Тартпай қоймас негізге [22,91], –

деп адамдық негіздің арнасын тек тәрбиеден ғана емес, тек-тұқымынан іздеген. Абылайдың ақылшысы болған Бұқардың бұл тұжырымын «*Иштен қыңыр туганды, Тезге салсаң түзелмес*» деген жыр жолдарынан да аңғарамыз. Сөз асылын саралаған жырау адам бойындағы кейбір әдеттерді туа бітті мінезбен байланыстырады. Алайда автор оны ешқашан өзгермес дінгек деп біржақты қабылдамай, рухани кемелдікке жол іздейді.

Бұқардың толғамдарында тек феномені адамгершілік ұстанымдармен жалғасып, отбасылық және әлеуметтік институттардың аясында баяндалған. Жырау ел басқарып отырған адамдардың жан дүниесі таза, ар-намысы жоғары болса ғана ұлт болашағы баянды болады деп ой түйеді. Ақындар поэзиясындағы дидактикалық сарынды зерделеген ғалым Қ.Мәмбетов: «...Адамзаттың ізгілік жолындағы игі қадамдарына сөз өнері арқылы бағдар беру замандар бойы жалғасып келеді. Қазақтың ежелгі түркі дәуірі ескерткіштері және жыраулар поэзиясы кезеңдеріндегі дидактикалық поэзия сарындарын біз өркениеттер дамуындағы тарихи поэтика заңлықтары тұрғысынан бағалаймыз» [45,10] деген пікірі де жоғарыдағы оймызбен сабақтас. Кісі ақысын жеу, біреудің үстінен пайда көру секілді қазақ қоғамына жат көріністердің көбейіп келе жатқанына алаңдайды. Сондықтан тарих сахнасында үлкен орыны бар, саяси биліктің бір бұтағына айнала бастаған билердің әділ де таза сайланып, бұқараға адал қызмет етуін:

Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жобадан,
Атасыздан би қойсаң,
Босанбас аузы парадан [25,110],-

деген жолдармен жеткізген. Бұл жолдардағы «аталыдан», «атасыздан» деген сөздер тек ұғымымен астасып, адамгершілік пен арсыздықтың баламасы ретінде қолданысқа түсіп тұр. Абыз жырау сол тұстағы билер институтының жүйесіне сызат түсіп, жегі құрттай жей бастағанына алаңдайды.

Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік туралы ой-толғамының тұғыры – ел ұстайтын *Ер мен жақсы жар*. Жыр жампозының толғауларында олардың бойындағы ізгілік мұраттар, көркем мінез бір-бірін толықтырып отырады. Сондықтан Бұқар шығармаларында тегіне қарап алған *жақсы жардың* қасиеттері отбасылық деңгейде қалмай, тұтас ұлттың абыройы ретінде айшықталды. Оның пайымында жақсы жар ұрпақ жүрегіне ізгіліктің дәнін егіп, рухани иммунитетін қалыптастырды. *Ер*-қазақ қоғамындағы құндылықтар жүйесін қорғаса, *жақсы әйел* оны дамытып, ұрпақ бойына сіңіру функциясын атқарды.

Жыраулар поэзиясында ел басқарып отырған хандардың тәрбиелі жерден қыз алуы тұтас қазақ қоғамының назарында болды. Бұқар да осы ұстанымды қолдап, Абылайдың ата жолынан ауытқымауын ескертеді:

Ай, Абылай, Абылай!

Қатын алма қарадан,

Қара тумас сарадан [22,100],-

деп сөз саптаған Бұқар жырау да өнегелі қыз ғана алдағы өмірінің құт-берекесіне айналарын меңзейді. Жыраудың «*қатын алма қарадан*» деп отырған кеңесі – тәрбиесі кемшін әйелден сақтандыру. Толғаудағы «*қара*» сөзінің мәні оның әлеуметтік жағдайына қатысты емес, ұшқан ұясынан көрген өнегесі екенін Бұқар «*Қатын алсаң қарадан, алды кетпес баладан, арты кетпес жаладан*» деп нақтылай түседі. Автор жар таңдау мәселесін жеке бастың құзырында қалдырмай, ұлт болашағының бағдары ретінде топшылайды. Адамдық қасиетін сақтаған сапалы ұрпақ қана қазақтың қабырғалы ойын айтар ұлан болады деп есептеген Бұқардың бұл тұжырымы Асан қайғының хан Жәнібекке:

Қатын алдың қарадан,

Айырылдың хандық жорадан.

Ел ұстайтын ұл тумас,

Айырылар ата мұрадан.

Мұны неге білмейсің?! [22,24]-

деген датын еске салады. Араға түскен үш ғасыр бабалар дәстүрін жалғастырған Асан қайғы мен Бұқардың байламды пікірін өзгерткен жоқ.

Бұқар «*Қалың малы арзан деп, жаман қатын алмаңыз!*» деген пайымын Асан қайғы айтқан жолға сүйеніп, нақтылай түседі. Жырау тәрбиесі кемшін әйелдің азаматқа адал серік бола алмайтындығына ғана алаңдамайды, оның салдарын «*Жаман қатын алсаңыз, топқа кірер ұл тумас*» деп ұлттық, елдік мәселелерге ұластырады. Сөз зергерінің пайымында - ел мүддесі үшін күресер ер жақсы жардан ғана дүниеге келеді.

Бұқар поэзиясында «*ер*» ұғымының мәні жаугершілік уақыттағы батыр тұлғаларды танытумен ғана шектелмейді. Қабанбай, Бөгембай т.б. секілді жаужүрек ұлдарын ұлықтап, солардың бойындағы ерлік пен адамгершілікті, имандылықты үлгі етеді. Ертеңін ойлаған елдің үмітін жалғар текті азаматтың көп болғанын тілейді. Жырау танымындағы *Ер* - рухани кемелденген тұлға. Асан қайғы жырлаған «*ел ұстайтын ер*», Бұқар толғаған «*топқа кірер ұл*» – жауға қарсы қол бастар батыр ғана емес, жүрегі иман нұрына толған азамат. Екеуі де ел мүддесін биікке көтеріп, анадан адал сүт емген ұланның дүниеге келуін тілейді. Таным көкжиегі кең, тұғыры биік тұлға ғана халыққа қызмет ететінін баяндайды. Ал, мұндай болмыс тал бесіктен, жақсы жардың жан дүниесінен ғана нәр алады. Сондықтан автор бұл мәселеге бір отбасының ауқымында, тар шеңберде қарамай, рухани құндылық, мемлекеттік мүдде тұрғысынан баға берген.

Жыраудың сол тұстағы батырлардың ерлігін көпке үлгі ете сөйлеуі де осы пікіріміздің дәлелі. Бұқар толғауларында жоңғар-қалмақтармен соғыс

кезінде ел азаттығы үшін күрескен ерлер туралы көп мәліметтер бар. Автор Бөгембай, Қабанбай, Баян, Наурызбай т.б. қаһармандығын рухани-адамгершіліктің биік шыңы ретінде дәріптейді. Жауға қарсы қалың қолды бастаған батырлардың бойындағы елді сүю, ұлтқа қызмет ету секілді қасиеттерді қазақ отбасының құндылығы ретінде бағалайды. Бұқар ел ардақтаған есіл ерлердің Абылай ханның жанынан табылып, Қалдан Серенмен соғысқандағы жорықтарын:

Қалданменен ұрысып, Жеті күндей жүрісіп, Сондағы жолдас	Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Жібекбай қасында, Бақ, дәулеті басында
адамдар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Тігеден шыққан Естербек,	Секербай мен Шүйбекбай, Таңсық қожа, Мамыт бар, Қасқарауұлы Молдабай, Қатардан жақсы қалдырмай, Айнақұл Бәти ішінде, Өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты

[22,24],-деп суреттейді.

Бұқар толғауларында Бөгембай батырдың бейнесі ерекше сомдалған. Жауға қарсы жорықтарда талай ерлік көрсетіп, қазақ қолын бастаған қаһарманның дүниеден озғанын:

Қазақтың ханы Абылай!
Абылай ханым, бұл қалай?!
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны,
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай! [25,118],-

деп жеткізген Бұқар сөздерінде батырдың бекзат болмысы, рухани-адамгершілігі, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойған қасиеті керемет ашылған. Халық танымында қазаны естірту, тұспалдап жеткізу дәстүрі бұрыннан бар екені белгілі. Қазақтың асыл ерінің өлімін Абылай естіртудің ауыр міндетін Бұқар жыраудың атқарғаны да оның ханның да, елдің де алдындағы абыройын көрсетеді.

Бұқар Қалқаманұлы – жыраулар поэзиясында жақсы жардың бойындағы ерекшеліктерді детальды түрде сипаттаған алғашқы сөз зергері. Ол өз толғауларында ерге серік болар асыл жардың *қасиеттер жиынтығын* сөзбен өрнектеді. Жырау бұл қасиеттерді жалпылама айтпайды. Әрине, сонау оғыз дәуірінен сыр шертетін «Қорқыт ата кітабы» [46] мен ортағасырлық әдеби жәдігерлердегі жақсы әйел мен жаман әйелдің

қасиеттерін ой талқысына салған тұжырымдар бар екені белгілі. Бұқарға дейін Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың толғауларында да әйел адамның көркем мінезі мен жан сұлулығын саяттаған жолдар кездеседі. Бірақ бұл тақырыптың Бұқар толғауларындағыдай кең көлемде ашылмағанын аңғару қиын емес.

Алладан алты алаштың баянды ғұмырын тілеген Бұқардың:

Ардақтаған аяулың.

Күнінде біреуге

Тегіннен тегін олжа болмасқа[22,83],-

деп сұрауы да – жеке бастың сүйіспеншілігі емес, тұтас қазақтың құт-берекесін қорғаудан туған тілек. Бұқар бұл тілегін тағы бір сөзінде «*Ардақтап жүрген бикешің, жылай да жесір қалмасқа*» деп тарқатқан. Қазақ шаңырағына қайғы бұлты төнбесін деп армандаған абыз жырау ажарына ақылы сай, адамгершілігі мол аяулы жардың сымбатын:

Үлдемен басын ораған,

Семсермен шашын тараған,

Қиғаштап қасын қараған,

Күлгенде күрек тісі қасқайған,

Қынай да белін буынған,

Ол не болар ерден соң[22,84],-

деп шебер суреттейді. Жырау жан сұлулығына сымбаты сән берген бикештің әдепті қылығы мен мінезін қалың бояусыз баяндай отырып, аяулы жардың бейнесін сәтті сомдаған. Бұл жолдар әйел адамның қазақ қоғамындағы орнын айқындай түседі. Бұқар толғаулары жаугершілік уақытта ер-азаматтармен бірге атқа қонған қазақ аруларының бойындағы адамгершілік, ар-намыс ұлт абыройының діңгегі болғанын дәлелдейді.

Бұқар жырау – өз заманының тынысын терең сезінген тұлға. Сөз ұстасы жақсы әйелді ер-азаматтың сүйеніші ғана емес, оның ел алдындағы абыройы ретінде бағалайды. Мысалы, асыл жардың адамгершілігі мен ақылдылығын, қиын сәттерден жол тауып шығар қасиетін жырау:

Ұрғашының жақсысы,

Әб жыландай есіліп,

Боз жорғадай бұлғаңы,

Қырға шықсам көрер деп,

Пана тұтар жылғаны [25,106], -

деп сипаттаған. Өз толғамын бейнелі сөзбен кестелеген жырау оның биязы мінезін, іс-әрекетін су жыланының ғажайып икемділімен салыстырған. Үлкенге де, кішіге де қадірлі, үй ішінің құт-берекесін сақтаушы жақсы әйел осы құрметке жібектей есілген мінезімен, кең пейілімен жетеді. Сондықтан жырау жақсы жардың парасат-пайымын, көз сүйсінер қимылын әб («әб»-су») жыланның пластикасымен қатар қоя отырып пайымдайды. Автор бұл образды боз жорғаның бұлғаң жүрісіне де теңейді. Бұл теңеу де жақсы әйелдің еріне серік болар ақ пейілін шынайы танытатын штрихтар. Сөз зергері үлкен ас-жиындарда шара-шара қымыз

бен сорпаны тамшысын тамызбай бабымен жеткізер су жорғаның жүрісін шаруасын сыпайы мінезі, әдемі жүрісімен-ақ тындыратын асыл жардың бойындағы қасиеттің біріне балаған. Бұл теңеулер Бұқардың табиғат құбылыстарын, халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігін жетік білгенін аңғартады.

Ел бірлігін ойлаған Бұқар әйел бойындағы асыл қасиетті алашты алға жетелер рухани қуат көзіне балайды. Оның тұжырымында әйел – тек ер адамның серігі ғана емес, ұлт тәрбиешісі. Бұқар Қалқаманұлының:

Жігіт жақсы бола алмас,

Алғаны жаманы болған соң [22,84]?-

деген пайымы да жоғарыдағы пікірімізге дәйек болары анық. Осы сөздің адам болмысын білдірер кең қолданыстағы аясын Асан қайғының:

Мінезі жаман адаммен

Енді қайтып жуыспа [22,26],-

деген жыр жолдарынан да аңғарамыз. Бұқардың сөз саптауындағы «алғаның» деп салмақтай түскен жолдың мағынасы да «текті, көргенді жердің қызы» дегенді аңғартады. Жыраулар поэзиясында алғаш рет сүйген жары туралы:

Алғаным Әли ағаның қызы еді,

Қас арудың өзі еді [22,33],-

деп баяндаған ер Доспамбет те осы сөздің астарына аяулы адамының иманын, рухани адамгершілігін сыйғызған болатын. Болашақ жарының өсіп-өнген жерін, тәрбиесін «алғаны» деп сипаттау дәстүрі XIX-XX ғасыр басындағы ақындарға да тән. Мысалы:

Бұқар Қалақаманұлының пайымында сыртқы сұлулық әйел болмысын толық таныта алмайды. Автор ажар-көркі ішкі жан дүниесімен үйлесім тауып, жүрегі ізгілік пен мейірім шуағына бөленген әйел ғана жақсы болады деп есептейді. Адамгершілік қасиет оның іс-әрекетінен, кішіпейілдігінен көрінеріне тоқталған Бұқар *«Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда»* деп кесімді пікір айтады. Жырау «қылық» ұғымының аясына қыздың биязы мінезін, әдептілігін, ибалылығын сыйғызған. Жырау жақсы жарды ұлттың рухани кодын сақтаушы, кейінгі ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайды.

Бұқар қазақтың іргелі ел болуы ана тәрбиесін көрген саналы ұрпақпен байланысты екенін әрқашан еске салып отырады. Автор әйел-ананың ұрпақ жалғастырудағы миссиясына да арнайы тоқталған. Жырау оны табиғи заңдылық тұрғысынан ғана қарамайды. Себебі, жан-жақтан анталаған жаудың тұтқиылдан жасаған шабуылдары жоңғарлармен қиян-кесті соғыста талай ердің мерт болып, талай шаңырақтың қайғы жұтуы қазақ халқының демографиялық өсіміне де үлкен қатер төндірді. Жер бетінен ұлт ретінде сақталып қалу немесе жойылып кету мәселесі көтеріле бастаған шақта дүниеге келген әр перзент – тек бір отбасының ғана қуанышы ғана емес еді. Сондықтан, Бұқар жарық дүниенің дидарын көрген әр баланы елдің қорғаны,

ұрпақтың жалғастығы деп бағалады. Бұл тұжырымын «Келіншекке жарасар, емшектегі баласы» деп ұлттық мұраттармен сабақтастырған.

«Құбылып тұрған бәйшешек» атты толғауындағы Абылайға айтқан кеңесінде «Жақсы әйел ұл туса, Патшадан болмас кемдігі» деп дүние есігін ашар перзентті тәрбиелі, ибалы әйелдің әкелсін деген қабырғалы оймен түйіндейді.

Жырау жақсы әйелдің бойындағы ерекшеліктерді айшықтау үшін оны жаман әйелге тән қасиеттермен салыстырады. Автор осы салыстырулар арқылы жақсы жардың жан дүниесінің тазалығын, кең пейілін, еріне адалдығын, т.б. ерекшеліктерін биікке көтереді. Мысалы, жоғарыдағы толғауында рухани-адамгершілігі төмен, сөз қуған әйелге «*Ұрғашының жаманы, өсек-дүкен құрғаны*» деп баға берген. Бұқар бірді-бірге шағыстырып, отбасының берекесін кетіретін кесір мінезді әйелден сақтандыра отырып, өсектің зина мен ұрлықтан да ауыр күнә боларына тоқталады. Жырау бұл тұжырымын шарифатты заңдарына, Құран аяттарына сүйеніп тарқатқанын аңғару қиын емес.

«*Қара арғымақ арыса*» атты шығармасында да жаман әйелдің кесірлігін әшкерелей түсіп, «*Һәммәтлі туған есіл ер, Күнің қараң кешерде*» деп ескертеді. Жырау жаман әйелдің жиынтық бейнесін тек оның шайпау мінезімен, ащы тілімен ғана емес, іс-әректімен (олақ, салақ т.б.) де бейнелейді:

Киім тіксе ол қатын,
Жағасы кетер жалпып,
Етегі кетер салпып,
Үлгі болмас пішерге [22,102].

Бұқар жақсы-жаман қасиеттерді салыстыру арқылы рухани-адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі отбасы тәрбиесі екендігіне ерекше мән берген. Осы қасиеттердің түп негізін имааннан іздеген Ақтамберді жырау «*Екі жаман қосылса, Күнде жанжал, күнде шу, Ұяларлық ар бар ма?*» деп пайымдайды. Бұл жолдарда мән бере қарайтын тұсымыз - ар мен ұят ұғымдары. Жырау бұл ұғымдарды синонидік мағынада қабылдамай, екі категория ретінде жеке-дара көрсеткен. Яғни, ар – ұятты туғызушы фактор. Автор осы ұғымдарды жеке-жеке көрсете отырып, ер мен әйелдің бойынан табылуы тиіс ізгі қасиеттердің бір нүктеге тоғыстырған. Ол – ар. Осы орайда Бұқар толғауларында ар категориясының діни сарындағы шығармаларында («Алла деген ар болмас») көрініс тапқанын айта кеткен орынды. Бұқар әйелі жаман ердің өмірі өкінішпен өтіп, ел алдында жүзі жарқын болмасын:

Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның [22,90],-

деп сипаттайды. Жыр жампозының бұл тұжырымын «*Ай не болар күннен соң*» атты толғауындағы «*Жігіт жақсы бола алмас, алғаны жаман болған соң*» деген жолдарынан да аңғарамыз.

Жыраулар поэзиясындағы арналы тақырыптың бірі – ұрпақ тәрбиесі. Дүниеге келген перзенттің рухани-адамгершілігі мол, иманды азамат болып өсуіне қазақ қоғамындағы институалдық жүйе (отбасы, ақындар, ақсақалдар, билер т.б.) түгел атсалысты. Бұқар Қалақаманұлы да өз толғауларында осы тақырыпқа кеңінен тоқталған. Хан ордасындағы мемлекеттік мәселелерді ұрпақ болашағымен байланыстарған жырау ұлт тағдырының бір күндігін емес, мың күндігін ойлап тұжырым жасайды.

Адамзаттың баласы
Атадан алтау тумас па,
Атадан алтау туғанмен,
Оның ішінде біреуі арыстан болмас
па[22,102]!-

деген жырау жас ұрпақтың адамгершілігі мол, алғыр болуына мән берген.

Автордың пайымдауында ұрпақ – қазақ отбасында дүниеге есігін ашқан әр бала тек ата-ананың көз қуанышы ғана емес, халықтың келешегі. Өмірге келген перзенттің ата баласы болмай, адамзаттың баласы болғанын тілеген жырау саннан сапаға өткен ұлт құндылығын айқындайды. Бұқар жырау «біреуі арыстан болмас па?» деп даралап көрсетіп отырған тілек – отбасы институтының ең басты межесі. Алты алаштың тірегіне айналар тұлғаның образын жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Шалкиіз Тіленшіұлы:

Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүр ерлер!
Һәрбірінің баласы
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар [22,43], -

деп бейнелеген болатын. Екі алып империяның ортасында жиі-жиі жоңғар-қалмақ басқыншылпарының шапқыншылығына ұшырап отырған кезеңде әр отбасының тағдыры қыл үстінде тұрды. Қолына найзасын алып, атқа қонған ер-азаматтардың оралмауы отбасындағы ұрпақ тәрбиесін тағдыр талқысына салды. Талай ана арысынан айрылса, талай бала әкесіз жетім қалды. Абыз жырау бұл мәселеге:

Әкелі бала – жаужүрек,
Әкесіз бала – сұмжүрек [22,85], -

деп назар аударып, ұл балаға әсер ететін отбасындағы психологиялық ахуалды дөп басқан. Бұқар отбасындағы әкенің рөліне қатысты ойларын бірнеше арнада тоғыстырған: бірінші, елдің тыныштығы, жаугершілік уақытта туған жерін қорғауға аттанған азаматтардың аман-есен оралуы; екінші, дүниеге келген ұл бала тек отбасының ғана қуанышы емес, болашақ елді қорғайтын сарбаз; үшінші, тұлғалық қасиеті биік, адамгершілігі мол, ел ұстайтын ер болуы. Сондықтан Бұқардың «әкелі бала» деген тіркесі тек отбасылық институттың төңірегіндегі мәселе емес, тұтас ұлттық деңгейдегі тұғырлы тұжырым.

Анталаған дұшпанның қитұртқы саясаты ел мінезін өзгертуге, ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік құндылықтарды жоюға мүдделі боларын білген ақын-жыраулар одан әр кез сақтандырып отырды. XIX ғасырдағы зар заман ақындарының шығармаларында анық, нақты мысалдармен айтылған көріністерді Бұқар жырау ертерек болжады.

Өзіңнен туған жас бала
Саудагердей сарт болар.
Өзіңмен бірге туған,
Алаштан бетер жат болар [22,24],-

деп кейінгі қоғамның келбеті өзгерерін, адамгершілік қасиеттер аяққа тапталар алмағайып уақыттың жақындағанын аңғартады. Жастардың адамдық болмысын, кісілік келбетінен көрер кемшілікті өзінің қарттықа қатысты айтқан сөзінде *«Жұмсасаң бала тіл алмай, Қатының қарсы шауып ұялмай, Әр нешік күнің сол болар»* деп түйіндейді. Ғалым Б.Омарұлы атап көрсеткендей «Асан ата айтып кеткен («Мұнан соң қилы-қилы заман болар, заман азып, заң тозып, жаман болар»), Бұқар болжап берген («Күн батыстан бір дұспан, Ақырда шығар сол тұстан») дәуір келіп жеткен соң қазақ ақын-жырауларының өлең-толғауларының тақырыбы өзінен-өзі зар заман ағымына ойысты». [47, 206]

Бұқар Қалқаманұлы перзенттің *ата-ана алдындағы парызын* ұмытпауын рухани-адамгершіліктің негізі деп бағалайды. Жыраудың елдік мәселелерді қозғаған шығармаларында да үлкенді сыйлау, ата-анаға құрмет қалтарыста қалмағанын аңғару қиын емес. Жүрегіне жақсылықтың дәнін еккен ата-ананың қадірін бәрінен де жоғары қоя отырып, олардың ризашылығын алу керектігін ескертеді. Сондықтан ғасырлар бойы үзілмеген ұлттың ұлы құндылығы ел басына күн туып, үзілмесе деген ойын «Тілек» атты толғауында:

Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа [22,82], -

деп баяндаған болатын. Жаумен шайқаста шейіт болған баласының артында *«Тар құрсағын кеңіткен, Тас емшегін жібіткен»* ананың аңырап қалмауын тілеуі де Бұқардың ел қамын ойлаған даналығын көрсетеді.

Бұқар танымында ғаламды тану, оның ғибрат сырына үңілу дүние дидарын көрсеткен ата-ананы сыйлаудан басталады. Автор «Ең әуелі Алланы айт» деген толғауында бұл тұжырымын:

Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді айт.
Тірлікте сыйласқан
Ата менен ананды айт[25,104],-

деп тұлғалық қасиеттің, адам болмысының басты өлшемі ретінде бекітеді.

Ата жолынан айрылу - елдігіңді, ұлттық келбетіңді жоғалту. Бұл-Бұқар жыраудың ұстанымы. Сондықтан да автор кішіге ізет, үлкенге құрмет

көрсеткен қазақ қоғамының қалыптасқан жүйесі мемлекеттің іргетасын бекітетіне сенеді.

Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда
Кімдер де кімнің дейсің белі
бүкіреймес[25,104],- деп адамгершілік қасиеттің тағы бір қырына үңіледі. Жырау «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген халық даналағын да осы жыр жолдарына сыйғызған. Қазақтың «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген ой қазығын да:

Қариясы кімнің бар болса,
Жазулы тұрған хат болар [25,103],-
деген жолдармен де нақтылай түскен.

Жырау сөз қадіріне де жіті көңіл бөлген. Аталы сөздің қадір-қасиетін түйсіну – жақсылыққа ұмтылған адамның, ғибратын сезінген қоғамның келбеті. Бұқар бұл мәселені де адамгершілік биік мұраттармен қатар қойып, ғасырлар бойы сөзге тоқтаған, түйіні күрмелген қиын мәселелерді де бір ауыз сөзбен шешкен қазақтың тағдырымен бірге қарайды. Сөз ұғарлық ер іздейді. Хан алдында да, қара алдында айтылған сөзінен үлгі алып, жүрегіне түсірер жұрттың болғанын қалаған жырау:

Алтындай асыл сөзінді
Қадіріне жетіп бағалап,
Тыңдайтын ер кез болмайды [25,128],-

деп ой түйеді. Жырау толғауларындағы мағынасы терең осындай өсиет сөздердің ғибраты мол, тағылымы терең. Бүтін бір ұлттың дүниетанымы мен дәстүрін жеткізіп тұрған ой тұғырын академик Қ.Жұмалиев: «Бұқар өлеңдерінің саны аз, көбінің көлемі шағын болса да, әдебиет тарихын зерттеушілер үшін керекті жақтары көп. Өйткені, оның бір алуан өлеңдері өз кезіндегі әлеуметтік мәселелерге арналады, кейбір өлеңдері тарихи жағдайлармен байланысты шығарылған. Сонымен қатар, тыңдаушы, оқушыларына ой түсірерлік сөздерінің дидактикалық жағы да сол кездің әдебиетін зерттеушілер үшін аса қажет» деп бағалаған болатын. [48, 263]

Қорытындылай келе, Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік туралы толғамдары елдік мүддемен сабақтасып, жыраулық поэзиясының көкжиегін кеңейткен тың тақырыптарға жол ашқанын аңғарамыз. Оның философиялық ой-тұжырымадары қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және отбасылық институттардың бағыт-бағдарын айқындады. Абылай хандығының иделологиясы сөз асылын саралаған Бұқар жыраудың толғауларындағы сарабдал оймен бекіді. Ғасырлардан ғасырларға жеткен құндылықтарды тек өз заманына ғана жекізіп қоймай, кейінгі ұрпаққа да аманаттаған жырау көтерген мәселелелер бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

1.2. Бұқар толғауларындағы рухани-адамгершілік мұраттардың ислам дінімен үндестігі

Бұқар Қалақаманұлының толғауларында қазақ даласындағы ізгілік мұраттар, адам болмысы ислам құндылықтарымен айшықталды. Рухани жағынан кемелденген қоғам ғана ұлт ретінде сақталып қаларын терең түсінген жырау адамгершілік қағидаларын ислам дінімен бекіте түсті. Сөз зергері Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалғиіз жыраулардың толғауларындағы ой-тұжырымдарға шариғат заңдарымен нәр берді.

Бұқар толғауларындағы діни сарын – дала философиясымен үндескен даналық ойдың қазынасы. Жырау қазақ халқының болашағына бағдар болар Алланың ақиқат жолын үнемі насихаттап отырды. Адамгершіліктің асыл арнасын Құран аяттарымен сабақтастыра сөз саптады.

Кеңестік дәуірде діни мазмұндағы шығармаларға қатаң тыйым салынғаны баршаға белгілі. Ақын-жыраулардың ислам тарихын баяндайтын шығармаларының жинақтарға кірмей қалуы немесе қысқартылуы әдеттегі құбылысқа айналды. Дегенмен, діни сипаттағы шығармалардың әдебиетіміздің үлкен бір арнасы екендігіне тоқталған М.Әуезов: «Дін өлеңдерін, қиссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндар да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп, ұғынып түсіну үшін, жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек, қазақтан бұрынғы парсы, оңтүстік түріктері, шағатай, татар әдебиеттерін шолып өту керек. Сондықтан бұл өлеңдерге бөлек бір қызмет арнамақ болып, мына кітаптың ішіне әдейі кіргізгеніміз жоқ» [6,10],- деген болатын.

Абылай салған сара жолдың басты идеологы болған Бұқар қазақ даласына жалаң уағызды емес, діннің ішкі нұрын, рухани-адамгершілікті ұлықтады. Бұл кезеңде адамгершілік-моральдық принциптер ата-баба дәстүрімен де, дін хикаяларымен де тарап жатқан болатын. Дін тарихы тек мешіттердегі уағыздарда ғана емес, ақын-жыраулардың шығармаларынан да көрініс бере бастады. Дегенмен, Асан Қайғының (*Нәпсі алдаушы дұспанның, Насихатын алмағыл*), Қазтуғанның (*Мұсылман мен кәуірдің, Арасын өтіп бұзып дінді ашқан*), Доспамбеттің (*Ер Мамайдың алдында, Шаһид кештім, өкінбен*), Шалғиіздің (*Ибраһим Халил жасапты, Ғазырейіл – жан алмаға қасапты*) толғауларында азды-көпті кездескен діни түсініктер болмаса, Бұқарға дейінгі жыраулар поэзиясында ислам негіздері автор идеясының тұғырына айналған жоқ. «Мұсылманша сауатты болған Бұқардың тілінде қазақтың өзге жырауларына қарағанда, араб-парсы сөздері көбірек ұшырасады: кітап, енжіл, кәләм, ақ (хақ), хат, баһар, мейман, иман, лауқы, Дәуіт, қалам, нәубат сияқты сөздерді өзгелерден көп кездестіреміз» [39, 143]

XVI-XVII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында Жаратушы Алла Тәңірі деген көне түрікілік ұғыммен берілді. (Мысалы: *Доспамбет «Тәңірінің өзі берген күнінде Хан ұлынан артық еді менің несібем»*; Шалғиіз

«Телегейдей сайқалтып, Жарқыраған беренді Теңіз етсе, Тәңірі етті!»). Бұқар толғауларында он сегіз мың ғаламның иесі негізінен Алла деп берілген. Бұған XVIII ғасырда ислам дінінің дәстүрлі дала философиясымен синтезделіп, кеңінен насихаттала басталуы себеп болды.

Бұқар Қалқаманұлының толғауларында ислам образдары мен құндылықтарының жиірек байқалуының бірнеше себебін атап өтуге болады:

1) Діни сауатты болуы (Кей деректерде Бұқардың «Көкалташ» медресесінен білім алғандығы айтылады)

2) Сыртқы көршілердің отарлау саясатына рухани иммунитеті, яғни иманды күшейту арқылы қарсы тұруды мақсат етуі;

3) Дәстүр жалғастығы (Бұқар өз заманына дейінгі сөз өнеріндегі дәстүр жалғастығын, орта ғасырларда жазылған Қожа Ахмет Иасауидың, Ахмет Иүгінекидің, Ж.Баласағұнидің еңбектеріндегі ислам негіздерін, ой өзегін қайта жаңғыртты).

Жыр жампозы өз заманының өзгеріп келе жатқанын, рухани-адамгершілік құндылықтардың көмескілене бастағанына алаңдады. Бес қаруын сайлаған батырларға, алаштың айбынына айналған Абылайға ақылман бола жүріп, елдің ауызбіршілігін нығайтар жол іздеді. Қара күшке найзаның ұшымен, білектің күшімен төтеп беру мүмкіндігі жоқ екенін бағамдаған Бұқар ғасырлар бойы жырмен сусындап келе жатқан жұртына адамгершілікті, имандылықты насихат етті. Дүние дидарындағы көріністерді қазақтың тұрмыс-тіршілігімен сабақтастырып, салиқалы ойын ортаға салды. Дін тарихынан, шарифаттан сыр шертіп, өз руханиятын биікке көтерген елдің тағдыры ғана баянды боларын өлең сөзімен өрнектеді.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [49,76] деген тұжырымы да осы пікірімізді бекітер байлам. Ал, академик-жазушы М.Әуезов «Қазақ арасына ислам дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған» [6, 203] деп ұлт әдебиеті мен мәдениетінің ұлы арнасы шарифат заңдарының ұласып кеткенін айқындап берген болатын. Ислам құндылықтары ғасырлар бойы қалыптасқан дала философиясымен үндестікте ұрпақ тәрбиесінің, елдіктің, береке-бірліктің іргетасын қалады.

Қазақ халқының дүниетанымы, өмірлік ұстаным-қағидалары, әдет-ғұрыптары мен ырым-тыйымдары шарифат заңдарымен үйлесім тауып, бір арнада тоғысты. Отбасы институтынан саяси институттарға дейін *дін мен дәстүрді сабақтастырған* дара жол қалыптасты. Ұлттың рухани қазынасына айналған фольклорлық мұралар мұсылман баласының бойынан табылуы тиіс құндылықтардың дәнін екті. Сондықтан болар, қазақ халқының діни танымы догмалық тар шеңберде қалған жоқ, аяттар мен хадистерде айтылған оқиға-өсиеттерді өз тұрмыс-тіршілігімен байланыстырып отырды.

Дін тарихын сөз еткен жыр жампоздары Құран сюжеттерін елдік мұратпен, түркілік танымымен сабақтастыра баяндады. Филология ғылымдарының докторы, профессор У.Қалижанұлының «Діни ағартушылық поэзия өкілдері діни схолостиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналыдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрды» [50,256] деген тұжырымы әдебиетімізде ислам негіздерін арқау еткен ақын-жырауларымыздың ұстанымын айқындай түсті. Бұл ретте шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдырдың ортағасырдағы қазақ даласындағы ислами әдебиетті 4 бағытта (Дәстүрлі ислами әдебиет; Ислами астар алған әдебиет; Сопылық әдебиет; Сопылық астар алған әдебиет) жүйелеуі де біздің зерттеуімізге бағдар болары анық. Ғалым өз еңбегінде «Ислами астар алған әдебиеттің негізгі көтеретін тақырыбы – дінді көркем сөзбен үгіттеу. Онда негізінен ислами құндылықтар, тәлім-тәрбие, имандылық негіздері сөз болады. Қайнар көзі – Құран мен хадис. Әдебиет осы екі арнаның негізінде жасалады» [51,16] деп тұжырым жасайды.

Кеңес дәуіріндегі атеистік таным ақын-жыраулар поэзиясындағы діни сюжеттерді сүзгіден өткізіп отырды. Зерттеу еңбектерінде олардың көпшілігі ескілікті аңсаған кертартпа, «кітаби ақындар», «молда ақындар» деген атпен аталып, шығармашылығына біржақты баға берілді. Тек тәуелсіздік таңы атқаннан кейін ғана рухани-адамгершілікті шарифат заңдарымен өрнектеген сөз зергерлерінің мұралары жаңаша көзқараспен сараланып, зерттеу нысанына айналды. А.Қыраубаеваның [52], Б.Әзібаеваның [53] зерттеулерінде ХІХ ғасырда қазақ даласында нәзира дәстүрімен қанат жайған көптеген қисса-дастандардағы оқиға желісі Құран аяттарынан, Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) хадистерінен бастау алатыны жан-жақты сараланды. У.Қалижанның «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық бағыт» атты еңбегі ислам құндылықтарын ұл руханиятының алтын арқауына айналдырған ақын-жыраулар мұрасы туралы тың тұжырымдар жасалды. Қ.Мәдібай [54], А.Жақсылықов [55], Б.Омарұлы [47], А.Шәріп [56], С.Дәрібайұлы [57] т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде хандық дәуірдегі жыраулар мұрасын жалғастырған ақындардың әдеби мұрасы, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері зерделенді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев [3], Базар Оңдасұлы [44], Қарасақал Ерімбет [58] т.б. ақын-шайырлардың шығармашылық мұрасына қатысты зерттеулерде олардың ислам тақырыбындағы терме-толғаулары мен дастандарына тың пікірлер мен пайымдаулар айтылды.

Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы рухани-адамгершіліктің темірқазығы – Аллаға иман келтіру, Оның барлығына, құдіретіне мойынсұну.

Жыраудың даналық ойларына ғасырлардан ғасырларға жалғасқан дала философиясы, қасиетті Құран [59] мен Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) хадистері [60] арқау болды.

Құранның беташар сүресі Фатихада «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. 1); Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. (2)» деп баян етілгендей, Аллаға иман келтірмейінше басқа парыздардың қабыл болуы мүмкін емес. Сондықтан иман - «ғалам-адам» жүйесіндегі уақытқа, нәсілге, географиялық кеңістікке тәуелсіз үйлесімділіктің ең маңызды, ең бірінші алғышарты.

Бұқардың елдік мүддені, рухани-адамгершілік мұраттарды зерделеген шығармаларының бірі - «Тілек» атты толғауы. Бұл туынды алғаш рет «Бірінші тілек тілеңіз» деген атпен 1925 жылы «Таң» журналының №2 санында және С.Сейфуллиннің 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарияланды. Кейін шыққан жинақтардың барлығында жарық көріп келеді. Осы толғауда тарқатылар тілектердің мәні, ой сарыны туралы М.Әуезов «Келешек қандай күйлер әкеледі? Не сыбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бол ма? Жер қайысқан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен аналар аңырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуы мүмкін. Соны сезгендіктен ақын зарлайды. Соның ызғары өткендіктен жыраудың жүрегін қаралы қайғы басады» [6, 204] деген болатын. Академик Қ.Жұмалиевтың: «Елдің бірлігін жырлау Бұқар өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Бұл, әсіресе, «Бірінші тілек тілеңіз» деген өлеңінде мол жырланады. Мұның тарихи негізінде осы еңбектің кіріспесінде айтылған, 1723 –1755 жылдардың ішіндегі қалмақтардың қазақ еліне жасаған қанды жорықтары болды. Көп соғыстардың нәтижесінде ел басына қиын күндер туды. Елдің ел болып қалу, қалмауы оның бірлігіне тірелді. Демек, бұл жағдайларда, Бұқар сықылды әрі ойлы, әрі көпті көрген көне жыраудың бірлік мәселесін көтермеуі мүмкін емес еді. Шындығында да ол елдің бірлігі мәселесіне үлкен мән берді...Бұл өлең Бұқар өлеңдерінің ішіндегі идеясы жағынан ең құндыларының бірі» [48, 266] деген тұжырымы да бұл туындының терең философиялық мәнін көрсетеді.

Толғаудың:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа [22, 82], -

деп басталуы да адам болмысы Жаратушымен бірлікте ғана кемелдікке қадам басарын аңғартады. Жырау танымындағы «Аллаға жазбау» – алдымен иман келтіру. «Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің басты тірегі – осы...Имандылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер сыйып тұр» [38, 194].Рухани-адамгершіліктің асыл арнасынан иманы кәміл адам ғана айнымайды, жамандықтан, күнәлі істерден сақтанады. Адамның ізгі амалы, жан дүниесінің тазалығы жүректегі иман нұрымен ғана жүзеге асады. Бұл – Абылайдың ақ туының астына жиналған алаш баласы Алла қаламаған істерден алыс болса ғана ұлт ретінде сақталып, іргелі ел боларын бағамдаған Бұқар жыраудың толғамы.

Бұқар тілегі – жеке бастың емес, ұлттың, ел болып қалудың тілегі болатын. Сыртқы жаудың ықпалына түсіп, жұтылып кетпеу үшін тек қалың қол ғана емес, қоғамның рухани кемелденуінің маңызды екенін абыз жырау терең түсінді.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік», А.Иасауидың «Даналық кітабы», А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» секілді ортағасырлық әдеби жәдігерлердің өзегі болған имандылық, Жаратушыға деген шынайы сезім, адамның рухани болмысын Бұқар жырау осы тілекпен таразылады. Әл-Фарабидың «Ізгі ниетті қаланың тұрғындары», Ибн Синаның «Әл Мадина Әл Әдиля» («Әділет қаласы»), Ибн Рушдтың «Мадина ал Ахияр» (Ізгі адамдардың қаласы) аты еңбектерінде баяндалатын «кемел мемлекет», «кемел адам» идеясы да Абылай ханның бас идеологы болған Бұқар Қалқаманұлының осы тілегінің өзегі. Сондықтан осы толғаудағы алғашқы тілекті Бұқар жырау қазақ қоғамының қағидасы, рухани-адамгершіліктің негізгі өлшемі ретінде бекітеді. «Бұқар жырау өз замандастарының әдебі мен аһлағын түзетуге ұмтылған ойшыл. Бұқар жырау өз жырларында Аллаһқа ғибадат етуге, иманын көтеруге, рухани тазаруға, пейілді түзетуге, басқа түскен қиындықты қайыспай көтере білуге, адамдық қадір-қасиетті жоғары ұстай отырып, тағдырға налымай, өмірден түңілмей, қандай жағдайлар болмасын сабырлы болу болашаққа деген сенім мен ертеңге деген үмітті сөндірмей әрекет етуге шақырады». [61, 24]

Бұқар жыраудың «Бір Аллаға жазбасқа» деп мінәжат ету сарыны ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлерімізден бастау алады. Мысалы:

Ей, ерікті, күшті мұңсыз, құдайым,
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!
Ұлылық – сен, биік құдірет-күш еңсең,
Сенен бөлек жоқ өзіңмен түсер тең!

(Ж.Баласағұни. «Құтты білік»)

Ей, Алла, көп мінәжат етем саған,
Ең әуел рақымың – мен аңсаған.

(А.Иүгінеки. «Ақиқат сыйы»)

«Аллаға жазбау» тұжырымын Бұқардан кейінгі ақын-жыраулар да жалғастырып, рухани-адамгершіліктің негізі ретінде баяндады. Мысалы, Қаблиса жырау «Ұяттың иман қабы дер, Имандыда ұят бар» деп адамдық болмыстың иманнан, ар-ожданнан бастау аларына тоқталса, Мәшһүр Жүсіп:

«Бір!» деп, «бар!» деп илану – бізге парыз,
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі! –

деп зеделейді.

Хакім Абайдың да:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас,–

деп жаратылыс ғибратының мәнін терең түсіндергені белгілі. Ойшыл ақын бұл тұжырымын жиырма сегізінші қарасөзінде де «Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз» [62] деп бекітеді.

Бұқардың бірінші тілегі Жаратушы алдында күнәға батпайтын халдегі ахуалға негізделген. Оның халқына деген сүйіспеншілігі, қандай қиындықтарға қарсы тұрар қайсарлығы да осы тілектің ішінен көрінеді. Хан ордасының тынысы, жұрттың тіршілігі көз алдында өтіп жатқан жырау Алла қаламайтын істердің көп ішіне жайылып кетпеуін назарға алды. Жыраудың осы тілегінің мәнін зерделеген ғалым О.Жәлел былайша ой түйеді: «...Бұқардың ең бірінші тілегі осы – Досына жазып қалмау, Оның алдында кінәлі болып қалмау; оның әмірін орындай аламын ба деген қорқыныш. Бұл-бірінші тілек, ең маңызды, ең негізгі тілек. Бұл тілек орындалса, қалған тілек орайымен іске асарына жырау бек сенімді» [63, 251].

Осы толғаудағы діни мазмұндағы тілектер кеңестік дәуірдегі еңбектерде қысқартылып, орындары ауыстырылып берілді. Мысалы Қ.Жұмалиевтің еңбегінде:

Бірінші тілек тілеңіз,
Пиғылы жаман залымның,
Тіліне еріп азбасқа [48, 266],-

деп келесі тілектің жолдарымен берілген. Бұл өзгерістер кеңестік идеологияның діни мазмұндағы шығармаларды қатаң сүзгіден өткізіп отырғандығының нақты дәлелі.

Бұқар Қалақаманұлының осы толғауындағы:

Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның,
Тіліне еріп азбасқа[48, 266], -

деген пайым да адамның ақ пен қараны ажыратар рухани болмысының өлшемі ретінде сараланған. Себебі, зұлымдық пен пасықтықтың парқын ажыратқан, иманы берік адам ғана жырау айтқан алғашқы тілекті жүрек төріне шығара алады. Жырау сырт көзге сыпайы көрініп, сұмдығын ішіне бүккен пенденің бет-бейнесін пасық залым деп айшықтаған. Автор сонымен бірге дін атын жамылып, ел ішіне іріткі салуды көздейтін, ұлттық құндылықтарға қарсы пиғылды да ашық көрсеткен.

Бес уақытта бес намаз,
Біреуі қаза қалмасқа[22,82],-

деп тарқатылған тілектегі тұжырым да адамның Аллаға деген махаббатын бекітер мұсылман парызының бұзылмауына арналған. Бұқар жырау бұл тілектің астарына да бірнеше тұжырымды сыйғызған. Олар: адамның рухани болмысы мен иманды жүрекке түсірген жауапкершілігі; Алла бекітен парызды өтер бейбіт өмірдің болуы; жаудың қазақ батырларының намазға жығылған сәтін пайдаланып, қапияда шабуыл жасамауы. Қасиетті Құранның Рум сүресінің аяттарында намаз туралы былай делінеді: *«Ендеше түнеген мезгілде әрі таң отырған уақытта Алланы пәктеңдер. (Түнгі және таңғы намаз). Көктер мен жерде, кешке*

және түскі уақытқа кіргенде барлық мақтау Аллаға лайық» (Түскі, кешкі намаздар).

Дінтанушы ғалым Қ.Жолдыбайұлының: «Құлшылықтың тағы бір мәні – Ұлы Жаратушы тарапынан бізге тегін тарту етілген сан жетпес жақсылық,ризык, нығмет үшін рақметімізді ғибадат арқылы білдіріп, Оның алдында қарыздар екенімізді мойындау»» [64, 215] деген тұжырымы да Бұқар Қалқаманұлының жоғарыдағы толғауында намазға ерекше мән беру себебін салмақтай түседі.

Абылай хан тұсында қазақ халқының басынан өтіп жатқан саяси-әлеуметтік оқиғаларды өз көзімен көріп саралаған Шал ақын да:

Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, Алланы ойыңа алсаң.
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң [23, 105],-

деп өткінші дүниенің жалған қызығына алданбай, адамгершіліктің тірегі болар амалдарға мұқият болуын ескерткен болатын.

Абыз жыраудың ой-тұжырымдары Аллаға деген құлшылықпен, Оны ұлықтаумен көрініс тауып отырады. Жыраудың:

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас,
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес[25, 104],-

деген жыр жолдарынан рухани-адамгершілік мәселелерін жеке адамға айтылған өсиет деңгейінің шеңберінен шығарып, тұтас адамзаттық мәні бар биік мақсатқа көтергенін аңғарамыз. Осы шығармадағы «Алла деген» жолдар - адамның жан дүниесінің тазалығының, адамгершілігінің бағдары. Себебі, Бұқар жыраудың танымында адамдық негізі болған иман жүрекке түскенде ғана нұрлы. Ол тілмен ғана айтылып, амалына айналмаса ақиқаттың тура жолынан адасады. Сондықтан Бұқар қолданысындағы «деген» сөзінің салмағы тілмен емес, жүрекпен істер амалды таразылаған тұжырым. Осы жолдарда назар аударар тағы бір дүние – «ар» феномены. «Ар – жалпы дүние-ғаламның, тіршіліктің жоғарғы , жалпы мәні, яғни ар -кеңістік , ар – уақыт, ар –қозғалыс» [65,174]. Бұқар адам болмысының, өмірдің мәнін осы ұғымға сыйғызып, «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген халық танымымен сабақтастырған. Адам үшін ең қымбат жаннан да жоғары қойған. Сондықтан, Бұқар «ар – иманның, рухани-адамгершіліктің негізі» деген тұжырым жасайды. Ар ілімінің ұят ұғымынан кеңірек мағынаға ие екенін жоғарыдағы тараушада Ақтамберді жыраудың әйел қасиеттеріне қатысты тұжырымдарына тоқталған тұсымызда баяндағанбыз. Бұл толғауында жырау ар ұғымын жақсы әйел мен жаман әйелдің қасиеттерін салыстыру барысында қолданған болатын. Ар ілімі Бұқарға дейін Шалкиіз жыраудың толғауында да кездеседі. Шалкиіз:

Жақсының жақсылығы сол болар
Жаманменен бас қосып,

Сөйлемекке ар етер[23,32]... –

дей отырып, жүрегі иман нұрымен нұрланған жақсы адамның тұлғалық қасиетінің, рухани болмысының ерекшелігін көрсеткен. Сол секілді Доспамбет жыраудың «*Ақ шымылдық ішінде, Тұлымшағын төгілтіп, Ару сүйдім, өкінбен*» деген жыр жолдарындағы «ару» сөзінің мағынасы да осы «ар» түбірінен тарайтынын аңғару қиын емес. Жырау «ару» деп алған жарының ішкі жан дүниесін, имандылығын сөз етіп отыр. Қазақ халқының дүниеден қайтқан адамды «арулап қойды» деуі де имандылық туралы таныммен астасып жатыр. «...Бұқар – қазақтың өте ертеден келе жатқан жыраулық мектебінің ең ірі, ең соңғы уәкілі, қазақ поэзия дүниесіндегі осы дәстүрге тән жанрды тақырып пен мазмұн жағынан толықтырып, тиянақтаушы қайраткер» [39, 143].

Сөз зергері жаумен алысып отырған елінің ішкі ахуалы, адамгершілік болмысы берік болмайынша өзге жұртпен терезесі тең болмасын түсінді. Жырау өзге жұрттың жетегінде кетпейтін жол іздейді. Ол жол – иман нұры. Автор бұл ойын «Бағаналы орда, басты орда» деп аталатын толғауында:

Хақтың жолын күзетпей,
Жамандықты ұққан жұрт.
Бас, аяғың бай болып,
Бәсеке дәурен сүрген жұрт [25, 106],-

деп тарқатқан. Бұқар қаруы да, әскері де көп көрші империялардың қазақ халқын іштей ірітіп, ауызбіршілігіне сына қағып отырған сұрқия саясатына қарсы тұрар жолды ислам құндылықтарынан іздейді. Ислам нұрын жүрегіне ұйыта алмай отырған еліне «Хақтың жолын күзетпей, Жамандықты ұққан жұрт» деп ренішін де білдіреді. Бұның арты жақсылыққа апармасын сезген жырау ағайын арасындағы бәсекелестікті, іштарлықты да аяусыз сынап отырады. Бұқарды алаңдатқан Ресей патшасының бұл саясатының ХІХ ғасырда жүзеге аса бастағанын С.Мұқанов: «... патша үкіметі отарын мықтап бекітіп алғаннан кейін үнемі мылтық күшін жұмсай берген жоқ. Бір жағынан әскермен қорқытса, екінші жағынан үгітпен көтеруге кірісті. Қандай үгіт қолайлы болады деген мәселені тексергенде патша үкіметінің көзіне ислам діні түсті. Ислам діні түсетін себебі: ол кезде қазақпен туысқандық жағынан жақын, әрі көршілес елдері: татар, башқұрт елдері Ресейге мүлдем бағынып болған еді. Бұл елдердің діні – ислам еді. Патша үкіметі қазаққа христиан дінін ұсынуға қорықты да, татар, башқұрттың молдалары арқылы қазақ даласына дін жаюды ойлады. Бұдан бұрын, ХҮІ ғасырдан бастап, өзбектің саудагер қожалары арқылы ислам діні қазаққа жайыла бастағанмен, қазақтың арасына нашар тараған еді. Патша үкіметі көп ойламай-ақ, татар молдаларын қазақ арасына таратты» [66, 27] деп жазған болатын.

Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік мәселелерін терең пайымдаған туындыларының бірі – «Айтар болсаң Алланы айт». Бұл туынды «ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «Алдаспан» (1970), «ХV-ХVІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982)

жинақтарында басылған. Автор бұл толғауда адамзат жаратылысының ғибратын дін тарихымен, рухани-адамгершілік идеяларының сабақтастырған.

Жырау ислам нұрын күллі адамзатқа Құран ғибратын, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың өсиет-өнегесін насихаттаған Әубәкір р.ғ., Омар р.ғ. Оспан р.ғ. Әзіреті Әли р.ғ. халифалардың ел басқарудағы әділдігі мен жомарттығын, халыққа жақын жарқын істерін:

Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шарияр, Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғалымды айт [25, 104],-

деп ізгілік пен адамгершіліктің үлгісі ретінде баян етті. Жырау осы толғауында қасиетті Құран, арсы мен күрсі, он сегіз мың ғалам секілді ислам негіздеріне де тоқталып, өз тыңдарманын жаратылыс сырына үңілдіреді. Осы ұғымдарды түсіндіре отырып, сөз соңын өмірдің мәнін ұғуға, ұрпақ тәрбиесіне қарай бағыттайды. «Өлгеннен соң жер жұтқан, Қараң қалған дененді айт» деп дүниенің баянсыздығын, алдамшылығын тілге тиек етеді. Дегенмен, осы жолдардан Бұқардың үмітсіздікке бой алдырмағанын да аңғарамыз. Жырау өлімді өмірдің соңы деп қабылдаса да, ізсіз кету деп түсінбейді. Бұқардың ойынша – адамның ізгі амалдары, жақсы істері және тәрбиелі ұрпағы оның атын өшірмейтін ең үлкен мұрасы.

Бұқар Қалқаманұлы:

Ғаділдігің Наушаруан ғаділге жеткерген,
Жомарттығың Хатымтай жомарттан өткерген,
Күнде мейман күзетіп,
Кесекілеп ет берген,
Имандының ісіне қарап бет берген.
Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесең, кім көрер [22, 106], –

деп Абылай ханның абыройын асқақтата отырып, оны Наушаруан мен Атымтайға теңейді. Олар – ислам әлемінде қара қылды қақ жарар әділдігімен, қолындағы соңғы дүниесін де бөліп беруге дайын сақилығымен танылған адамдар. Бұқар олардың өміріне қатысты діни аңыздарды ел есінде қайта жаңғыртқан. «Рухани жағынан кемелденген пенде мәңгілік дүниесінде Алла дидарын көріп, ықыласына бөленеді» деген діни түсінікті алға тартқан жырау Абылайдың ел алдында абыройын мұсылман әлеміне мәшһүр, әділеттілік пен сақилықтың ғажап үлгісін көрсеткен осы тұлғалардан да биік қояды. «Халық Абылайдың әруақты екеніне, керемет киесі барына имандай сенді, оны Тәңірі жібергеніне еш шүбә келтірмеді. Мәтіндерде мынадай сөз тіркестері жиі кездесіп отырады. «Атағы зор Абылай, /Соын әкелді бір Құдай!», «Әй, Абылай, Абылай,/Әруағың себеп боп, / Жолды қылшы, бір Құдай!» «Әруағы Абылайдың келіп қонды», «Әруағы Абылайдың басып кетті» т.б. Қоғамның ардақтаған бас қолбасшысы, үш жүздің басын қосқан батыр Абылайға деген сенімі, ықыласы зор болды. Абылай қайда болса жеңіс пен даңқ сонда екннніне халық шындап сенді» [35, 116]

Байқағанымыздай, автор ислам құндылықтарын, араб-парсы әдебиеті арқылы насихатталған бейнелерді баяндаса да, ұлттың өз көсемінің абыройын асқақтатқан. Бұл – Бұқардың қазақ руханиятын, құндылықтар жүйесін біржақты бағаламағанын, оны өз халқының дүниетаным сүзгісінен өткізіп барып жырлағанын дәлелдейді.

Бұқар Қалақаманұлы Абылайдың даналығы мен адамдық болмысын ардақтай отырып, алты алаштың баласын бір тудың астына жинасам деген арманы Құран Кәрімдегі арсы мен күрсімен арасына жетіп жатыр деп дәріптейді. Сөз зергерінің бұл тенеуі де діни танымды жалаң ғана баяндамай, халық тағдырымен үндескен. Жырау қиын қыстау сәттерде әулиелерге де сыйынып, олардан қолдау күтеді. Төмендегі жыр жолдары осы пікіріміздің дәлелелі болры анық:

Қожа Баһауиддин қолдаса,
Құдай Тағалам оңдаса,
Қадам басып жүріңіз,
Қарық олжаға батарсыз!
Ия, Расул жаббарың
Өзі болсын жалғыз өзі панаңыз [25, 131],-

Қазақ даласына көз тігіп, түрлі айламен тұқыртуды ойлап отырған жаудың құрығына түсіп қалмауын қам қылған Бұқар Абылай ханға айтқан тағы бір кеңесінде:

Соғыссаң, кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Әзіреті Әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас деменіз [25, 110],-...-

деп Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) күйеу баласы болған Әзіреті Әлінің әділдігі мен сабырлылығынан сыр шертіп, дипломатиялық қарым-қатынаста сақ болуға шақырады. Бұл – Бұқар жыраудың Абылайдың көрші отырған туыс халықтармен соғысамын деген ниетіне қарсы болып, сабырға шақырған тұсындағы жыр жолдары.

Бұқар Қалақаманұлы айтар ойының өзегіне пайғамбарлардың өнегелі істерін, ізгі амалдарын арқау ете отырып, ел ішіндегі мәселелерге де үніледі.

Бұқар «*Ақтың үйі мешіт-ті, Ақты Құдай шешіпті*» деп құдайға шын берілген құлшылық адамдықтың айнасы болады деген тұжырым жасайды.

Адасқан қауымды тура жолға шақырған Ибраһим пайғамбардың (ғ.с.) өміріндегі оқиғалар – адамгершіліктің, рухани болмыстың, сабырдың ерекше үлгісі. Пайғамбардың (ғ.с.) талай қиындықтарға төзе жүріп қағбаны салған оқиғасын:

Ибраһим Халил жасады
Тәңірім үйі мешітті [25,106],-

деп жырлап, одан ой түюге шақырады. Осы толғауда мұсылман әлеміне бағдар болған қағба оқиғасы автордың рухани-адамгершілік туралы толғамдарының алтын арқауына айналғанын аңғарамыз. Шалкиіз жыраудың би Темірді қажылық сапардан тоқтату үшін айтқан:

Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйтолла,
Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты [22, 41-42],-

деген салиқалы сөзін Бұқар «Құдайына құл, Шын жаратқан ұл болу» деп түйіндеген. Шалкиіз де, Бұқар да дін тарихын жалаң догмаға айналдырмай, осы өмірдегі сыйластық пен адамгершіліктің тірегі деп бағалайды. Шалкиіз би Темірге өзінің қол астындағы жұртына жасаған қайырлы істі қажылық сапарынан да биік қойса, Бұқар иманы кәміл, адамгершілігі мол пенде екі дүниеде де абыройлы болады деген ойды ортаға салады.

Қағба қиссасы XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Қашаған Күржіманұылының Есқали сопыға айтқан сөзінде де баяндалған. Дінге қазақтың әдет-ғұрпын, дәстүрлі өнерін қарсы қойып, «жынның ойнағы» деп түсінген сопы құдайы қонақ болып келген Қашағанның домбырасын «намазымды бұзды» деп тіл тигізеді. Сонда Қашағанның «Боқтағаның қай ағаш?» деп толғай отырып:

Жүрегінді жалғауға,
Нәсіп болған бұл ағаш.
Пайғамбарлар туғанда,
Бесік болған бұл ағаш.
Ибраһим Қағба салғанда,
Есік болған бұл ағаш.
Мұнаралы әр жерде
Мешіт болған бұл ағаш [43,92]..., –

деп дүмшенің надандығын, ислам тарихынан хабарсыздығын бетіне басқан сөздері да біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған Бұқар жыраулардан жеткен дәстүрдің жалғасы.

Жоғарыдағы мысалдардан сөз зергерлерінің дінді қазақ қоғамының рухани иммунитеті ретінде бағалағанын аңғарамыз. Зерттеуші Н.Нұртазинаның: «...Шынайы имандылық пен рухани тазалық сирегендіктен, олардан тікелей туындайтын білімге құштарлық, парасаттылық, данышпандық, мәдени шығармашылық қуат күрт төмендеді. Діннің ұлттық мәдениет, өнермен байланысы үзіле бастады» [67,147] деген пікірі осы кезеңдегі қазақ қоғамының рухани болмысын таразылауға мүмкіндік береді. Осы орайда хандық дәуірде ұлттық идеологияның тізгінін алған Шалкиіз бен Бұқар да, XIX ғасырда ғұмыр кешкен Қашаған ақын да исламды рухаи-адамгершіліктің бастау бұлағы ретінде тұжырымдағанын

айқын аңғарамыз. Олар ислам канондарының сыртқы сипатына емес, адамдық болмысты сақтар ішкі қуатына көңіл бөлді. Діни сюжеттерді дала философиясымен, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымымен сабақтастықта сипаттады. Құран аяттарын қазақ тірлішілігімен, қоғамда болып жатқан өзгерістермен байланыстыра пайымдады.

Бұқар Қалқаманұлының адамгершілік, имандылық туралы толғауларының өзегі – жан-дүниенің тазалығы. «Жырау шығармаларында адамгершіліктің жеке және қоғамдық бастаулары, халықтың рухани ұлылығының негіздері діни сеніммен, конфесионалдық догма мен сенім нышандарына экзистенциалды шешімнің императивті, тірегі ретінде байланысты болуы сирек кездеседі. Жақсылық адамның жақсы ойы мен қылықтары, жақсылық бұл адамға адамдық бастаудан тыс не жоғары біреудің атынан ұсынылатын дерексіз діни-метафизикалық принцип немесе императивті талап емес, адамның шынайы ісі арқылы көрінетін адалдық, шыншылдық, даналық, жомарттық, батылдық т.б.» [38, 168]

Бұқар жыраудың тұжырымында мұсылманшылықтың белгісі – адамның қайырлы ісі, жақсы амалдары, көркем мінезі. Құлшылығын сырт көз үшін емес, шын ниетімен жасаған жан ғана жақсылыққа бет бұрады деген ойды бекітеді. Сондықтан Бұқар жырау рухани-адамгершіліктің ең басты өлшемін:

Дін мұсылман болмаса,

Тіл мұсылман не пайда ?[25, 109]-

деп бағалайды. Автордың танымында дін – ақылға бағынған жүрек, дүниеге байланбаған болмыс. Тілінде бар, амалында жоқ алдамшылықты жырау осылай бейнелейді. Жыраудың бұл тұжырымын «Алыстан қызыл көрінсе» деген толғауынан да аңғарамыз:

Іштегі сыр Аллаға мәлім,

Сыртындағы қулығың

Амал емей немене?[25, 109]

Бұқар Қалқаманұлы адамгершілік дәнін Құран аяттарымен тәпсірлеп, елді бірлікке шақырып жүрген имамдардың да орнына тоқталған. Жырау қазақ даласына ислам дінін насихаттаған ишандар институтының роліне қатысты пайымын:

Айтар болсаң Алланы айт,

Таңертең азан шақырған,

Дауысы сұлу молланы айт[25, 118],-

деп түйіндейді. Бұл жолдар осы кезеңдердегі мешіт-медреселердің көбейіп, Құранды керемет мақамымен оқитын қарилардың көбейгенін де хабар беретін тарих беттері.

Жыраудың бұл тұжырымын Абылай ордасына келгенге дейін Өз Тәуке ханның баласы өлгенде айтқан көңіл қос сөзінің де көреміз. Бұқар:

Ханымыз отыр «ah!» ұрып,

Халқыңыз отыр бас ұрып.

Сабаны әкел ордаға,
Құран оқыт молдаға[25, 104], -

деп имамдардың қазақ рухани кеңістігіндегі дәрежесін даралай түседі.

Өмірдің мәнін Құран аяттарымен тәпсірлеп, адамның тіршіліктегі қайырлы ісі ғана баянды боларын бағдар еткен Бұқар жырау «Өз Тәуке ханның баласы өлгенде»:

Ханның сөзі түзік деп,
Орынсыз сөзді жолдама.
Бұрынғы өткен бәрі өлді,
Қарсы болма Аллаға.
Төле, Қазыбек кісіміз,
Жақсы, жаман кішіміз,
Бұл сөзіме түсіңіз,
Дәміңізді ішіңіз,
Риза болсаң Құдайға,
Түзелер сонда ісіңіз[25, 126].-

деп ой түйеді. Жыр жампозы өмірдің өткіншілігін, мәңгілік бір Алла ғана екенін осы жолдармен тарқатқан. Автор ел ағаларын сабырға шақыра отырып, адамның Алла ісіне шарасыздығын тілге тиек етеді. «Бұрынғы өткен бәрі өлді» деп өмірдің өткіншілігін баяндау Бұқарға дейінгі жыраулар поэзиясында жиі кездеспесе де, ортағасырлардағы ислам дәуірі әдебиетінде арналы тақырыпқа айналғанын білеміз. Адамға ой салатын, өмірге келгендегі миссиясын түсіндіретін бәйіттерді Бұқарға дейінгі әдеби жәдігерлерде төмендегіше төгіледі:

Қайда Қарун мал жинаудан талмаған?
Өсиет шашқан қайда Перғауын хәм һаман?
Қайда Фархад, Шырын, Мәжнүн зарлаған?
Қаһарланса, жерге тығар жаныңды!

(Қожа Ахмет Иасауи. «Даналық кітабы»)

Қанша бектер жатыр қара жер болып,
Қанша дана сінді жерге жер болып.
Қанша батыр, білмеген дерт-кеселді,
Қаны тоқтап, қара жерді төсенді.

(Ж.Баласағұни. «Құтты білік»)

Абылай хан тұсында ишан-молдалар институты қазақ руханиятының дінгеі болды. Олар ислам ғибраттарын ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабалар дәстүрімен синтездеп, елдің ауызбіршілігін, адамгершілік қасиеттерді насихаттауға зор үлес қосты. Сондықтан Бұқар жырау шығармаларындағы ой-толғамдарды XIX ғасырда қазақ даласына патшалық Ресейдің отарлау саяатын насихаттай келген «указной молдаларға» қатысты пікірлермен салыстыра алмаймыз. Қазақ елін патшаға мойынсұнуға шақырып, дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениетінен, өнерінен алыстатқан бұл дін қызметкерлерін қазақ қоғамы толық қабылдаған жоқ.

Бұқар Қалқаманұлы өзіне дейінгі Асан Қайғы, Қазтуған болжаған қауіпті ой елегінен өткізіп, көрші елдердің сыртқы саясаттағы пиғылын саралап отырды. Ол сыртқы экспансияның тек қару-жарак, әскери күшпен ғана емес, қазақ даласына аяқ басқан өзге дін өкілдері арқылы жүзеге асарын:

Он екі айда жаз келер, Құс алдында қаз келер, Айтып айтпай немене, Заманаңыз аз келер. Сол заманың келгенде, Ата-бабаң қол берген Қожаларды қас көрер. Ноғайларды ғалым деп, Әулиедей көрерсің.	Ноғайлардың бойы болар сазандай, Сәлдесі болар қазандай, Ақіретке барғанда Ақсүйекті қор тұтқан, Қараны онан зор тұтқан, Ноғайларды пір тұтқан, Тартарсың сонда жазаңды-ай [25, 104],-
---	--

деп баяндайды. Бұл жолдар – Асан қайғының өз Жәнібекті сырт елге сырын алдырмау керектігін, қорған-қала салдырудың салдарының артында сұрқия саясат барын есекерткен «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің» деген толғауымен үндес.

Бұқар Асан қайғының «Қилы, қилы заман болмай ма, Қарағай басын шортан шалмай ма» деген сөзінің мәніне күмәнданған Абылайға:

Е, Абылай, Абылай,
Ойланба шортан ұшпас деп,
Қүдіретпен нәсіп қып,
Қарағайға шықпас деп [25, 122],-

құдайдың құдіретіне шек келтірмеуін, күнбатыстан келе жатқан қауіп бұлтын ескертеді. Сөз зергерлерінің шығармаларындағы осы ой-арманның бірлігін профессор Б.Кенжебаев «Бұқар жырау шығармалары тақырыбы мен мазмұны жағынан Асанқайғының үлігілі шәкірті, өз дәуірінің Асанқайғысы» [9,23] деп бағалайды.

Ел мүддесін ту еткен Абылай ханның ақылшысы Бұқар – жаудың ойлағаны жүзеге асса ауызбіршіліктің жоғалып, болашағы бұлыңғыр боларын ой талқысынан шығарған жоқ. Жерұйықты іздеген Асан қайғыдай қазақтың құт-берекесі рухани кемел қоғам орнағанда ғана артатынын айшықтап отырды. Жырау осы тұжырымын «Мұсылманның баласы» атты туындысында одан әрі таркатады:

Мұсылманның баласы,
Сірә, бір кеңес құрыңыз.
Бірауызды болыңыз...
Кәпір алмас деменіз,
Наны тәтті, - жеменіз.
Зәбірі қатты бұл кәпір
Алмай қоймас деменіз [23,54-55].

Бұқар қауіп еткен нәрсе – ұлтқа төнген қатер. Дұшпанның көздегені қазақтың кең байтақ жері ғана емес, ділі мен дінінен ажырату екенін терең ұғынған жырау бұл ойын Абылайға да, хан ордасында елдік мәселелерді шешкен билер мен батырларға да:

Қарашы мына ойда жатқан орысты,
Дін мұсылман жұртынан,
Шіркін, алған екен қонысты!
Аяғыңнан шалысты,
Күндердің күнінде

Басыңызға салып жүрмесін зор істі! [25,128]-

деп жеткізді. «Ханға жауап айтпасам» деген толғауында да бұл қауіптің бұлты қалыңдағанын, елдің ауызбіршілігін нығайтып, сақ болу керектігін:

Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Күушығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ[25,123],–

деп таразылайды. Бұқар осы жыр жолдарында орыс патшалығының жоспары жүзеге асса болатын оқиғалардың желісін нақты суреттеген.

Жыраудың *«Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды»* деп қауіп ете болжаған бұл толғамы XIX ғасырда толығымен жүзеге аса бастады.

Академик-жазушы М.Әуезов ғылыми айналымға түсірген «зар заман ақындарының» өлеңдері Ресей патшалығының отарлау саяатын сипаттаған қазақ қоғамының диагнозы еді. Тұтас бір ғасырдың әдеби мұрасын қамтыған ғұлама ғалым осы шерлі жылдардың шежіресін: «Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай тұсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік. Біреуі ақылшы би, қария, екіншісі толғаушыл жырау. Енді осы жіктің адамдары кім. Соларға келейік. Әзірше бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз – Асан қайғы, екіншісі – Бұқар жырау» деп тұжырымдаған. Ғалым Бұқар жырауды зар заман ақындарының қатарына не себепті, қандай елгілеріне қатысты қосатынын одан әрі былай түсіндіреді: «Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға салып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылайдай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады»[6, 202].

Бұқар жырау діні мен ділі бөлек жұрттың ел іргесін шайқап, қазақ дүниетанымына жат іс-әрекеттер жасап жатқанын «Көкшетауды салдырған» деген толғауында да ашына баяндайды. Автор ұлттық

құндылықтарды аяққа таптаған, адамгершіліктен алыс жабайы тірлікті хан Абылайға айта отырып:

Өзің қонған Көкшетау,
Кәпір қала салды, ойла[23,50],-

деп ескертеді. Жырау ата қонысындағы рухани қазынаның құтын қашырған келімсектердің имансыздығын, адамгершіліктен ада әрекеттеріне жиіркенішпен қарайды. Бұл жүгенсіздіктің соңы *«Өлтірмей алар жаныңды»* деп өзі болжағандай сұмдыққа ұласарын:

Көкмұрын деген жерлерге,
Қыстауын сонан соқы ойла.
Жылқының суат сойына,
Шошқасын әкеп төкті, ойла[23, 50],-

деп сақтандырады. Одан әрі қазақтың байтақ жеріне қол сала бастаған Ресей патшалығының озбырлығын *«Бүйірінен шаншу қадалып, Сорлы бір қазақ қалды, ойла!»* деп Абылайға ақыл қоса сөйлейді.

Рухани-адамгершілік мұраттарды ислам құндылықтарымен пайымдаған Бұқар күншығыстағы Цинь империясы секілді айлалы жаудың адамгершіліктен алыс әрекеттерін де:

Шүршіт келем деген сөз бар-ды,
Көктен түскен төрт кітап
Енжіл атты кәләмда[25, 114],-

деп назардан тыс қалдырмайды.

Жыраудың толғаулары адам болмысындағы ізгілікті биікке көтеріп, қоғамның басты құндылығы ретінде көрсетеді. Сондықтан оның толғауларын шартты түрде тақырыптық-идеялық тұрығыдан жүйелегенімізбен, қай туындысының да ой-темірқазығы - рухани-адамгершілік екенін байқаймыз. «Адамгершілік – адамдық сипатты айқындайтын, оның рухани кемелденуінде шешуші роль атқаратын этикалық ұғым»[68, 26].

Сөз асылын саралаған жыраудың Абылай ханға айтқан кеңесі де, қалың бұқараға айтқан өсиеті де құдай мен адамның арасындағы байланыстың байламын айшықтар жүректің нұрын, ниеттің тазалығын танытады. Қарт жырау халықтың рухани жағынан жұтанданбай, адамгершілік қағидаларына сызат түсірмесе ғана тарих бетінде қаларын ұғынды. Оның бұл ұстанымы ханға да, қараға да ортақ еді.

Бұқар Қалқаманұлы өз толғауларында адам өз жүрегіне үніліп, ақиқаттың сырын түсінуге тырысса кемелдіктің кілті жақындайды деп ескертеді. Адамның қоғамдағы өз орнын біліп, миссиясын орындауы – жаратылыс гармониясын сақтап, тыныштық пен тұрақтылықты тұғырына қондырады. Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында тарқатылған тұжырымдар мен XII ғасырда жазылған Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» әр адамның қоғамдағы міндеттері мен жауапкершілігін түсіндірген бәйіттердегі ой-тұжырымдар Бұқар толғауларында да дәстүрлі жалғастығын тапты. Жырау «Бұл заманда не ғаріп?» деп Асан қайғыны

камықтарған күйдің алыс болғанын тілейді. Елдің бірлігінен асқан байлық жоқ деген ойын тарқатар алдында:

Биік тауға жарасар
Ығынан тиген панасы.
Терең сайға жарасар
Тобылғылы саласы [25,128],-

деп табиғаттағы үйлесімділікті тілге тиек етеді. Көзге көрініп тұрса да елеусіз қалатын жаратылыстың сырына үңілдіріп, одан ғибрат алуға шақырған Бұқар бұл сөзін кейінгі айтар ойының темірқазығы еткен. Жырау Жер-ананың үстіндегі тіршіліктің жарасымдылығын табиғаттағы көріністер арқылы суреттей отырып, әр нәрсе өз орынында болса ғана игілікке айналады деген ойды алға тартады. Бұқар танымында биік тау мен терең сайдың да өз нығметі, ой салар міндеті бар. Сөз зергерінің терең философиялық тұжырымы одан әрі ел ішіндегі көрініске, қазақ қоғамына жарасар рухани құндылықтарға ойысады. Автор жаугершілік заманда ер жігітке артылған жауапкершіліктің жүгін «қолына алған найзасымен» жарастырса, бидің халыққа тигізер пайдасын оның берген әділ шешімімен пайымдайды.

Ел басына күн туып, қартының топқа жаяу бармағанын («Тілек») армандаған Бұқар осы толғауында қазақ қоғамындағы ақсақалдар институтының алар орнын да айшықтайды. Қай істі де үлкеннің ризашылығын, ақсақалдың батасын алмай бастамаған халықтың тағылымды дүниесін рухани-адамгершіліктің алтын діңгегі, туған топырағына егілген тәрбиенің дәніне балайды. Сол үйлесімділікті:

Ақсақалға жарасар,
Тілеуқорлық батасы[25, 128],-

деп тұжырымдаған Бұқар жарасымдылық туралы ойларын ел ішіндегі, отбасы өміріндегі көріністермен жалғастырады. Қазақ тұрмысындағы бәйбішені сыйлы, келіншекті құрметті қылар құндылықтарға тоқталып, бойжеткен қыздың тәрбиесіне де көңіл бөледі. Осы бір сөзбен өрнектеген сырлы суретке, әдемі үйлесімділікке сызат түсірер дүние біреу ғана, ол – ағайынның алауыздығы. Автор:

Бұл жалғанда бір жаман,
Ағайынның аласы[25,128],-

деген тұжырымын толғауының соңғы түйіні ретінде айтады. Бұл – Бұқардың барлық толғауларына тән идея.

Жырау жалған өмірдің қызығына алданбай, Алланың берген әр күнін сыйластықпен, адамгершілікпен өткізуді «Айналасын жер тұтқан» атты толғауында да өсиет етеді. Алғаш рет «Таң» журналында (1925, №2, 78-б.) басылған толғауда бәрі де Алланың қалауымен болатындығы, жаратылыс сырының ғибраты, өмірдің мәні суреттелген. Бұқар танымында қамшының сабындай қысқа өмірде ізі бар дүние – адамның рухани кемелдігі, жақсы ісі. Осы тұжырымын төмендігіше тарқатады:

Жарлыны жарлы деменіз,

Жарлы байға теңеліп,
Жайлауға көшпес деменіз.
Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас деменіз...
Қу таяқты кедейге
Дәулет бітпес деменіз [22, 104] .

Тәкаппарлықтың ең жаман қасиет екенін бағамдаған Бұқар адамды бір көріп қана бағалаудың ағаттыққа апарарын, оның болашағын бір Алла ғана білерін тілге тиек етеді. Өз жұртын да өркөкіректіктен, кесір мінездерден сақтандыра сөйлейді. Қай шығармасы да алдымен өзінді, өзінді жаратқан Иенді тануға негізделген жыраудың ой арнасы адамтану іліміне жол көрсетеді. Өзінді танымай тұрып, өзгенің мінін көруге бейім жаман қасиеттерден алыс болуға үндейді. Жоғарыдағы толғаудағы ой өзегі кейін Абай, Шәкәрім өлеңдерінде терең философиялық тұжырымдармен жалғастық тапты.

Бұқардың пайымдауында өлшеулі өмірдің мәні: байлық та, билік те емес, ол – адам жанының тазалығы. Адам да сол Табиғат-Ананың бір бөлшегі. Бірақ, адамның тіршіліктегі жақсы ниеті мен амалдары, тәрбиелі ұрпағы оның өмірін баянды етеді. Бұқар осы ойын қорыта отырып:

Ер жігіттің қадірін,
Ағайын білмес, жат білер,
Жорық жолы болуын,
Қария білмес, сәт білер.
Ердің күші асуын,
Қайрат білмес, бақ білер
Өлімнің ерте-кештігін
Бір жаратқан Хақ білер [22, 104],-

деп тұжырым жасайды. Сөз зергері бұл шығармасында да адамның алдағы тағдырын болжап білмесін, оның бәрі Жаратқанның құзырында екендігін түсіндірген. Бұқар жырау ойларының өзегі Құранның Фуссиләт сүресіндегі *«Сол күні Алланың дұшпандары тозаққа айдалуға жиналып, сонда олар алды-артын тосады. Ақыр олар оған барған кезде оларға құлақтары, көздері және терілері олардың не істегендеріне айғақ болады. Олар терілеріне: «Не үшін бізге куә болдыңдар?» - дейді. (Терілері): «Бізді әр нәрсені сөйлеткен Алла сөйлетті; сендерді алғаш рет жаратқан және Сол жаққа қайтарыласыңдар» деп жауап береді. Сендер өздеріңе құлақтарың, көздерің және терілерің айғақ болады деп жасырынбаушы едіңдер. Тіпті Алла істегендеріңнің көбін білмейді деп ойлаушы едіңдер»* деген аяттармен де сабақтас.

Дегенмен, адам өмірінің мәні тек қанша жыл өмір сүргендігімен ғана емес, оның жақсы амалдарымен бағаланатынына назар аударған Бұқар өз жұртын мақсатсыздықтан, бойкүйездіктен сақтандыра сөйлейді. «Өлім –

өмірдің соңы емес. Оны ақын-жыраулар да жоққа шығармайды. Тіршілік иесінің тағдыры оны сыйлаған Жаратушының ғана құзырында. Бейопа дүниеде бірінен бірі ақыл-парасатымен ғана емес, байлығымен, мансап-дәрежесімен ерекшеленетін пенделердің теңелер тұсы да өліммен бірге келеді. Жаратушы сыйлаған нығметтерден ғибрат алып, тәубеге келе алмаған көп пендені бір сәт сабасына түсіретін сәт те – өлім» [57,86].

Бұқардың «Көкте бұлт сөгілсе» деген толғауы да жоғарыдағы ой арнасымен үндес. Автор өмірдің өткіншілігін білсе де, Алланың о баста жаратқанда адам жүрегіне ұялатқан ұлы нығметтен алыстамауын, рухани-адамгершілігін негізге алады.

Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес, не пайда?
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда?
Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдіреген қызыл тілден не пайда?
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда?
Байдан қайыр кеткен соң,
Мал да кетер, не пайда[25, 109]?-

дей келе, ел ішіндегі көріністерге, тұрмыс-тіршіліктің түйтіклеріне де көңіл бөледі. Ислам нұрының әлі де болса көп адамның жүрегіне түспей, тек тілінде ғана жүргеніне, амалында жоқтығына алаңдайды. Жырау бұл көріністі діннің негізі иманның әлсіреуі деп есептейді. Сонымен бірге рухани болмысыңды бекітер дүниелерге қажет болар капитал – малдың да болуын тілге тиек етеді. Әр қазақтың дәулетті, бай болуын қалайды. Ол байлықты адамның ізгі амалдарын жасуға сеп боларын, яғни рухани дүниесін кемелдендіруге көмек берер капитал тұрғысынан қарайды. Орыс генералы Броневскийдің мына пікірі де осы тұжырымымызды бекітетіні анық: «Қазықтың байлары орыстың «богатый» сөзінің баламасы емес, қазақтың байы – ақыл-ойы, рухани жағынан барынша жетіліп, нағыз кемеліне жеткен адам. соны ғана қазақ халқы «бай» дейді. Ал жай ғана материалдық құндылықтарды жинаған адамды қазақ ешқашан «бай» деп мойындамаған... «дәулет» материалды жиынтықтың ұғымы болса, «бай» ол статус ретінде берілген» [36,13].

Жырау қазақ қоғамындағы осылай елге көмектесіп, көпшіліктің ықыласына бөлеген қайырлы байларды да өз толғауларының бірінде:

Байлар ұғлы шоралар,
Бас қосыпты десін де...-

деп биікке көтере де сөйлеген тұстары да бар. Дегенмен, жоғарыда баяндағанымыздай, автордың пайымында байлық жүрекке түпеуі, жүректі

билемеуі шарт. Себебі, ондай байлық дүниеқоңыздыққа, сараңдыққа, түптің түбінде имансыздыққа жетелейді. Автор бұл ойын «Байдан қайыр кеткен соң, Мал да кетер, не пайда?» деген жолдармен жеткізген. «Ұлттық танымымызда байлықтың қайырлығына баса мән берген. Мұнда ата дініміздегі байлықтың қайырлы болуына қатысты ұстанымдар мен арам, адалға деген қатынастардың бір негізден екендігі анық» [36,17].

Бұқар бұл түйінді ойын діни танымдағы періштелер қиссасымен дамытып, адамға аманат етілген жанды қайтарар Әзірейілдің (ғ.с.) міндетіне төмендегіше тоқталған:

Ат тұяғы тимеген
Ақ кірпіш тас суда бар.
Әзірейіл келген күн
Жан қалар жер қайда бар!? [22, 109].

Жырау Әзірейіл (ғ.с.) адам жанын алған соң пенденің жарық дүниедегі жақсы-жаман амалы таразыға тартыларын меңзеп, адамгершіліктен аттамауды өсиет етеді. Әнғам сүресінің аятында осы періштенің міндеті «Біреулеріңе өлім келген сәтте, періштелеріміз жанын алады әрі еш кемістік етпейді» деп баяндалған. Бұқар толғауындағы ажал періштесі туралы қисса кейінгі ХІХ ғасырдағы ақындардың поэзиясында да жалғасты. Мысалы, ажал құрығы түскен пендеге оның ізгі ниеті мен адамгершілігі ғана қорған боларын Нұрым Шыршағылұлы төмендегіше тарқатады:

Әзірейіл хабар салған күн
Ылажың бар ма қалуға?
Періштеміз белгілі
Бізді тергеп жазуға,
Ертелі-кеш Аллаға
Әзірленіп отырмыз
Уақыт бітсе баруға [22, 108].

Ізбас ақын адам баласы Әзірейіл періштенің алдында дәрменсіз болса да, оның жасаған жақсы істері ізсіз кетпейтінін :

Алладан бұйрық болған күн
Кетерміз таудай теңселіп.
Әзірейіл қойдай өңгеріп
Алдына салар еңсеріп[22, 108],-

деп тарқатқан болатын.

Жырау өз нәпсісін тізгіндей алмаған пенденің іс-әрекетін Алла қаламайтынын, оның иманын әлсіретінін де тілге тиек етеді. Дүниеқоңыздықтың, тойымсыздықтың түбі адам баласын орға жығарын, әзәзілдің жетегінде кетерін:

Сұрағанда бермеген
Сараң емей немене?
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене [25, 109]?-

деп түйіндейді.

Бұқар діни оқиғаларды баяндағанда тыңдарманды үмітсіздікке түсірмейді. Оның пайымдауында өлім-өмірден із-түссіз жоғалу емес. Тіршілікте адамдық қасиетін жоғалтпай, мағыналы өмір сүрген жанның жақсы амалдары ел игілігі үшін қызмет етеді. Табиғаттағы барлық нәрсе өз уақыты келгенде көзден ғайып болып жоғалса да, адам жасаған қайырымды іс, жақсылық ешқашан ұмтылмайды. Өмірдің өткіншілігін, әрбір нәрсенің ақыры болатынын көзіміз көріп жүрген көріністермен тұспалдап ой қозғайды. Осы ой-тұжырымын табиғаттағы көріністермен байланыстыра сипаттай отырып, терең философиялық байлам жасайды. Адам өз көзімен көрсе де, көңіліне тоқи бермейтін әдеттегі қалыпты құбылыстарға қарап та қабырғалы ой айтады. Сол сөзін жан азығына айналдырар адам болмысына үңіледі. Себебі, жырау танымында тіршілікте болып жатқан түрлі құбылыстарда кездейсоқ ешнәрсе болмақ емес, олардың барлығы да адамға ой салар, өмірдің мәніне үңілдірер сырға толы әлем. Зер салған адам осы ғибраттың құпия сырына үңілуі керек. Бұл тұжырымын Бұқар Қалқаманұлы былайша тарқатады:

Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені –
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында қалғаны...

Жырау дүниедегі барлық нәрсенің соңы, ақыры боларын осы мысалдармен топшылай отырып, адам өмірінің де мәңгілік емес екенін ескертеді. Қасиетті Құранның Қасас сүресінде бұл ғибрат былайша баяндалған: *«Мұхаммед (ғ.с.) оларға: «Көрдiңдер ме, егер Алла (Т.) сендерге қиямет күніне дейін ұдайы күндіз қылса, Алладан басқа сендерге тынығатын түн келтіретін тәңір кім, көз салмайсыңдар ма?», - де. Алла, сендерге өз мархаметінен түнді тынығу, күндізді кеңшілігін (ризық) іздеулерің үшін жаратты. Әрине, шүкірлік етерсіңдер».*

Бұқар жырау осы толғауының соңында ізгіліктің ізі бар екенін, ол ешқашан жойылмайтындығын пайымдай келе, «адам өмірінің мәні де осы» деген түйін жасайды.

Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді [25,120].

Автор «адам дүниеден озғанда онымен бірге үш нәрсе ілесіп барады, оның екеуі (туыстары, бала-шағасы) кері қайтады, біреуі (иманы) оның өзімен мәңгі бірге қалады, ол – оның жақсы амалдары, елге жасаған қызметі»

деген өсиетпен өрілетін терең ойды жеткізген. Табиғат заңы тіршіліктің өзгеріп, жаңарып, түлеп отыруына негізделген. Өмірдегі барлық нәрсенің ақыры бар. Бұқар осы құбылыстарға да ерекше мән бере қарап, тыңдаушысын ғибрат алуға шақырады.

Осы толғауда тағы бір көңіл бөлер нәрсе - жыраудың ғылымды, ғалымды ұлттың бойына рухани-адамгершіліктің дәнін егер тұлға ретінде бағалауы. Автор ғылымның адамзат тарихындағы ролін, ең басты құндылық екенін алға тартады. Ғалымның жазған дүниесінің ел игілігіне айналып, жас ұрпақтың иманды, адамгершілігі мол болып өсуіне ықпал етуі жалаң уағыздан қайырлы деген ойды ортаға салған.

Бұқар бар дүниенің сыры Жаратушыға ғана мәлім екенін, адам тіршілігінің мәні сол ғибратты түсінуімен ерекшеленеріне тоқталады. Адам табиғаты тіршіліктің қызығына байланған. Бұқар сол «қызықты» сыйлаған жаратушысын таныған адамның иманы бүтін, адамгершілігі мол боларын алға тартады. Нәпсісін тізгіндеген пенде ғана адамдық болмысынан ажырамайды.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат! [25,126].

деп толғаған Бұқар жыраудың «адамның өмірге келгендегі мақсаты не?» деген философиялық сауалға жауап іздейді. Бұл сауалға жауап та табады: ол – рухани кемелденген қоғам, адамгершілік, діні мен ділінен ажарамаған халық.

Қорытындылай келе, ислам діні Бұқар Қалқаманұлының адамгершілік мұраттарды өсиет еткен өлең-толғауларындағы идеяның үлкен бір арнасына айналды деп айта аламыз. Ислам діні ғасырлар бойы жинақталған бабалар дүниетанымымен синтезделді. Бұқар бастаған жыраулар институты ұлттық рухани құндылықтардың көкжиегін ғалам жаратылысының мәні, пайғамбарлар мен сахабалардың өмірімен сабақтастыра салмақтады.

«Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері» атты бірінші тарау бойынша қорытынды.

«1.1. Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ұлттық таным және рухани-адамгершілік негіздері» атты тараушада қазақ хандығы тұсындағы жыраулар институтының аса көрнекті өкілі болған шығармашылық тұлғаның толғаулары зерделенді. Өз заманының озық ойлы абызы, сұңғыла саясаткері, сөз өнерін саралаған зергері Бұқар Қалқаманұлының шығармалары - ұлттық таным мен рухани-адамгершіліктің темірқазығы. Алты алаштың басын қосып, айбынына айналған хан Абылайдың көреген саясаты мен дипломатиясында Бұқар жыраудың даналық ойларының, тұғырлы

тұжырымдарының ізі сайрап жатыр. Оның толғаулары хан мен билік институттарының, қалың бұқараның алтын арқауы болды. Автор шығармаларындағы ой-тұжырымдар қазақ мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатын ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік ахуалды да айқын сипаттайды. Адамгершілік құндылықтар Бұқар толғауларында ел мінезі, ханның әділ шешімі, ұрпақ тәрбиесі, ер тұлғасы, әйел бойындағы асыл қасиеттер, жақсылар институты т.б. арқылы айшықталған. Жырау толғауларын тақырыптық тұрғыдан түрліше топтастырғанмен, бұл туындылардың негізгі өзегі – рухани құндылық, адамгершілік. Автор өз ұстанымдарында қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесін, хан ордасының дәстүрін басшылыққа алды. Сонымен бірге ой-тұжырымын Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардан жеткен сөздермен салмақтады. А.Иасауи, А.Иүгінеки, Ж.Баласағұн жазған құнды жәдігерлердегі рухани құндылықтарды қазақ халқының ұлттық идеологиясына арқау етті.

«1.2.Бұқар толғауларындағы рухани-адамгершілік мұраттардың ислам құндылықтарымен үндестігі» атты тараушада жыр жампозының толғауларындағы діни сарындар адамгершілік мұраттармен сабақтастықта талданды. Қазақ жыраулық поэзиясының аса көрнекті өкілі Бұқар Қалқаманұлы ғалам жаратылысының сырын, пайғамбарлар мен сахабалардың, ислам әлеміне танылған тұлғалардың өмірін ғибрат ете отырып, рухани-адамгершіліктің өзегіне үңіледі. Автор ислам негіздерін жалаң баяндамай, оны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің темірқазығы болған ар, ұят, үлкенді сыйлау, бауырмалдық, ата-ананы құрметтеу, ауызбіршілік т.б. секілді құндылықтармен байланыстыра сипаттайды. Құран аяттарын тіршіліктің тірегі, ұлт болып ұйысудың ұстанымы ретінде қарады. Рухани кемелдеген қоғамның сыртқы жауға қарсы тұрарын толғауларында тарқата айтқан Бұқар сөздері салиқалы саясаттың, құтты қоғамның бағдарына айналды. Ол өз ұстанымында ханды да, қалың бұқараны да тең қойып, әділеттің ақ туын көтерді. Қазақ хандығының бас идеологы болған Бұқар Қалқаманұлы барлық билік тармақтарын (батырлар, билер, жыраулар, ақсақалдар т.б институттар) Абылайдың ақ туының астына біріктіріп, рухани-адамгершілік негіздерін ұлтты ұйыстырудың темірқазығына байлады.

2. Бұқар жырау толғауларындағы замана шындығының көркем бейнеленуі

2.1. Бұқар жырау жырларындағы дүниенің әлеуметтік бейнесі және әдеби қаһарман тұлғасы

Бұқар Қалқаманұлы «120 жылдан астам уақытқа созылған қазақ-жоңғар қатынастарында екі жақ арасында болған соғыстар, ұрыстар, шайқастар, жорықтар...» [69,175] тұсында өмір сүріп, қазақ халқының басынан өткізген ауыр жағдайларға куә болған, соны өз көзімен көріп, сол кездегі тарихи оқиғаларға тікелей араласқан жырау. Қазіргі кезде ел

тарихына қатысты көптеген тарихи мәліметтер мен оқиғалар желісінің нақтылығын кейде бізге ауызша жетсе де сол кезде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларындағы деректермен салыстыра қарастыратынымыз да сондықтан. Өйткені олар сол өз дәуіріндегі оқиғаларды көздерімен көріп, сол оқиғаларға өздері қатысқан тарихи тұлғалар. Әрине Бұқар жыраудың бізге жеткен өмірбаяндық деректері туралы мағлұматтар әр түрлі. Бір деректе 1668 жылы туып, 1781 жылы қайтыс болған делінсе, енді бір деректерде 1684 жылы туып, 1781 жылы қайтыс болды делінеді, тағы бірінде 1693 жылы туып, 1787 жылы өмірден озған деген мәлімет берілген. Бұл деректердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екені әлі күнге шейін нақты анықталмай отыр.

Бұқар жыраудың атқа мініп, ел ісіне араласқан кезі туралы да мардымды мағлұмат жоқ. Оның қазақ хандығының ісіне еркін кірісіп, пәтуәлі билік айтқан кезі Абылай ханның билікке келуімен тұспа-тұс келеді. Оған дейінгі өмір жолы туралы мәліметтер өте сирек ұшырасады. Соған қарағанда Абылайдан басқа хандардың қасында жүріп, ел тағдырына қатысты ірі істерге араласа алмаған болуы керек. Оның нақты себептерін ашып беретін де ешқандай материал қолымызға түспеді.

Бұқардың бізге жеткен елуден аса толғаулары бар. Өзі сауатты болса да артына жазба дүние қалдырмаған секілді. Негізінен Бұқар жыраудың толғауларын ел аузынан жинап, жазып алған Мәшһүр Жүсіп Көпеев болып саналады. Кейінгі бұқартанушылардың көпшілігі сол М.Көпеев жазбаларына сүйенеді. Бірақ жыраудың кейбір жырлары туралы одан да ертеректе жазылған деректерде қайшылықтар кездесіп қалады. Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясында «Ей, Абылай, Абылай» жырын Қожаберген жыраудың жыры деп көрсеткен. Оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтау қазір мүмкін болмай отыр.

Абылай билікке келген тұс қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ес жиып, елдің бірлігі, тұтастығы туралы ұлттық идеяның тұрақтанған кезі болатын. Үш жүзге бөлініп, әрқайсысы жеке хандық құруға талпынған сұлтандар арасындағы кикілжіңнің қазақтың ұлт ретінде жойылып кетуіне апаратын апатты жол екенін ұға бастаған сол кездегі беделді ру басылар мен би-шешендер, жыраулар азаттық жолындағы күреске өздері тікелей араласып, жеке адамның мүддесін жалпы халықтың мүддесінен жоғары қоюға болмайтынын түсіне бастаған кезі еді. Оны сол тұста өмір сүрген Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты көрнекті саяси қайраткерлер мен қатар Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар секілді жыраулар шығармаларына талдау жасау арқылы да танып білуге болады. Олардың шығармаларынан ХҮІІІ ғасырдағы қазақ жеріндегі саяси жағдайды, ел ішіндегі идеологиялық ұстанымдардың реалистік сипатын анық бай қай аламыз. Жыраулық дәстүр туралы осы кезге шейін аталған салада зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірлері көптеп ұшырасады. Бірақ сол жырау сөзінің өзі еліміздің әр аймағында әр түрлі айтылып жүргенін де естен шығармауымыз керек. Бұл

турасында көрнекті әдебиеттанушы ғалым Е.Ысмайылов өзіне дейінгі зерттеушілер тұжырымдарын саралай келіп мынадай пікір қалдырған екен:

«Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар – ХІХ ғасырға дейінгі қазақ ақындығының символы, олар хан қасында отырып, батырды жырлаумен қатар сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырған», – дегеніне тоқтала келіп, осы тұрғыдағы өз пайымдауын: «Абылайдың қасындағы қошеметшіл Бұқар жырау – Абылай заманының қайшылықты ой-пікірлерін толғап айтқан ақын ғана емес, Абылайдың бітімші биі де... Жыраулар хан мен қара арасы алшақтай бастағанда ханның үстемдігін нығайту мақсатымен екі жағын жағыстырып отырушы бітімші, жамаушы бидің қызметін де атқарған. Бұқармен тұстас Тәтіғара жырау да осындай болған. Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, олар көбінесе заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Бұл тақырыптағы толғау сөздерінде сезімге ұратын лирика болмайды, көбінесе меңзеу, мақал, мәтелдер ретінде келетін тақпақтар, термелер болып отырады», – деп білдірген», - дейді. [25.4 бет.]

Бұқар жырау поэзиясының қолға алынып, нақты зерттеле бастауы ХХ ғасырдың басынан басталады. Әсіресе кеңес дәуірінде біраз жылдар бойы Бұқар жырау қазақ әдебиетінің ең көне кезеңіндегі тарихи тұлға ретінде танылып, оқытылғаны белгілі. Яғни қазақ әдебиеті тарихын Бұқар жыраудан бастап оқыту дәстүрі біраз жылдарға дейін жалғасып келді. Оның астарында ұлт тарихының тереңіне баруға кедергі жасау, халық мәдениетін кейінгі ұрпаққа белгілі бір шектеулер арқылы ғана жеткізу керек деген шовенистік пиғылдың болғанын байқаймыз. Бірақ Бұқардың да сөз өнерін үйренген мектебі болғанын, оның алдында да шоқтығы биік шайырлардың дәстүрі сақталғанын әрине жасырып қала алмаймыз.

Аталған зерттеу негізінен ХҮІІІ ғасырдағы жараулар поэзиясының материалдарына, соның ішінде толғау жанырының ерекшелігіне арналған. Қазақ әдебиетіндегі бұл кезең ғылыми пайымдауларға негіз болатын бай тарихы бар кезең. Оның үстіне біз сөз етіп отырған уақыт қазақ елінің тарихында әдебиетте ғана емес, әлеуметтік өмір мен қоғамдық санаға да үлкен өзгерістер әкелген дағдарысты кезең болып саналады. Абылай хан дәуірі оның хандық билікке келуімен бірге әлеуметтік және саяси қайшылықтарға байланысты мемлекеттік құрылымның жаңа үлгісін іздеуімен ерекшеленеді.

Қазақ жыраулары өмірді, өтіп жатқан саяси-әлеуметтік құбылыстарды әрқайсысы өзінше пайымдады, өзінше таразылады. Оның үстіне ұрпақ алмасуы да әдеби ортаға бұрынғы дәстүрлі сүрлеуді місе тұтпайтын, жаңаша ойлап, өзгеше толғайтын жаңа адамдарды әкелді. Біздің ойымызша жыраулардың жаңа толқынының келуі, тыңдарманның да сапалық жағынан жетілуі, әдеби өмірдегі қарымқатынастардың жаңа түрінің пайда болуы бұл негізінен сол тұстағы күллі саяси, әлеуметтік жағдайлардың өзгеруімен

тікелей астасып қана қоймай, қабылдаушы және жасаушының (жеке автор) сапалық сипатының толысуымен, көркемдік жағынан күллі әлем бейнесінің жанрлық, стилдік тұрғыда жаңаруымен де есте қалады. Қазақтардың әдеби өмірінде көзге айқын шалынбаса да өзгерістер болып жатты. Ол шығарманы қабылдаушы әдеби ортаның өзгеруімен, бұрынғы жырауларға қарағанда өмірдің, айналадағы құбылыстардың нақты суретін салуға тырысушылығымен көзге түсе бастағанын байқаймыз.

Сонымен ХҮІІІ ғасырдағы жоғарыда біз сөз еткен Қазақ хандығындағы әдеби өмірдің ерекше сипаттарының себептерін былайша топтап көрсетуге болады: өмірді эстетикалық тұрғыда танудың жаңаша сипатқа ие болуы, көркемдік әлем бейнесінің сапалы өзгерістерге ұшырауы. Біз сол тұстағы жыраулар толғауларынан жалпылықтан жалқылыққа өту процессінің басталғанын, дүние сырына діни-идеялистік негізде ғана емес, материалистік көзқарас тұрғысынан да баға беруге тырысушылықтың пайда болағанын анық аңғарамыз. Бұл біздің зерттеу нысанымызға алынған Бұқар жырау толғауларынан да анық байқалады.

Қалай десек те Бұқар өзіне дейінгі күллі әдеби дәстүрді терең меңгерген және соны өз шығармашылық өнеріне арқау ете отырып одан әрі дамытқан сөз зергері екені рас. Ұлы жырау жырларында сонау Алтын орда дәуірінен келе жатқан елдің бүтіндігі, ерлік, отансүйгіштік, намысқойлық идеялар жалғасын тапты және оны қазақ хандығының сол дәуірдегі жағдайына қарай жаңа ойлармен, тың таным-түсініктермен толықтырды.

«Бұқар жырау поэзиясы қазақтың көркем сөз өнерінің үлкен асуы екенін көреміз. Оның шығармаларынан қазақ өзінің бүтіндігін, халықтың тыныштығы мен берекесін ойлаған озық парасат иесі екені танылады. Жырау қазақ халқының іргелі, өнегелі ел болуының идеологы рөлінде өшпес ғибрат қалдырған». [70,138] Бұқар өз заманының хал-ахуалын өте терең түсінген сұңғыла саясаткер, үлкен ойшыл жырау болды. Сондықтан да оның поэзиясында жоңғарлармен шайқасқан екі ғасырлық уақыттың барлық шындығы айқын көрініс тапты. Жырау шығармаларынан сол дәуірдің қарапайым адамының іштейгі қалауын, ой-арманын ғана емес, ел билеген хандар мен билердің, атақты батырлардың да болмыс бітімін, атқарған істері мен кемшіліктерін нақты пайымдай аламыз. Жыраудың жалғыздыққа бой алдырған лирикалық менінің астарынан айнала қоршаған орта мен жеке адам арасында қалыпты байланыстың болмайтынын аңғаруға болады. Жырау поэзиясын қанша жерден шығармашылық тұлғаның өзіне ғана тән ойы, жеке адамның субъективті көзқарасына ғана қатысты құбылыс деп қабылдағанымызбен ол бәрібір сол шығармашылық тұлға өмір сүріп отырған заманмен, қоғамдық құрылыспен байланысты болып келеді. Өйткені шайыр шығармаларында өзі өмір сүрген дәуірдің кереғар қайшылықтары мен жүрек қалауымен қолдаған шындығын, өз замандастарының жинақталған ойын білдіреді. Бұқар жырларында замандастарының тарихи тағдырларын, әлеуметтік-психологиялық портреттерін сомдаған. Бұқар жыраудың толғауларындағы философиялық лириканы пейзаждық немесе азаматтық

лириканың өзінен түстеп айырып алу мүмкін емес. Онда нақты философияға құрылған лириканы кездестіру қиын. Таза философияны насихаттайтын поэзияның да болуы мүмкін емес. Өйткені ол өнер. Сондықтан онда көңіл-күй сипаты (эмоция), әсемдікке деген құштарлық басым түсіп жатады. Жыраудың толғауларында ой мен сезім қатар өріліп лирикалық қаһарманның таным-түсінігімен астасып кетеді. Сондықтан да оның философиясының өзі ақынның өзі таныған айнала қоршаған дүниеге деген сенімі мен көзқарастарының жиынтығы ретінде көрінеді. Оның поэзиясындағы философиялық мотивтер адамгершілік, туған жерге деген махаббат, табиғат сұлулығына деген сүйіспеншілік, оның сұлулығы мен гармониясы философиямен өріліп берілген. Ғалымдардың өзі философияны поэзиядан бүтіндей ерекшелеп тұратын белгінің жоққа тән екенін жазады. Б.Қалқаманұлы толғауларында адам мен әлем бір-бірімен гармониялық байланыста суреттеледі. Бұл ақын поэзиясының образдылық сипатын ерекшелей түседі. Оның толғауларының образдылық әлемі ұтқыр кейіптеулер мен метафоралардың жиынтығы іспетті. Жырау өз толғауларында қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың өзін бір ұғымға, бір бір текті құбылыстарға айналдырып жіберетіндей. Оның шығармаларындағы барлық жанды-жансыз тіршіліктің бәрі де лирикалық қаһарманмен байланыста бейнеленеді, тарихын тарқатады, мұңын шағады, сырымен бөліседі. «*Асқар таудың өлгені*», «*Айналасын жер тұтқан*», «*Әлемді түгел көрсе де*» т.б. философиялық толғауларының идеясынан біз оны анық аңғарамыз. Қазақ философиялық лирикасы туралы айта келіп, зерттеуші Р.Бердібаев Бұқар жырларын шығыстың атақты ақыны Рудаки шығармаларымен салыстыра қарастырады. Рудаки тәжік әдебиетін, ондағы философиялық ойды тереңдете түскен алып тұлға болса, Бұқар да қазақ поэзиясында философиялық сарынымен өзгелерден ерекшеленіп тұратын талант иесі дегенді дәлелдейді. [70, 139] Бұқардың үйренген мектебі ауыз әдебиеті. Ол сол дәстүрді жалғастырушы. Фольклор өзінің көркемдік табиғатының аясына өмірдің барлық салаларының болмысын түгел жинақтаған қасиетті қазына, одан біз дүниетанымдық принциптердің сөзбен сомдалған барлық үлгілерін, адамгершілік-этикалық ұстанымдарды, эстетикалық және көркемдік конондардың күллі адамзатқа тән сипаттарын танып біле аламыз. Бұның барлығы ауызша жеткен поэтикалық шығармалар арқылы ұрпақтан ұрпаққа тараған бай рухани мұра, дәстүрлі мәдениеттің құрылымы мен бағыт-бағдарын терең түсінуге көмегі зор үлкен мектеп. Жеке автордың дүниетанымы туралы сөз қозғағанда біз оның өмір сүрген уақыты мен сол замандағы қоғамдық құрылымды, саяси-әлеуметтік жағдайларды да ескеруіміз керек.

Суреткер еркіндігі дегеніміздің өзі – әрбір өнер иесінің қоғамның алға қарай дамуына ықпал ететін өзінің көзі жеткен нақты ойды, жүрек түкпіріндегі идеяны жеткізе алуы, өз сенімін қорғай алуы. Ал сенім қаламгердің дүниетанымымен тікелей қатысты нәрсе. Қалыптасқан дүниетанымсыз өрелі ой мен терең идеяның тууы мүмкін емес. Дүниетаным

кез келген өнер иесінің ақиқат шындық туралы, қоғамдық өмір мен оның мәні туралы, жеке адам туралы, оның бұл өмірдегі орны мен рөлі туралы пайым-түсінігі, көзқарастар жиынтығы.

Адам дүниені ақылмен, парасатпен таниды. Ал сөз өнерін жасаушы ақын оны ойында көркемдейді, дамытады, керек болса өзгертіп жіберуі де мүмкін. Ол негізінен автордың өзі көтерген тақырыпқа беретін бағасына байланысты. ХУІІІ ғасыр бұл қазақ халқы үшін мейрімсіз жаумен айкасып, бірлігінің арқасында тәуелсіздігін сақтап қалған қайғысы мен қасіреті терең, жеңіске деген құлшынысы артып, мемлекеттігін сақтап қалған құбылмалы уақыт болды. Ол заманның қайшылығы, әлеуметтік бейнесі там-тұмдап жеткен тарихи құжаттарға қарағанда сол тұстағы барлық тарихи шындықты жинақтап жырлаған жыраулар поэзиясында молырақ сақталған. Жоңғар шыпқыншылығының халыққа әкелген орасан зор қиындықтары, елдің тәуелсіздігін қорғау жолындағы батырлардың ерлігі, билердің ел бірлігін сақтаудағы рөлі, ханның мемлекет басқарудағы көрегендігі барлығы да сол тұстағы Қожаберген, Бұқар, Үмбетей сияқты жараулар шығармаларында көркем кестеленген. Мысалы, Бұқар жырларындағы әділдігімен, көрегендігімен ел басқарған Абылай хан образының өзі сол тұстағы талай тарихи шындыққа әр қырынан талдау жасап, баға беруге негіз болады.

Абылай хан Бұқар жырларында идеалға айналған тұлға емес. Рас кей тұстарда хан болғандықтан, ел басшысы ретінде оны аспандата мақтап, көтермелеп кететін тұстары кездеседі. Бірақ сонымен қатар оған сын айтып, кемшілігін бетіне басқан кездері де жиі ұшырасады. Ел басшысын мақтау, оған жағымды сөз айту барлық халықтарда кездесетін дәстүр. Бұл тек шығыс халықтарында ғана емес, еуропалық елдердің поэзия тарихын саралап қарасақ оларда да сонау антикалық дәуірден бері жалғасып келе жатқан өзіндік орны бар дәстүр екенін танымыз. Ода жанрының шығу тегін кейбір зерттеушілер көне Мысырға апарып тірейді. Олай болса ел тізгінін ұстаған билеушіге жағымды сөз арнау дәстүрінің адамзат тарихының терең қатпарларында жатқанын аңғарамыз.

Бұқар мен Абылаймен бір ғасырда өмір сүрген орыстың ақындарын салыстыра қарасақ олардың өлеңдерінің көпшілігі өздерінің патшаларына арналған ода жанрында жазылғанын көреміз. Орыс ағартушылық поэзиясының өкілдері саналған М.В.Ломоносов, Г.Р.Державин шығармаларының көпшілігі сол тұстағы Петр патшаға, Екатерина патшайымға арналған. Бірақ олардың ешқайсысы өз патшаларына сын айтпаған, кемшіліктерін біздің жыраулар сияқты бетіне баса алмаған. Бұл Ресей әдебиетінің еуропалық үлгіде енді дамып, жетіле бастаған кезі еді, негізінен неміс, француз, ағылшын әдебиетінің даму ерекшеліктеріне қатты еліктеген тұстары болатын. Сондықтан да роман тектес халықтардағы ода жанрын славян тілінің ерекшеліктеріне ыңғайлап пайдаланып, өз патшаларын мақтаудың алуан үлгілерін дүниеге әкелді. Мысалы, Елизавета патшайымға арнаған Ломоносовтың «Ода на день восшествия на престол Ея

Величества Государыни Императрицы Елисаветы Петровны, самодержицы всероссийския, 1746 года» деген одасында:

Егер шаттығымыз әділетті болса,
Біз тәтті тыныштыққа шомылар едік.
Егер, Ресей сен бақытты болсаң
Ол Елисаветаның арқасы!

*Коль наша радость справедлива!
Нас красит сладостный покой;
О коль, Россия, ты счастлива
Елисаветиною рукой!*

дейді. Яғни Ресейдей үлкен державаның барлық бақыты Елисавета пайтшайымның қолымен жасалып жатыр дегенге саяды. Ал Бұқар жырау «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» деген жырында:

Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің.
Атаңның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жеріңде төре едің?
Қарсы менен Құзарда
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Шешенді және сұрасаң,
Қайда алтынның буы еді?
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүріп күнелткен қара күң еді[25,110],-

деп Абылайды қатты сынға алады. Бұлай ханның бар мінін тізіп бетіне айту тек қана түркі халықтарының поэзиясына тән қасиет. Ақсүйек төре тұқымына, жай ғана төре емес күллі қазақтың ақ киізге көтеріп сайлаған ханына атаң құл, анаң күң, өзің сартсың деп кемсіту өте ауыр сөз. Ханның мықтылығының өзі сол ауыр кінәләған сөздерді көтере білуінде. Ал бұлайша ата-тегіне тиісу, жеке басын қорлау басқа халықтарда, соның ішінде, жоғарыда біз сөз еткен орыс поэзиясында да кездеспейді.

Бұқар жырларындағы Абылай бейнесі оның шығармашылығының басты тақырыбы. Бұқардың көптеген толғауларында Абылай бейнесі әр қырынан көрініп қалып отырады. Абылайды Бұқар ылғи да сынап бермейді, оны көп шығармаларында мақтайды, оның ақылдылығын, батырлығын, жол тапқыштығын жан-жақты ашып көрсетеді.

Көркем шығарма туралы ой ұшығының пайда болуынан бастап оның толықтай өнер дүниесіне айналуына дейінгі шығармашылық үдерістің табысқа жетуі көптеген жайттармен тікелей байланысты. Соның басты белгісінің бірі –талантылық.

Талантсыз нағыз өнер туындысын жасау мүмкін емес. Кез келген нақты өнер түрінің немесе жанрының заңдылығын игеруде, тілін табуда, материалын пайдалануда шеберліктің мәні зор. Шеберліктің алғашқы негізі қоғамдық тәжірибеде жататыны белгілі. Қандай талантты адам болмасын өмірден үйренбей, халықтан тәлім алмай мазмұнды шығарма жасай алмақ емес. Суреткер бойында таланттың болуы оған өмірлік тәжірибеден үйренуге жол ашады, ал өмір өз кезегінде талантты байытып, оның шығармашылық қиялын ұштай түседі, шабытын оятады, суреткердің субъективті әлемін алуан сезімдермен байытады, жаңа ой, тың бояулармен толықтырады.

Суреткер дүниетанымы оның өмірге деген көзқарасын айқындайды, оның өмірлік тәжірибесінің қалыптасып, өзі тудырған шығармасын идеялық-эстетикалық тұрғыдан бағалауына ықпал етеді. Автордың түпкі ойын өз шығармасына көшіруге көмектеседі.

Әрине, суреткер дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі әрдайым тепе-тең бола бермейді. Өмір тәжірибесінің қалыптасуына тек бір жақты дүниетаным ғана әсер етіп қоймайды, керісінше дүниетанымның қалыптасуына өмірлік тәжірибе әлдеқайда белсендірек, әлдеқайда көбірек әсер ететінін жоққа шығара алмаймыз. Кейде тіпті өмірлік тәжірибе қалыптасқан дүниетанымның өзін өзгертіп жіберуі мүмкін. Бірақ қалай десек те суреткердің бірдеңені ұнатуы немесе ұнатпауы тікелей дүниетанымға байланысты болып келеді. Осыдан келіп шығармашылық үдеріс, көркем шығармашылықтың нәтижесіне қатысты авторлық дүниетанымның орасан зор маңызы бар екенін аңғарамыз.

Егер суреткер дүниетанымын ескермеген болсақ, ХҮ-ХVIII ғасырлардағы жыраулар өнерінің ерекшелігін түсіндіре алмаған болар едік. Олардың тек көшпелі халық өмірін шығармаларына арқау етуінің сырын түсіну үшін сол кездегі авторлардың қоғамды, өмірді тану ерекшелігін, олар мұрат тұтқан идеалды нақты пайымдағанымыз жөн. Сонда ғана біз сол тұстағы шығармашылық үдеріске нақты баға бере аламыз.

Олардың сөзді ойнату, ойды образбен бейнелеп жеткізу шеберлігі жағынан ешбір кемдік таба алмаймыз. Бірақ қазіргі поэзиядағыдай нәзіктік, адамның сезім сырына терең үңілу көп кездесе бермейді. Оны айтасыз, жыраулар поэзиясынан ғашықтық, махаббат тақырыбына арналған жырдың өзін таба алмаймыз. Неге? Себебі бұл сол кездегі заманға, сол қоғамда қалыптасқан көзқарастар жиынтығына, адамдардың дүниетанымына тікелей байланысты. Жыраулар поэзиясында отан қорғау, ерлікті дәріптеу, батырға тән мәрт мінезді сомдау басты мақсатқа айналған, ал жеке адамның сезім шырғалаңын суреттеу, ғашықтықты жырлау, әйел сұлулығына бас ію ол кездегі батырлар үшін өз намысын таптау, әлсіздік ретінде бағаланған.

Әрине, адам тәрбиесінде ұлттық дүниетанымның орны алабөтен. Бірақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өмірлік тәжірибенің орны ерекше. Адамдардың ғасырлар бойы өмірден жинақтаған тәжірибесі адам тәрбиелеуде зор маңызы бар құрал болып саналады.

Солай дей тұрғанмен де, өмірлік тәжірибенің өзі өнермен салыстырғанда аясы тар, шамасы шектеулі екенін ескергеніміз жөн. Ал өнер болса ол күллі адамзат баласының тәжірибесінен ғана емес, ой-арманынан, қиялы мен ақыл-парасатынан пайда болған көркем образдар жүйесі.

Өнер өмір құбылыстарын шынайы бейнелей отырып, адамдардың өмір тәжірибесіне қайшы келмейді, қайта оны толықтырып байыта түседі. Сөйтіп, өнер өмірдің оқулығы секілді қызмет етеді.

Өнер адамдарды әсемдікті, сұлулықты қабылдауға ғана үйретіп қоймайды, сол әсемдіктің тікелей көмегімен адамдарды жаңа танымдарға, өзгеше мінез қалыптастыруға жетелейді. Бұл оның эстетикалық сипаты болып саналады. Өнер арқылы болатын кез келген толғаным – ол эстетикалық толғаным, оның соңы міндетті түрде эстетикалық ләззат алуға әкеліп соғады.

Бір өнер туындылары болады, өзінің мәні мен маңызын қай дәуірде болса да жоғалтпай, ылғи да жаңа қырынан танылып, ғасырлар бойы адамзат баласының рухани қажеттілігін қанағаттандырып келеді. Қанша ұрпақ алмасып, қоғам өзгеріп жатса да ол туындыларға деген рухани сұраным ешқашан да суымайды, қайта қоғам дамуына күні кеше туған шығармадай қызмет етіп, өмірдің әсемдігін, сұлулығын жырлаудан жалықпайды. Мысалы, Бұқар жырау шығармалары біздің ұлт үшін, тек қана қазақ халқы емес адамзат баласы үшін өз маңызын жоймайтын, ешқашан ескірмейтін үлкен рухани құндылық. Оны араға уақыт салып қайта оқыған сайын жаңа бір мазмұнын ашқандай, бұрын беймәлім болып келген соны бір қырын танығандай боламыз. Себебі ұлы жырау адамзат санасында мәңгі ескірмейтін, мәні терең философиялық мәселелерді сөз еткен.

Бұқардың поэзиясында отаншылдық, өз халқына деген сүйіспеншілік тақырыбы осы кезге шейін басты орында болып келді және бола да бермек. Ол фольклорымыздағы дастан, ертегі, эпос, бесік жыры сияқты жанрларды пайдалана отырып, өзінің алдындағы жыраулық поэзияны дамытып ерекше сұлу халықтық толғаулардың негізін қалады. Оның формасы жағынан қазақ фольклорымен өзектес шығармалары халық санасына жақын әрі түсінікті болды.

Оның жырларындағы биік азаматтық пафос, отансүйгіштігі, гуманизмі біздің заманымызда әлі де өзекті, ал жыраудың философиялық ой-пікірлері ғасырлар бойы ел-жұртымен бірге өмір сүріп, тәуелсіз Қазақстанның бақытты жарқын болашағын құруда ұстанатын нысан болып отыр. Сондықтан да өзін өз заманында «Көмекей әулие» атаған Бұқар Қалқаманұлы күні бүгінге дейін халықтың сүйікті сөз зергерлерінің бірі болып қала береді және оның шығармалары әлі күнге дейін ұрпақтарын шабыттандыруда. Бұқар жыраудың поэзиясы – Отан туралы, табиғат туралы, махаббат пен достық туралы, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының басты құндылықтары туралы толғаулар. Бұқар шығармашылығында қазақ тайпаларының басын біріктіру мәселесі туралы үздіксіз үндеуі маңызды орын алады. Ол еңбекқор да табанды, қайсар да жігерлі қазақ халқының кемел қоғамын

калыптастыратына нық сенді. Оның негізі бірлікте, татулықта екенін талмай насихаттаумен болды. Бұл туралы ол «Өлең - сөздің данасы» атты толғауында былай деген еді:

Өлең ойлап есіме,
Түседі қазақ данасы,
Ауыл маңын мал жесе,
Ауыл сәнін кетірет,
Елдің ішін дау жесе,
Елдің сәнін кетірет,
Көрші аралас өтпесе,
Көңілдің көркін кетірет,
Абысын тату өтпесе,
Ағайын сәнін кетірет

Бұқар жыраудың бұл қанатты сөзін халық қазірге дейін жатқа айтады, моральдық ұстаным ретінде ұстанады. Ойшыл, ел болашағына алаңдаған жыпау сол қиын-қыстау кездің өзінде мемлекеті ыдырауға айналған қазақтарды келісімге, ұлттық бірлікке шақырды. Бұқар жыраудың ұлылығы – оның алғашқылардың бірі болып ру-ру болып шашыраңқы өмір сүрген қазақтарды біртұтас халық деп санап, сол идеяны алға жылжытуында. Бірақ еркіндік пен тәуелсіздік үшін тек бірлік аздық етеді. Ежелгі дәстүр бойынша киелі саналатын биік адамгершілікті, шайқаста батылдық танытуды, берген сөзіндегі мызғымас адалдықты, қонақжайлылықты, мұқтаж жандарға кез келген сәтте қол ұшын беруге дайын болуды халық қалтқысыз сақтауы қажет. Мысалы:

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмандар жанжал, ерегес, - дейді.

Бұқар бұл толғауында мәрт мінезді адамды сараңға қарама-қарсы қоя отырып, мінсіз азаматтың бейнесін жасайды. Халық даналығын, мақал-мәтелдерін кеңінен қолданып, халық шығармашылығына айналып, күні бүгінге дейін арамызда өмір сүріп келе жатқан осындай айшықты формулаларды жасады. Бұқардың ақындық мұрасынан оның талай рет шайқастарға қатысып, билер сайысында болғаны байқалады. Бұл сапарларында ақын өзінің тәжірибесін одан әрі кеңейтіп, оны жаңа әсерлермен байытуға мүмкіндік алған сыңайлы. Жырау шығармашылығы әртүрлі халықтардың өмірі, әдет-ғұрпы, тұрмысы мен мәдениеті туралы ақпараттармен толысқан.

Бұқар өмір сүрген уақыт бізден екі жүз жылдан аса уақытты араға салып тұрса да, оның шығармаларынан дәл сол тұстағы ұлттық, халықтық, адамзаттық проблемаларды анық аңғарғанымызбен, данышпан ақынның өткен дәуірде қозғаған мәселелері бүгін де өзекті, қазір де біз үшін аса құнды рухани азық болып келеді. Оның шығармаларының қаншама уақыт өтсе де халық жадында сақталып, осы кезге шейін жетуінің өзі жырау толғауларының халықтық сипатын, өміршеңдігін танытса керек. Кезінде

профессор Б.Кенжебаевтың «оның жыры халықтың сол дәуірдегі мүддесіне сай келді, тілегіне жауап берді. Демек оның мұрасы – халықтық мұра», - деген сөзін түбегейлі зерттеуден шыққан тұжырымды ой деп білеміз. [10, 71]

Ол белгілі бір этностың рухани және әлеуметтік тұрмысының айнасы іспетті, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік қабаттарының барлығыны да әсер етеді және олармен өзара байланыста болады. Бұқар өмір сүрген заманда жеке авторлық құқық сақталғанымен негізгі үйрену мектебі ертеден келе жатқан ауыз әдебиетінің інжу-маржандары болғаны рас. Керек десеңіз, Бұқар шығармаларының өзі сол көне дәстүр негізінде ауызша айтылып, ауызша тарап жатқан. Бірақ автор қалдырған мұраның фольклордан өзіндік айырмасы да бар еді. Қазір біз ауыз әдебиеті мен фольклордың арасын ашып, әлі де болса нақты тани бермейтін сияқтымыз. Ауыз әдебиетінің барлығы түгел фольклор емес екенін кезінде академик С.Қасқабасов былайша түсіндірген болатын.

«Ауыз әдебиеті» деген ұғым орта ғасырлардағы Қазақстан үшін кәдімгі кәсіби жазба әдебиет ролін атақарған туындыларды білдіреді. Оның фольклордан басты айырмашылығы – авторлық болуы, мәтіннің біршама тұрақтылығы, шығарма мазмұнының нақтылығы, оның кімге арналғанының (адресаттың) белгілі болуы, сондай-ақ шығарма стиліндегі даралық сипат пен автордың «мені» көрініс беретіндігі». [71, 500] Яғни, ауыз әдебиеті де жазба әдебиет сияқты халыққа қызмет ететін, белгілі авторы бар, жеке адамның көзқарастары жинақталған көркем әдебиет. Оның басты ерекшелігі қағазға түспеуінде, халыққа ауызша таралуында ғана болса керек.

Көркем шығармашылықтағы басты мәселелердің бірі тақырып таңдау, белгілі бір өзекті мәселелерді көпшілік назарына ұсыну. Шығарма тақырыбы туралы осы кезге шейін жазылған теориялық тұжырымдар әдебиеттану ғылымында баршылық. Оның мәні мен маңызы туралы қазақ әдебиеттануында Ахмет Байтұрсынұлынан бастап осы кезге дейін біршама зерттеліп қарастырылған деп айта аламыз. Ал Бұқар жыраудың поэзиясына арақау болған тақырыптар сол өзі өмір сүрген тұстағы қазақ елінің тағдыры, қазақ жерінің тағдыры. Жырау шығармаларында элегиялық сарын, өзімен өзінің сырласу мотивін көп байқай бермейміз. Оның шығармалары дәл сол өзі өмір сүрген тұстағы ең өзекті мәселелерге, яғни ел бірлігіне, ел билеушілердің әділдігіне, жеке адамның өмірінің мәні мен мазмұнына арналады. Жырау шығармаларының тақырыбы өте бай және әр алуан. Заманында елдің ішкі, сыртқы істеріне белсене араласқан Бұқар қарапайым шаруа мен бақташының да, хан мен бидің де жағдайларын өз көзімен көріп, солар үшін маңызды деген мәселелерді сөз етіп, өзіндік ой толғаған. Оның шығармаларына арқау болған тақырыптар қуаныш пен қайғы, байлық пен кедейлік, жастық пен кәрілік, жақсы мінез, адами тәрбие, *білім мен иман тб. болған*. Оны кезінде академик Қасқабасов та айтып кеткен болатын. [71, 537]

Бірақ дәл осындай тақырыптарды жырлау сол тұстағы жыраулардың көпшілігіне тән. Себебі ол кездегі қазақ жырауларының сөз етер тақырыбы да, елге үлгі етер ойлары да замана ағымына сай біркелкі

болып келетін. Бұл дәстүрдің ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген М.Өтемісұлына дейін жалғасқанын көпшілігіміз жақсы білеміз. Мысалы, Махамбеттің кейбір шығараларын оның алдында өмір сүрген жыраулар поэзиясымен шатастырып жататынымыз да сондықтан болса керек. Олардың арасында аздаған ғана айырмашылықтар болуы мүмкін. Сондықтан Бұқар жырау шығармашылығын зерттегенде біз ХҮ ғасырдан бастап, ол өмір сүрген тұстағы жыраулардың шығармаларымен салыстыра зерттеуді естен шығармақ емеспіз. Әрине Бұқар жыраудың үйренген мектебі жыраулар поэзиясы болды, жыраулық өнер қазақ поэзиясында ұзақ уақыт өзінің ерекше дәстүрімен, аршынды интонациясымен, сол дәуірдегі қоғамдық жағдайға үйлесімді өзгеше екпінімен халық арасында қадірлі поэзия үлгісі болып қала берді. Сондықтан да бізге белгілі ең ескі авторлардың бірі саналатын Сыпыра жыраудан бастап ХҮІІІ ғасырдағы Бұқарға дейін дидактикалық сарындағы жыр үлгісі сақталып келді. Бұқардың да алғашқы жырлары негізінен сол үлгіде шығарылған болатын. Ел мен жердің қасиетін, оның тағдыры халық болашағымен тығыз байланысты екенін түсінген ақыл тоқтатқан кезінен бастап Бұқар жырларының да мазмұны өзгере бастады. Бұл туралы көрнекті ғалым Қ.Өмірәлиев өзінің Бұқар шығармаларының тілі туралы зерттеу еңбегінде: «Бұқарға дейінгі аты әйгілі жырау-ақындардың бәрі де құрғақ дидактикалық мазмұнды өлеңнен, жеке субъективтік мүдде тұрғысынан келетін ерлік-батырлық, ішнара арнау өлеңдерден ары барған жоқ. Ал Бұқар жалпы халықтық тақырыпты сөз етіп, олардан бір саты жоғары көтерілді», - деп жазды. [72, 269]

Біздің бұл зерттеу еңбегімізге негізінен 18 ғасырдағы қазақ жыраулар поэзиясының материалдары арқау болды. Аталған кезеңдегі шығармашылық үдерісті зерттеудің қазақ әдебиетінде бай тарихы бар. Сонымен қатар зерттеушілердің пайымдауларында аталған дәуір әдебиетінде дәл осы кезеңде қазақ хандығының саяси-әлеуметтік өмірімен өзектес үлкен өзгерістер, дағдарысты кезеңдер болғандығы да жазылады. Абылай хан дәуірі сол кезеңдегі геосаяси және экономикалық жағдайларға байланысты мемлекеттік құрылымның жаңа үлгісін іздеуімен де ерекшеленеді. Бұл ізденістердің ізін сол кездегі жыраулар шығармаларынан анық аңғара аламыз. Егер саралап қарайтын болсақ, жау жағадан алған қиын-қыстау кезеңде бұрынғы дәстүрді жалғастыра отырып жыраулар поэзиясы өсті, дамыды, халықтық аренаға жаңа сөз зергерлері шықты, жаңа тыңдарман пайда болды. Олар әлемнің көркем бейнесін жасауда жаңа биіктерді, соны соқпақтарды игере бастады. Бұл кездегі жыраулардың шығармашылық ұстанымдары және субъект ретінде бұрынғыдан ашылып, айқындала түсті, олардың көзқарастарында ел бірлігі, елдің тағдыры әлдеқайда нақтылыққа, шынайы өмірге жақындағаны байқалады. Олар сол тұстағы қазақ хандығының шама-шарқын дұрыс пайымдап, мемлекетті сақтап қалу мәселесін бірінші деңгейге алып шықты.

Мысалы, «Ханға жауап айтпасам» жырында:

Күнбатыстан бір дұшпан
Ақырда шығар сол тұстан.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,
Өзі сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа[25,123]!-

дейді. Көріп отырғанымыздай, ақын көптеген жырларында жаудың күнбатыстан келетінін ескертеді. Оның сөзбен салынған портретін де береді. Ол жау дінсіз, мейірімсіз, қаскөй. Және ол көшпелі халық емес, олар басқыншылықты атпен емес жаяулап жасайды. Соған қарап ол жаудың отырықшы халық екенін ажыратамыз.

Жыраулар ежелгі көшпелілер арасында отырықшы елдердегі (Ежелгі Мысыр мен Бабылдағы, Шумер мен антикалық дәуірдегі абыздар секілді) абыздардың рөлін атқарған көріпкел, болашақты болжаушы ретінде көрініс береді. Оған сол жыраулардың шығармаларын саралай оқығанда көз жеткіземіз. Себебі олар ханмен, айналасындағы билермен, батырлармен күн сайын ақылдасып, мемлекеттік істерді талқылап отырған. Сондықтан да айналада не боп жатқанын, орыстың не амал жасап жатқанын, қытайдың қандай саясатқа бет бұрғанын тамыршыдай нақты тани алған. Күнбатыстан келетін дұшпанның толғаудағы сипатына қарап орыстан басқа жауды елестете қою да қиын. Жырау өзі таныған шындықты бізге көркем бейне ретінде нақты жеткізіп отыр. Оның болжаушылығын мына толғауынан да анық байқауымызға болады:

Сондай заман жеткенде,
Шаңырағың тұл болар.
Еліңе қауіп төнгенде,
Ата ұрпағың құл болар,
Қаскөйлерің бас болар,
Өзі сары, көзі көк,
Орыстар келер ғалым боп

**** ****

Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны онан зор тұтқан,
Орыстарды пір тұтқан,
Сорлы болған қазағым
Тартарсың сонда жазаңды-ай! – дейді. [23,47]

Орыстың ғалым боп келгені де рас, Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов сияқтыларды біз қазақ әдебиетінің тарихын зерттеді деп күні кешеге дейін құрмет тұтып келгеніміз жасырын емес. Ал олар болса қазақты христиан дініне кіргізуді ғана ойлаған, сол үшін біздің тіліміз бен дәстүрімізді зерттеген ойы теріс миссионерлер еді. Ал 1917 жылғы орыстарда басталған

төңкерістен соң пролетариат диктатурасы орнап, қараны зор, ақсүйекті қор тұтқанымыз біздің халықтың тарихында өшпестей болып жазылып қалды. Орыстың тілін, дәстүрін пір тұтудан әлі күнге шейін арыла алмай келе жатқанымызды күнделікті өмірде кездестіре жүріп, Бұқар жыраудың әулиелігіне, көріпкелдігіне қайран қалғаннан басақа амалымыз жоқ. Бірақ осынау заман болашағын аңдау, оның мәнісін түсіндіру жай ғана баяндала салмай, сұлу да сиқырлы өлең сөзбен бейнеленген.

Жыраулық дәстүрдің сұлу сөзге, айшықты метафоралар мен ырғақты ұйқасқа құралатыны жөнінде осы кезге шейін пікір айтқан зерттеушілер баршылық. Академик З.Ахметов өзінің қазақ поэзиясының көркемдік және құрылымдық ерекшелігі туралы зерттеу еңбегінде Бұқар жыраудың «Арту-арту бел келсе» деген толғауын талдай келіп, сондағы «кездесетін *бүгіліп, тігіліп, жүгініп* деген сипаттама сөздердің өзі-ақ бұл қысқа өленде өмірдегі шындықты, әр-түрлі қимыл-әрекет, тіршілік белгісін ұтымды мүсіндейтін шеберлік бар екеніне айғақ бола алады» - дейді.[73, 54].

Жыраулық өнер, оның ерекше сипаты, өзіне ғана тән мәнері мен машығы, поэзияның көркемдік биігіне көтерілген өзгеше болмысы әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан соң жан-жақты зерттеле бастады. Мысалы, белгілі ғалым Қ.Мәдібай 1996 жылы жазған «Хандық дәуір әдебиеті» деген оқу құралында жыраулар поэзиясының әсем де айшықты, көңілге қонымды болып келуін оның ауызша табан астында суырып салып шығарылғандығынан дейді. Ассонанстар мен алитерациялық қайталаулардың және дыбыстық үндестіктердің белгілі бір өлшемге негізделуіне оның көпшілік алдында ипровизациялық дәстүрде орындалуының әсері болуы да әбден мүмкін. Ғалым өз ойын: «Жырау дүние, жаратылыс, қоғам мен адам ғұмыры, т. б. жайлы толғау, термелерінде көркемдік нақыштарды үйіп-төгіп пайдаланады. Қамшының өріміндей сұлу, сиқыр жыр туғызуда теңеу, салыстыруларды топтап колданады. Бұл суырып салып айтып, үдеп отыратын өленге қажет қалып», - деп қорытқан екен. [74, 57 б.]

Жыраулық поэзия бізге сол қалпында өзгеріссіз жете қоймағаны белгілі. Бұл туралы аталған ауыз әдебиеті өкілдерін зерттегендердің көпшілігі айтып та, жазып та кеткен. Жыраулық өнер қаншама жылдар бойы өзгеріссіз дамды десек те артық айтқан болар едік. Сонау Алтын орда тұсындағы жыраулық өнер мен қазақ хандығы тұсындағы жыраулық өнерде қалай десек те ерекшеліктер байқалады. Оны жыраулық дәстүрді тіл жағынан қарастырған ғалымдар көбірек мысалдар арқылы дәлелдеуге тырысқан. Біз зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған Бұқар жыраудың шығармашылық мұрасы дәл осы жыраулық поэзияның дамыған, жетілген кезеңіне сәйкес келеді.

Қалай десек те Бұқар жырауда өзінің алдында өткен жырауларға қарағанда тілдің көркемдігі жағынан болсын, өлеңнің құрылымдық жағынан болсын, әлемді көркем тану жағынан болсын өзіндік ерекшеліктері бар екені айдан анық. Сыпыра жырау мен Асан қайғыда, Шалкиіз бен Қазтуғандарда ойды жалпылай айту, абстракті көріністерді сипаттау басым болса, Бұқар

толғауларында керісінше нақтылық басым түсіп жатады, оның кейінгі Абай толғаған лирикаға жақындығы байқалады.

«Әлемнің көркем бейнесі» деген түсінік қазіргі әдебиеттанудағы өзекті мәселелердің бірі. Ол бүтіндей маңызды әдеби құбылыстар мен тарихи-әдеби процесстің пайымдалу бағытын айқындайды. Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің өзектілігі де әлемнің көркем бейнесі туралы және оның тарихи тасымалдануына байланысты болмақ. «Әлем бейнесі» деген түсінік ғылыми айналымға XIX ғасырда енген болатын. Алғашында ол әлемнің физикалық бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі т.б. деген түсініктермен астасып жатты. Ал әлемнің көркем бейнесі деген түсінік әдебиеттану ғылымында XX ғасырда ғана орныға бастады.

Бұқар жырау тұсындағы әлемнің көркем бейнесі дегенде біз жыраудың өз заманындағы табиғи, әлеуметтік, тарихи құбылыстарды санасынан көркем бейне ретінде өткізуін, оның басқа жыраулар жасаған көркем бейнеден ерекшелігін атап көрсете аламыз. Бұқар жырау өмір сүрген Абылай хан дәуірі жоңғар шапқыншылығының аяқталуымен, қазақ хандығының нығая бастауымен, мемлекетте жаңа идеологияның орнығуымен ерекшеленеді. Сондықтан да мемлекеттік жеке тұлғалар бейнесі (Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Қаз дауысты Қазыбек би т.б.), мемлекет аралық саяси-экономикалық қатынастар (Орыс-Қазақ, Қытай-Қазақ, Жоңғар-Қазақ қатынастары), қарапайым адамдар бейнесі, жер, су, мекенге қатысты бейнелі сөздер Бұқар шығармаларында өзгеше сипатта көрініс береді. Оларды жалпылама қарастыра отырып сол кезеңдегі әлемнің жырау жасаған көркем бейнесін талдап көрсетуге болады. «Ханға жауап» толғауынан да біз оны айқын аңғара аламыз.

Келесі «Мұсылманның баласы» өлеңінде:

Мұсылманның баласы,

Сірә, бір кеңес құрыңыз.
Бірауызды болыңыз!
Қалған елді тосыңыз,
Бөтен елмен үйір боп,
Еркеңізді қосыңыз.
Кәпір алмас деменіз,
Наны тәтті, - жеменіз.
Зәбірі қатты бұ кәпір
Алмай қоймас деменіз [23,54],-
дейді.

Ол жауға қарсы тұрудың бір ғана жолы бар – ол бірлікті сақтау, бірауызды болу. Мұның барлығы жырда нақты дәлелдермен көрсетілген. Бұқар елге төнген қауіптің қайдан келетінін және оның арты неге апарып соғатынына дейін айтып отыр. «Наны тәтті жеменіз» дегені сол заманнан мыңдаған жылдар бұрын айтылған «Күлтегін» жырындағы «тәтті сөз асыл дүниесіне көп алданып, түркі халқы қырылдың, түркі халқы жойылдың», - деген оймен өзектес жатқанын аңғарамыз. Көшпелі халық қашан да

отырықшы халықтың әр түрлі алдауына түсіп отырған сықылды. Оны Бұқар жырау жай ғана айта салмағаны белгілі, ол сол кездегі барлық саяси жағдайларды саралап, талдай отырып осындай қорытындыға келіп отыр. Егер ХҮІІІ ғасырдағы қазақ елінің геосаяси жағдайына көз жібере қарайтын болсақ, орыс империялистерінің сол кездің өзінде-ақ қазақ хандығын орай қамалдар салып тастағанын көруге болады. Мысалы, Омск (1716), Семей (1718), Өскемен (1720), Павлодар (1720), Орынбор (1735), Петоропавл (1752) қамалдары салынған. Бұл кезде Абылайдың өзі әлі ер жете қоймаған ойын баласы болатын. Яки он сегізінші ғасырда қазақ хандығы тәуелсіз өмір сүріп жатқанымен айнала қоршалған орыс қамалдарының ықпалы оларға кедергі келтірмеді деп айта алмаймыз. Бұқар орыс басқыншыларынан сақтан дегенде осы жағдайдың барлығын да көзімен көріп, біліп отырған болатын. Бұл орыс қамалдары тек қана қорғаныс мақсатында ғана салынбаған, олардың басты мақсаты кең-байтақ қазақ даласын біртіндеп отарлау, оларды зерттей отырып, бірінші қазақтармен сауда-саттық байланыс орнату, ыңғайы келсе бір-біріне айдап салу еді. Бұқардың «наны тәтті жеменіз» деп отырғаны да орыстың зымиян саясатының терең мәнін түсінгендігінен деп нақты айта аламыз.

Расында да өз ойын өлең өрімімен өрнектеп шығудың кім болса соның қолынан келе беретін іс емес екені баршамызға белгілі. Ақынның айтар әрбір ойы жаңа бір ойдың жаршысы, сезім дүниесінің өзгеше бір тың серпіні екенін де кез келгеніміздің сезіне бермейтініміз рас. Егер осындай ой мен сезім шарпасуынан қайнап шықпаған болса, онда ол ешқайсысымызды таңдандыра алмаған болар еді, өз сыйқырымен баурамаған да болар еді. Егер ол оқырманын қызықтырып тарта алмаса, оның ойын онға бөліп, сезіміне шабыт қоспаса өлең емес өлі күйіндегі қарабайыр сөздердің жиынтығы ғана болып шығар еді.

Ал Бұқардың қай шығармасын оқымайық оның сыры терең сырлы ойынан танымың кеңейіп, сұлу сөздердің үйлесіміне елітіп, өмірге деген құштарлығыңның арта түсетінін өзің де байқамай қаласың.

Өйткені ол оқырманға мынау шексіз әлемнің әр алуан проблемасын ұсынады, соған тыңдарманын араласуға үндейді, ең болмағанда сол мәселе туралы ойландыруға ықпал етеді.

Ал мұның бәрі ең алдымен жыраудың өзін толғандырған мәселелер екені белгілі. Өзі күнделікті өмірде ой елегінен өткізіп, халықтың, жалпы адамзат ұрпағының назар аударуы қажет деген мәселелерді жыр жауһарына айналдырып, көпшілік талқысына ұсыну оның азаматтық парызы. Бұл ертеден келе жатқан ақындық дәстүр, сөз өнеріндегі қайшылығы мен қайырымы мол көне соқпақ. Қай дәуір ақындарын оқымайық, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын – тағы да осы азаматтық әуен, ақынның жеке дүниетанымдық поэзиясы. «Азаматтық – бұл идеялық, эстетикалық категория. Ол ақынның творчестволық поэзиясын, дүниетанымын белгілейді, сөйте тұра, өлең сөзге өлмес өмір сыйлайды» [75, 108].,- дейді көрнекті ғалым А.Егеубаев.

Әрине бұған қарап Бұқарды тек азаматтық жырларымен, саяси мәселелерді ғана тақырып етіп алған жырау деген ой тумаса керек. Оның қарапайым пендеге тән ойлары, дүние, жаратылыс, өмір заңдылығы, жалпы адам мінезі мен көңіл-күйінің кейбір сәттерін шебер бейнелейтін шығармалары да жаныңа мұң мен шуақты қатар ұялатар өзінше бір әлем екенін жасыра алмаймыз. Ал сол тұстағы жаугершілік кезеңді жырлағанда ақын бірде азаматтық қырымен көрінсе, енді бірде өзінің іштейгі қиналыс үстіндегі қасіртті хәлін нәзік те сыршыл сезімін терең жеткізе алған. Мысалы, «Арту-арту бел келсе» деген жырында:

Арту-арту бел келсе,
Атан ерлер бүгіліп.
Алыстан қара, шаң көрсе,
Тұлпар шабар тігіліп.
Ел шетіне жау келсе,
Ерлер шығар түрініп.
Ел ішіне дау келсе,
Шешен сөйлер жүгініп.
Тентекпен ел бүлінсе,
Билер шешер жүгінтіп[23,130].

Қарап отырсақ жырау өзінің жеке мүддесі, қара басының қамы туралы ешқандай да сөз айтып отырған жоқ. Барлық ойы, барлық арманы тек қана елдің жайы, жұртының бүтіндігі, халықтың бірлігі туралы болып отыр. Азаматтық үн, азаматтық поэзия дегеніміздің өзі ақынның Отанға, туған жер мен халқының мұң-мұқтажына өзінің поэзиясы арқылы араласуы өзінің көзқарасын білдіруі деп ойлаймыз. Бұл көнеден келе жатқан қазақ ақын-жырауларының бәріне тән қасиет. Жыраулар поэзиясының өкілдерінің барлығы да жеке бастарының қайғы-қуанышын емес, күллі елдің жайын, халықтың бірлігін, олардың болашақтағы жарқын өмірін жырларына арқау еткен. Сыпыра, Шакиіз, Досмамбет, Қазтуған жыраулар шығармаларына көз салар болсақ, олардың поэзиясының басым бөлігі тек қана ел тағдырына, халықтың бақытты өмір сүруіне арналғанын анық байқаймыз. Бұқар жыраудың да жырларын түгелдей қарап шыққан адам оның сан-алуан тақырыптарға қалам тартып, Отанды сүю, ел бірлігі, туған жерге деген махаббатты өмір бойы жырлап өткенінің куәсі болады. Егер оның бәрін жыраудың азаматтық тұлғасына телір болсақ, онда сол азаматтық тұлғасын биіктете түсетін тақырып – бұл ел бірлігі, яғни жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес туралы тақырып болмақ. Оған тек сол үшін ғана азамат ақын деген «атақ» беруге болар еді. Себебі ол жалпы ұлттың амандығы үшін күресіп, соған өз поэзиясы арқылы үн қосып кеткен жырау. Ол өзінің мына дүниедегі атқарған ісі туралы «Алтын, күміс қайда бар» деген толғауында өзінің өлең жазудағы мақсатын, халыққа қызмет ету барысында көрген жанқиярлық еңбегін, сол жолдағы шеккен азабы мен қиындықтарын сөз етеді.

Бұқар жырау өз шығармаларында ХҮІІІ ғасырдағы қазақ елінің хандарының, әскербасылаларының, батырларының тарихи тұлғаларының көркем бейнелерін жасап кеткен сөз зергері. Әрине жыраулар поэзиясынан біз қазіргі әдебиеттегідей нақты сомдалған жүйелі образдар жүйесін таба алмаймыз. Бірақ сол кездегі ұлттық таным мен түсінікке, стильдік ерекшелікке байланысты біршама тарихи адамдардың көркем бейнелері жырау шығармаларында көрініс беретінін рас. Мысалы, Абылай хан, Бөгембай, Қабанбай батырлардың жырау толғауларында кездесетін образдарынан сол кезеңге тән деректер мен ақпараттарды ала алатынымызды ақиқат шындық деп қабылдайтын болсақ, онда олардың көркем бейнелері де жырау толғауларында бар деп сеніммен айта аламыз. Әсіресе Бұқардың көп жырлаған образы ол - Абылай хан бейнесі. Бұқар Абылай хан бейнесін әр қырынан ашуға көп үлес қосқан суреткер. Кейінгі тарихи құжаттарда Абылай ханға қатысты көптеген деректерді Бұқар шығармаларынан алып салыстыра пайдалануымыздың өзі бұл ойымыздың дұрыстығын айғақтай түседі. Абылай хан Бұқар жырау шығармаларындағы ең басты тұлға. Бұқар жырау шығармаларындағы образдар жүйесі дегенде ол образдардың кейінгі көркем шығармалардағыдай динамикалық сипатта жасалмағанын да есте ұстағанымыз жөн. Жырау толғауларынан біз Абылайдың іс-әрекетін, толғанысын, жан дүниесіндегі өзгерістер мен құбылыстарды, психологиялық иірімдерді кездестіре алмаймыз. Мысалы «Ей, Абылай, Абылай» деген толғауында Абылайдың өткен өмірін сырттай ғана тамашалаймыз, оның сол қиын өмірді бастан өткізген кезіндегі нақты адамға тән сезімдерін жырау жарқыратып көрсетпейді. Себебі адам мінезін ашу, олардың ішкі болмысын көрсету дәстүрі біздің поэзиямызда ол тұста болмаған сияқты. Бұл мүмкін толғауға ғана тән жанрлық ерекшелік болуы да мүмкін. Толғауда жан-жақты көркем суреттелген адам бейнесінің сыртқы портреті де кездеспейді. Пейзаждық суреттеулердің өзі тұтас, біркелкі болып келмейді. Бұл жыраулардың образ жасауға орашалақ болды немесе адам мен табиғат суретін сөзбен кестелеп жеткізуге шамасы келмеді дегенді білдірмесе керек. Бұқар жырау шығармаларындағы адамдар бейнесі көбінесе жай сипаттау, баяндау үлгісінде, яғни, статикалық күйде суреттелген. Соған қарағанда философиялық ой айтатын толғау жанрында нәзік сезімді, сұлу суретті сөзбен салу өнері толғаудың жанрлық ерекшелігіне қарай әдейі кірістірілмеген деген тұжырым жасауға тура келеді. Өйткені ертеден халықпен бірге жасасып келе жатқан жырларда, соның ішінде лиро-эпостық жырларда адам қимыл-әрекеті немесе адам портретінің небір келісті үлгілерінің бар екенін білеміз. Егер толғауға ондай нәзік сезімді, шебер сомдалған адамдар образын кіргізсе ол шығарма өзінің ойшылдық, дидактикалық сипатынан ажырап қалғандай күй кешер еді. Екіншіден, толғау көбінесе екінші жаққа қаратып айтылатын диалогтық сипаттағы шығарма, сонымен қатар онда лирикалық жанрға тән қасиеттер де бар. Оның нақты екінші жақтағы адрестқа бағыттала айтылуының өзі (бірінші, үшінші жақ емес) бейнелі сөзбен образ жасауына кедергі келтіреді. Батыс әдебиетінде

пайда болған лирикалық жанрда лирикалық қаһараман бейнесі көбінесе бірінші жақта, әйтпесе үшінші жақта суреттеліп, өзінің нәзік сезімге әсер ететін болмысымен ерекшеленеді. Ал толғауда сезімнен гөрі ойға көбірек орын беру байқалады.

Бұқар поэзиясын назар сала оқыған адам оның шығармаларынан Абай шығармаларының бедерін байқаған бола еді. Біз Абайдың Бұқарды сынаған өлеңін білеміз, бірақ оған қарап Абай Бұқардан үйренбеді деген тұжырым жасай алмаймыз. Абай өзі сынап отырып, Бұқар жыраудың ақындығынан көп нәрсені үйренген де сияқты. Абайтану ғылымында Абайдың батысы мен шығысы туралы көп айтылды. Абай орыс әдебиетінен, оның ішінде Пушкин мен Лермонтовтан үйренген деген түсінік күні кешеге дейін белең алып келді. Енді бір зерттеушілер Абайдың поэзияда үйренген алғашқы мектебі шығыс әдебиеті, шығыстың ұлы ойшыл ақындарының Абайға әсері өте зор болды деген пікірде болды. Бірақ Абай қазақ арасында туды, қазақ фольклоры мен қазақ ақындарынан үйренді дегенді аз айтамыз. Осы пікірдің әлі күнге шейін дұрыс зерттелмей келе жатқаны да көбімізге әр алуан ой салады. Біздіңше Абайдың бесіктен белі шыға үйренген мектебі ол қазақ әдебиеті болу керек. Егер қазақ жыраулары мен жыршылары, қазақ ақындары мен шешендері болмаса Абай ұлы ақын болып қалыптасып, хакімдік деңгейге көтеріле алмас еді деген ой туады. Жоғарыдағы жыр жолдарына қарап отырып екі шығармашылық тұлғаға да ортақ көптеген ойлар мен таным-түсініктерді кездестіреміз. Мысалы алғашқы екі тармаққа назар аударып көрелікші:

Өлеңде менің хақым бар,
Қанағат қылмай ойлаған.

Яғни жырау өлеңде өзінің үлесі, еншісі бар екенін, бірақ еш уақытта да оған қанағат қылмағанын ашып айтып отыр. «Қанағат қылмай ойлаған» деген тіркестің астарында ешқашан да өзінің бір жақсы жырына не өлеңіне тоқмейілісіп, мен расында да әдемі айттым, жақсы айттым деп риза бола алмағанын байқаймыз. Бұл жыраудың ылғи да ізденіс үстінде болып, өзін өзі қажап, қайрап терең ой мен бейнелі асыл сөз іздеумен өткенін айғақтаса керек. Ал Абай сөз өнері жайлы не дейді?

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Жоқ барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [76, 104].

Абай да өлеңді еріккеннің ермегі санамапты, құр бекер уақыт өткізу үшін жазбапты. Ол да сөз өнерін қадыр тұтып, жастарға үлгі бермек мақсатында жазыпты. Қарап отырсақ екі ғасырда өмір сүрген екі ақынның да ұстанымдары бір-біріне жақын, бірінің ойын екіншісі дамытып әкеткен сықылды. Мысалы мына жолдарға назар аударып көрелікші:

Ойланындар, жарандар,

Сөзіме бір толғанған.
Бұл күнімде орным тар,
Елім үшін тарманған.
Шөлде суға болдым зар,
Түтегім түтеп зарланғам.
Бұл тірліктен алдым зар,
Жаным түңіліп жалғаннан.
Ажалдан кім қалған бар,
Өтті күнім қарманған[25, 104].

Елін, халқын ойлаған жырау өз ішіндегі сырын осылайша ақтарады. Иә, жырау елінің бақыты үшін «тарманды», «зарланды», «қарманды» бірақ әлі де атқара алмаған талай ісім қалды деп өкінеді. Мұндай өкініш халықтың мүддесін ойлаған ұлы тұлғаларға ғана тән өкініш болса керек. «Жаны жалғаннан түңіліп» өмірден өкінішпен өтіп бара жатқанын айтады. Өмірде өз миссиясын орындай алмай кеткен ақындарда осындай өкінішті жырлау әлем әдебиетіндегі барлық ақындарға тән. Махамбет те «Құсалықпен өтті ғой Махамбеттің көп күні» демейтін бе еді?! Мұны жалпы ақын адамдарға тән торығу мотиві деуімізге болады. Осыны Абайдың «Өлсем орным - қара жер сыз болмай ма» лирикасымен салыстыра зерделесек Бұқармен екеуіндегі ойдың бір-біріне өте жақын екеніне көзіміз жетеді.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей. [76, 178].

Бұқар жырау «Ойланындар жарандар, сөзіме бір толғанған» десе, Абай «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» дейді. Бұқар «Бұл тірліктен алдым зар, Жаным түңіліп жалғаннан, Ажалдан кім қалған бар», десе Абай:

«Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей» [76,
179],-

дейді. Егер сөз астарына тереңірек үңілер болсақ бұл өлең жолдарынан екі ақынға тән ортақ ойды, сезім шырғалаңын, көңіл-күй өзгерістерін айқын аңғарамыз. Екеуінде де ел үшін, халықтың болашағы үшін қайғыға түсу мотиві орын алған. Мұндай ой бірлігі, халық тағдырына алаңдау, сол үшін уайым кешу сарыны екі ақында да жиі кездеседі. Мысалы, Абайдың атақты «Аттың сыны» өлеңінің алғашқы сарынын осы Бұқар толғауларынан кездестіре аламыз. Бұқар көшпелі елдің тұрғыны ретінде арғымақ ат туралы, желден жүйрік сәйгүліктің сын-сипаты туралы да біраз ойлар қалдырған.

Ай, айтамын, айтамын,
Мінген атың айтамын,
Ойнай басқан аяқтым,
От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Саурысын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған
Тостаған көзді торыны

Топ тарқамай мін-сана,- деп келеді. Ал Абайда да аттың сыны осыдан алыс емес. Оның өлеңін толық келтірмей ақ, нақты екі ақындағы ат сынына ортақ белгілерді салыстыра кетсек те болар деп ойладық. «Шоқпардай кекіл», «қамыс құлақ», «салпы ерін», «жұмыр тұяқ», «кең сауырлы», «екі көзін төңкеріп».[76.44 бет] Салыстыра қарағанымызда екеуінің ат сынына қоятын талабы бір-біріне өте жақын және ұқсас.

Расында да абайтанушылар Абай шығармалары мен оның алдындағы жыраулар поэзиясын салыстыра зерттесе ұлы ақынның ұлттық дәстүрден үйренген талай дүниелерінің көзін ашқан болар еді. Бұған қарап біз Абай Бұқарды оқыған, одан үйренген, өзі ақын ретінде толысқан кезінде оны сынаған деген тұжырым жасай аламыз.

Бұқар өз тұсындағы замана ағымынан, қоғамдық сананың даму, өзгеру процесінен ешқашан кешеуілдеп көрмеген жырау. Ол пәлсапалық жырлары арқылы түрен түспеген тың ой, соны тақырыпты дер кезінде тыңдаушысына жеткізген данагөй қарт. Қарапайым адам баласын қай кезде қандай ой мазаласа, оны да дәл сол проблемалар әрдайым алаңдатқан. Бұл тұрғыдан оны өз елінің күллі тыныс – тіршілігін бақылап отырған тамыршысына ұқсатамыз. Бірақ ол сол қызметі үшін бәлсінбеген де, қайта оны өзінің қасиетті парзы деп санаған.

Бұқар жыраудың жалғыздыққа бой алдырған лирикалық менінің астарынан айнала қоршаған орта мен жеке адам арасында қалыпты байланыстың болмайтынын аңғаруға болады. Ақын өлеңдерін қанша жерден шығармашылық тұлғаның өзіне ғана тән ойы, жеке адамның субъективті көзқарасына ғана қатысты құбылыс деп қабылдағанымызбен ол бәрібір сол ақын өмір сүріп отырған заманмен, қоғамдық құрылыспен байланысты болып келеді. Өйткені ақын шығармаларында өзі өмір сүрген дәуірдің кереғар қайшылықтары мен жүрек қалауымен қолдаған шындығын, өз замандастарының жинақталған ойын білдіреді. Бұқар толғауларында өзі өмір сүрген кезеңдегі адамдардың тарихи тағдырларын, әлеуметтік–психологиялық портреттерін сомдаған.

Б.Қалқаманұлы шығармашылығындағы философиялық лириканы пейзаждық немесе махаббат лирикасынан, азаматтық лириканың өзінен түстеп айырып айырып алу мүмкін емес. Онда нақты философияға құрылған өлеңдерді кездестіру қиын. Таза философияны насихаттайтын поэзияның да

болуы мүмкін емес. Өйткені ол - өнер. Сондықтан онда көңіл-күй сипаты (эмоция), ұлттық дүниетаным, әсемдікке деген құштарлық басым түсіп жатады.

Демек, ұлттық дүниетаным дегеніміз – белгілі бір ұлттың дүниеге, қоршаған ортаға деген көзқарасы, таным-түсінігі.

Әрбір халық өз тілінің негізінде өзіне тән дүние сезім мен дүниетанымын қалыптастырады. Олай болса, жер бетінде өз тілінің негізінде қанша халық өмір сүріп жатса, соншалықты дүниесезім, дүниетаным, философия болады.

Көне гректердің айтқанындай, философия дүниеге таңғалудан басталады. Ал оның өзі өмірдегі күнбе-күн кездесетін айқын да түсінікті құбылыстардан туындамайтыны баршаға мәлім. Таң қалатын құбылыс сиқырлығы мен көпқырлылығы, әсемділігі мен орасан зор күш-қуаты, я болмаса ерекше нәзіктігімен көрініп, адамның жан дүниесінде ерекше із қалдырады.

Философиялық деңгейге көтерілсек, бұл дүниеде мәңгілік адам таңғалатын екі-ақ құбылыс бар. Оның бірі - әлем, барлық өмір сүріп жатқан дүние болса, екіншісі – өзіндік сана-сезімі, ішкі рухани өмірі бар адам болмақ. Біріншісі құшаққа да ой елегінің ауқымына да сыймайтын шексіз де мәңгілік әлем. Дүние ғарыш болатын болса, екіншісі ғарыштағы құбылыстармен салыстырғанда атом сияқты, бірақ өзінің нәзік жан дүниесі бар адам. Адам – кіші әлем ретінде үлкен әлемге – ғарышқа тең. Бүкіл ғарыштың барлық сиқыры мен талпынысы адамның табиғатында жиналған.

Сондықтан осыдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген белгісіз түрік бабамыз алдындағы жатқан дүниеге таңғалып сол жөнінде алғаш рет ойланып, ондағы адамның орны қандай екен деген сұрақты өз алдына қойған кезде, сол сәтте отандық философия бұлағының көзі ашылды десекте болады. Қазақ халқының дүние сезімі мен дүниетанымының ерекшеліктері, әрине ол өмір сүрген табиғаттың, соған бейімделіп қалыптасқан шарушылық формалары, өмір салтының жүйелері мен тығыз байланысты болса керек. Жоғарыда айтылған тұрғыдан бұл мәселеге көз жіберсек онда біздің ата-бабаларымыз таңдап алып, өз Отанына айналдырған жерлер мал өсіруге лайықты, табиғаты қатал, суға тапшы, сонымен қатар өрісі кең, малдың соңында көшіп-қонуға мол мүмкіншілігі бар кеңістікте орналасқан болатын. Ал табиғаты жұмсақ, суы мол жерлерде (мысалы, Сырдария, Шу өзендерінің т.с.с бойларында) халық жерге тұрақтанып егіс егіп, қолөнерін дамытып, қалалар тұрғызды. Оған мысал ретінде «Жібек жолы» бойында орналасқан орта ғасырдағы қалаларды айтуға болады. Ал жыраулар поэзиясына келер болсақ онда негізінен дала табиғаты, дала суреті көп орын алған, ал қалалардың аты аталғаны болмаса олар туралы нақты толғаулар кездесе бермейді.

Поэзиядағы, соның ішінде толғаудағы автордың рөлі ерекше. Себебі автордың іштейгі толғанысы мен күйзелісі тыңдарманға әлдеқайда жақын және түсінікті болып келеді. Өйткені толғау айтушы автор – ол

тыңдарманның (оқырманның) қиял әлеміндегі сырласы. Жырдың жалпы оны түсініп қабылдайтындар үшін танымдық қана емес, тағылымдық, психологиялық қасиетінің де басым екенін есте ұстаған жөн. Поэзия негізінен автобиографиялық жанр. Себебі онда автордың бүкіл ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді тыңдарман не оқырман дәл сол секілді сезініп, онымен бірге күйзеліп немесе қуанып отырады. Егер толғауды А.Байтұрсынұлы көрсеткендей лирика деп түсінетін болсақ, лирикада автор өз позициясын, көзқарасын бүркемелеп жасыра алмайды. Поэзия аз сөзбен мағынасы терең ой мен қарапайым сөзбен айтып жеткізу қиын сезімді бейнелеуге бейім және ыңғайлы жанр. Ал жыр немесе толғау ХҮІІІ ғасырдағы шығармашылық тұлға мен тыңдарман үшін таусылмас көркем материал, рухани қазына болып саналған.

Бұқардың қай толғауын алмайық онда ой мен сезім қатар өріліп лирикалық қаһарманның таным-түсінігімен астасып кетеді. Сондықтан да оның философиясы өзі таныған айнала қоршаған дүниеге деген сенімі мен көзқарастарының жиынтығы ретінде көрінеді. Оның поэзиясындағы философиялық мотивтер қызға ғашықтық, туған жерге деген махаббат, табиғат сұлулығына деген сүйіспеншілік, оның сұлулығы мен гармониясы философиямен өріліп берілген. Әрине ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясы негізінен ауызша тарады, себебі оған фольклордың ықпалы күшті еді. Жыраулар поэзиясынан, соның ішінде Бұқар жырау жырларынан біз қазіргі лирикаға тән нәзіктікті, элегиялық сарынды, адамның ішкі сырын ашып көрсететін психологиялық иірімдерді сирек ұшыратамыз. Соған қарамастан әйел мінезі, оның поэтикалық сыртқы портреттері, таза махаббат лирикасына жатқыза алмасақ та, әйелдің нәзіктігін, ойнақы қылығын бейнелеген суреттемелер кездесіп қалып жатады.

Қызда қылық болмаса,

Құр шырайдан не пайда? [23, 109].

Бұл бүгінгі күнге дейін өзінің маңызын жоймай келе жатқан түсініктің бірі. «Қыз - қылығымен сұлу» деген қазақта мақал да бар. Ал осы тәмсілдің мәні мен маңызы туралы батыс философтары мен психологтары соңғы кезде біршама зерттеу еңбектер жазып тастады. Қылық мінез бе әлде әдеп пе деген мәселе төңірегінде де айтыс-тартыс толастаған емес. Расында да қыз бойында тәрбиелі мінез болмаса онда оның бет жүзіндегі мөлдіреген көркі мен сымбатынан не пайда?!

Үлдемен басын ораған,

Семсермен шашын тараған,

Қиғаштап қасын қараған,

Күлгенде күрек тісі қасқайған,

Қынай да белін буынған,

Ол не болар ерден соң [22, 102].

Бұл толғауда да әйелдің сыртқы бейнесі сипатталған. Оқырман көз алдына сұлу қыздың шашы, қасы, белі ғана елес беретіні рас. Басын сол

кез үшін өте қымбат жұқа жібекпен орағаны, шашын семсермен тараудың астарында ол шатшың өте қалың екені бейнеленіп тұр. Бұл «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты лиро-эпостардан келе жатқан үлгі. Қыз Жібек жырында:

Қыз Жібектің шаштары,
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,
Сегіз бейіш ішінде,
Хорлардың жаққан шырағы[77, 104],-

деген жыр үлгісінде келеді.

Қазақ поэзиясында әйелдің сыртқы сымбатын суреттеу ХХ ғасырдың басына дейін осы көне дәстүрде жалғасып келді. Бұған Абайдың әйелдің сырт келбеті туралы жазылған «Қақтаған ақ күмістей, кең маңдайлы» деген өлеңін мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймыз. Ол өлең туралы кезінде академик З.Қабдолов: «Ақындығының алғашқы кезеңінде, Абайдың орыс классиктерімен етене жақын емес кезінде жазған махаббат тақырыбындағы өлеңдері - теңеу, тіл жағынан да, махаббат - достық мәселесін сезініп, ұғыну жағынан да қазақ ауыз әдебиетінің бұрынғы көне үлгісінде жазылған шығармалар. ...Қысқасы, ақынның бұл айшығы толыққанды адам образына айнала қоймаған. Адамның ішкі сыры мен сезіміне терең бойламай, сырт бедерін ғана қызықтап, статикалық портретпен тынған», - дейді. [78,78]

Лирикада, яғни толғауда динамикалық образ жасау үлгісі қазақ поэзиясында Абайға дейін болмағанын ескерер болсақ, Бұқардың әйел портретін статикалық күйде суреттеуі өз заманы үшін қалыпты жағдай. Ертедегі толғауларда кез келген нәрсенің мәні мен мағынасын ашу, оның философиялық болмысын таныту басты орында болғаны рас. Өйткені дидактикалық шығармаларда сұлулықтың эстетикалық сипатын танытудан гөрі, сол құбылыстың өмірлік мәніне, тәрбиесіне баса назар аудару бірінші кезекте тұрады. Сондықтан да кез-келген толғаудан біз ақыл айтуды, философияны көбірек кездестіріп жатамыз.

Ғалымдардың өзі философияны поэзиядан бүтіндей ерекшелеп тұратын белгінің жоққа тән екенін жазады. Бұқар жырларында адам мен әлем бір-бірімен гармониялық байланыста суреттеледі. Бұл жырау поэзиясының образдылық сипатын ерекшелей түседі. Оның жырларының образдылық әлемі ұтқыр кейіптеулер мен метафоралардың жиынтығы іспетті. Бұқар өз өлеңдерінде қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың өзін бір ұғымға, бір текті құбылыстарға айналдырып жіберетіндей. Оның шығармаларындағы барлық жанды-жансыз тіршіліктің бәрі де лирикалық қаһарманмен байланыста бейнеленеді, тарихын тарқатады, мұңын шағады, сырымен бөліседі.

Жыраудың поэзияда қозғаған тақырыбы әр алуан. Ол бірде ханның ақылшысы болып көрінсе, енді бірде өмірден өткен батырдың жоқтаушысы, кейде тіпті жасы жеткен қарияның сырласы болып та жыр толғаған. Оның шығармаларын парақтай отырып, он сегізінші ғасырдағы қазақ елінің саяси-

элеуметтік бейнесін ғана емес, сол кездегі көшпелі қазақ өмір сүрген табиғи ортаны да терең тануымызға болады. «Ай не болар күннен соң?» деген жырында:

Ай не болар күннен соң?
Күн не болар айдан соң?
Құлпырып тұрған бәйшешек,
Қурай болар сынған соң [25,102].

Мына дүниенің барлығы да өтпелі екенін, олардың бәрі де белгілі бір заңдылыққа бағынатынын тұспалдайды. Жырау дүниенің өтпелі екенін өзі көрген, сол кез үшін жалпы жұртшылыққа таныс қарапайым заттар арқылы әдемі түсіндіреді. Бәйшешек ерте гүлдейтін, тез қурап кететін даладағы гүл. Ал сол бәйшешекті мал таптап кетсе қурайға айналатыны да рас. Онда ол аз күнгі барлық сәнінен, сұлулығынан айрылады. Кепкен қурайда қандай әсемдік болсын... Ал осынау қым-қуыт тіршілік трагедиясы туған табиғатпен кіндіктес, сол ортаның барлық заңдылықтарымен үйлесімді өмір сүріп отырған көшпелі халықтың басынан өткен оқиғалар ретінде суреттеледі. Табиғат ақынның сөзбен салған суретінің негізгі фоны іспетті. Ақын қазақтың өткен замандардағы тарихын суретті сөзге айналдыра отырып, әр қилы оқиғалар тізбегінің желісін сол дәуірлерге тән кеңістік аясымен бірлікте жырлайды.

Өнер өмірдегіні айнытпай көшіру емес, керісінше, суреткер жырау өз түйсігіндегі ойды, айтқысы келген идеяны сол табиғаттың бір бөлшегін сипаттай отырып басқаларға ой тастау үшін пайдаланады. Сондықтан да өзі көрген құбылысты құлпыртып, образдылық қырын өзгеше түсініктермен толықтыра түседі.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де
Қызыққа тоймас адамзат [25,126] –

деген бейнелі сөздің астарында қаншалықты үлкен ой жатқанын, қандай қимыл-қозғалыс пен ұқсас құбылыстардың жақындасып, өзгеше бір образға айналғанын айтып жатудың өзі артық. Керемет жүйрік қиял, әдемі сурет! «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де» деген жолдарды оқып отырып Мағжанның «Жұлдыз жүзік, айды алқа ғып берейін» деген жолдары есімізге түседі, қазақтың тарлан ақынының тамырсыз жерден пайда болмағанын ұққандай боламыз. Ал мұндай өлең жолдарын, айшықты, бейнелі сөздерді Бұқар шығармаларынан топтап көрсетуге болады.

Бұқар танымында адам мен табиғат егіз ұғым. Адам табиғатқа сырттайғы пішінімен ғана емес бүкіл сана сезімімен тәуелді. Айнала тіршілікте болып жатқан көріністердің адам сезіміне ізін қалдырып, көңілінде қуаныш кейде мұң ұялататынын теріске шығара алмаймыз. Сондықтан да ақынның танымындағы табиғат сипаты әр алуан, әрқилы болып келеді және де ол ылғи да өмір ағымымен қатар, қабаттаса

суреттеледі. «Қарағайдың қарсы біткен бұтағы» десе біз оны шынайы болған оқиғадай сеніммен қабылдаймыз. Егер күллі әлем бір-бірімен тығыз байланыста, бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отыратын гармониялық қозғалыс үстіндегі тұтастықтан тұратын болса, онда жырау шығармаларында олардың арасындағы барлық қарым-қатынас, диалектикалық қарама-қайшылық бір-бірінмен өзара байланыста суреттелуі заңдылық.

Ақсамнан биік тау болмас,
Бауырында қашқан күзен көрінбес,
Ертістен үлкен су болмас,
Аққанда беті білінбес.
Қарағайдан артық ну болмас,
Ішінен аспаны көрінбес! [25,107]

Қазақ жырауының жиі қолданатын көркемдеуіш құралдары әр алуан таулар мен өзендер, ағаштарға қатысты екендігін оның шығармаларын парақтай отырып байқауға болады. Бұқарда табиғат құбылыстары өзінің болған оқиғаны суреттеуі мен адам мінезін жан-жақты ашып көрсету үшін жиі пайдаланған әдісі екендігі рас. Оның жыр жолдарынан нақты қазақ жеріне тән «Ақсамнан биік тау болмас», «Ертістен үлкен су болмас» «Қарағайдан артық ну болмас» т.б. сияқты толып жатқан тек тау мен өзенге, ағашқа қатысты поэтикалық қолданыстарды молынан ұшыратамыз. Қазақ даласында кездесетін төл табиғатымыздың барлық түрін автор шығармаларында өз ойын көркемдеп жеткізу үшін, белгілі бір құбылыстың өзіне ғана тән сыры мен сипатын ашып, айқындай түсу үшін ұтымды пайдалана алған. Ақынның көркемдеу құралдары бұл өлеңінің алғашқы бес тармағында түгелге жуық жоғарыда біз мысалға келтіргендей тау мен судың қасиеттері мен әрекеттеріне негізделген. Сонымен қатар осы жолдардан ойлана көз жіберген кісі ғана байқай алатын терең мағыналы астарлаудың үлгісін аңғаруға болады.

Поэзияда «азамат ақын» деген тіркес бар. Ол орыс әдебиетіндегі Н.А.Некрасовтың «Ақын болу өз еркің, азамат болу міндетің!» деген мына өлеңінен кейін енген термин деп ойлаймыз. Мұны негізінен XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейді әлем алдында масқара еткен крепостнойлық құрылысқа қарсы жазылған шығарма деп қабылдауымыз керек. Ал бізде азаматтық деген ұғым ашық айтылмаса да, қазақтың кез-келген жырауы халықтың, мемлекеттің қамын ойлап, барлық ойлары мен пікірлерін соған арнаған. Ол қазақ поэзиясында бастауын түркі дәуірінен алатын ертеден қалыптасқан дәстүр болатын.

Оғыздармен бес соғысты,
Сонда ақылгөйі де мен едім.
Дем берушісі де мен едім.
Елтеріс қаған үшін,
Түрік Бегі қаған үшін,
Түрік Білге қаған үшін,
Қапаған қаған үшін,

Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым,
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым,
Күш-қуатымды аямадым...

*** *** ***

Тәңірі жарылқады!
Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім! [79,76]

Бұл жырда халыққа қызмет ету, елін жаудан қорғау мәселесі анық айтылған. Сол үшін қалай қиналғанын, «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» уайым шегіп, жанталаса күрескенін де нақты баяндайды. Ал кейінгі жыраулар поэзиясында дәл осы сарын өз жалғасын тауып, Бұқар заманына дейін көрініс бергеніне олардың шығармаларын оқи отырып көз жеткізуге болады. Бұқар жырау шығармаларының басым бөлігі негізінен ел тағдырына, елді басқарып отырған ханға арналғанын білеміз. Ол туралы кезінде ғалым С.Қасқабасов: «Абылай ордасына келгеннен кейінгі Бұқардың шығармашылығы бұхаралықтан гөрі мемлекеттік мәнге ие. Бұл уақыттағы толғаулар қоғам үшін аса зәру, тарихи мәнді мәселелерге арналған. Сол себепті екінші топтағы поэзия - мемлекетке қызмет етуге бағышталған, жоғары функция атқаруға бағытталған, сондықтан да мемлекет те, оның басшысы да өте күшті болуға тиіс деген идеяны насихаттап, қоғамдық пікір орнықтыруға жұмыс істейді», -деп жазған болатын. [71, 537].

Кез келген ел өз өркениетінің басын ұлт болып ұйысқан, ұлт болып танылған тұсынан іздейді. Ұлттық идея деген - тұтас бір халықтың жұмыла сол елге қызмет етуі, әр адамның бойында отанға, сол ұлтқа, бір мүддеге жетуге деген ортақ мақсаттың болуы. Ал ондай идеяны сол ұлттан шыққан кемеңгер адамдар халықтың көкейіндегі қалауын зерделей отырып ойлап табады. Онда сол ұлттың өткені мен бүгіні, өмір сүру дәстүрі, өзіндік ерекшеліктері халықтың ежелден келе жатқан тарихи идеалдары толығымен қамтылады. Біз бүгін өткен ғасырлардағы жыраулар, ақындар, шешендер мен көсемдердің айтқан ойлары мен пікірлері неге керек десек, сол ұлттық идеяның бастауында тұрғандықтан, елдің елдігін көксегендіктен, ұлтты ұйыстырған ой айтқандықтан қажет болады екен. Терендегі тарихи тамырын білмесе кейінгі ұрпақтың да алға жылжуы қиын. Жыраулардың артына қалдырған әр бір сөзі біз үшін тек тарихи дерек қана емес, ол болашаққа барар жолда ұстанатын негізгі бағдарымыз болуға тиіс.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті сөз болатын болса онда ең көп зерттеліп, біршама ғалымдардың назарына ілінген жырау – ол Бұқар ақын. Қазіргі күні Бұқар жырау шығармашылығы туралы тұжырымды ой мен тиянақты пікір қалыптасқан деп сеніммен айта аламыз. Бұқар жырау ол өзіне дейінгі жыраулар мектебінің түлегі бола тұра, ол мектепті дамытты, жаңа бір сапалы биікке көтере білді. Оның шығармашылық өнерін бұрынғы жыраулардан ерекшелейтін – бірінші оның заманы болса, екінші оның

мемлекетшілдігі. Бұқар ең қиын кезде үш жүздің басын қосқан Абылай ханның қасынан табылып, оған сыртқы жаудан қорғану, ішкі қайшылықтарды жою жөнінде ақыл-кеңес беріп отырған. Ол ел ісіне барынша белсене араласқан қоғам қайраткері болды. [13, 85]

«Қазақ ауыз әдебиеті жанр жағынан мейлінше бай. Осы бай әдебиеттің ішінде толғау қай жанрға жақынырақ, ол оның қайсысынан бөлініп шығуға лайық деген мәселеге келер болсақ, ең алдымен батырлар жырын айтуымыз керек», - дейді көрнекті ғалым Ә.Дербісәлин. [13, 96] Батырлар жыры мен толғау жанрының шығу тегін салыстыра зерделегенімізде бұл пікірдің асығыс айтылғанына көзіміз жеткендей болды. Себебі қаһармандық эпостың пайда болуы тарихи дәуірлердің тереңіне кететінін және оның басқа халықтарда да жиі кездесетінін ескерсек, толғау кейін пайда болған және тек көшпелі халықтарға ғана тән жанр екенін аңғарамыз. Толғауда көшпелі салт-дәстүрге қатысты көптеген белгілер айқын көрініп тұрады. Ол біріншіден дер кезінде ауызша айтылатын импровизаторлық жанр, екіншіден онда тартысты сюжет, оқиғалар желісі болмайды. Үшіншіден ақыл айту, ақиқатты іздеу, әділдікке тоқтау мотиві көбірек көрініс береді. Төртіншіден, ауызша айтылса да авторы белгілі, көбінесе белгілі бір тарихи тұлғаға бағышталып айтылады. Сондықтан да біз толғауды батырлар жырының негізінде пайда болған дегенге қосыла алмаймыз..

Қазақ жырауларының ішінде айтқан сөздері халық жадында бүгінге дейін сақталғаны Асан қайғы екені белгілі. Оның қазақ тұрмысы мен адами қасиеттер туралы, елге жайлы қоныс іздеуі жайындағы аңыздарды қазақ жерінің кез-келген түкпірінен кездестіруге болады. Жайлы қоныс іздеу көшпелі тұрмыс кешкен халықтарда ғана болатын жағдай. Ал отырықшы халық өзі отырған мекенді әрдайым өз күштерімен жұмаққа айналдыруға тырысады, ол жерден көшіп кетуді қолай көрмейді. Асан қайғыға дейін де жер жаннатын іздеген кезбе жыраулар болмады деп нақты айта алмаймыз. Бұл көшпелі өмір сүрген халықтың шаруашылық жағдайына, ғасырлар бойы қалыптасқан еңбек ету дәстүріне байланысты қалыптасқан. Өйткені көшпелі халық бірінші малдың жайын ойлап, сол малға жайлы қонысты іздейтіні шындық. Яки жайлы қоныс жайлы утопиялық түсініктің көшпелі халықтарда өте ерте замандардың өзінде болғанын фольклорлық шығармаларды талдай отырып та көз жеткізуге болады. «Ертөстік» ертегісіндегі жұт жылы жылқыларын жері от, шаруаға жайлы жерге айдап кететін Ерназардың тоғыз ұлы туралы әңгіменің астарында да осындай жерұйықты іздеу мотивінің қылаң беретінін байқаймыз. Жерұйықты аңсау бірде «Жерұйық», енді бірде «Жиделібайсын» сияқты әр түрлі нұсқаларда кездесе беретінін де жиі аңғарамыз. Мысалы, Жамбылдың «Өтеген» батыр жырындағы Жиделібайсынды іздеу мотиві сол жерұйықты іздеу мотивімен негіздес екенінде дау жоқ.

Жыраулар поэзиясына шолу жасай отырып, Алтын орда мемлекетінің ыдырауын, бір-бірімен тақ үшін қидаласқан түркі тайпаларын,

орыс басқаншыларынан жеңіліс тапқан бөлшектенген шағын рулардың шығысқа қарай ығысуын, ата-мекенді тастап шығуды ақырзаманның басталуы деп пайымдаған көне жыраулардың ой-пікірлерін сол замандардан жеткен жыр мазмұнынан анық көреміз. Алғаш Әбілқайыр ханнан бөлініп қазіргі қазақ жеріне бет алған қазақ руларының ақылшысы болған Асанқайғы жырау:

Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,
Жел мая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!?
...Ай, Жәнібек ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің!?!... [23,14]

дейді. Асан қайғы Жәнібек ханға жаңа қоныс ізде, мен тапқан жерге елді көшір деген талап қояды. Жайлы қонысқа елді көшірсе барлық қиындықтар артта қалады деп сенеді. Ондай қонысты іздеуді тек Асан қайғының жырларынан ғана кездестіре аламыз ба? Сонда ол қандай қоныс? Оның жауабын зерттеуші Ө.Танабаевтың мына бір деректерінен тапқандай болдық. «Асан өз кезіндегі елінің көшіп-қонған тұрмысына, мекендеп отырған кейбір жерлеріне көңілі толмайды. Оның ойынша, жер бетінде адамзат тіршілігіне аса қолайлы жұмақ жер бар, оның аты – «Жер үйек». Бұл кісісі жүзге келмей өлмеген, малы екі қайтара төлдеген, елді жау алмайтын, елге жұт келмейтін мекен. Бұл – шөбі шүйгін, суы бал, шаруаға жайлы қоныс. Адам қайғы дегеннің, қастандық дегеннің не екенін білмейтін, ертеңі не болады деп ойланбайтын, елге мәңгі ырыс боларлық жер. Халық үшін осындай шаруаға жайлы жер іздеген Асан - Желмаясын мініп алып, қазақ жерін түгел шарлап шығады. Қай жердің қандай қасиеті барлығын, қай түлікке қай жер қолайлы екенін ақыл ретінде айтып, сынай отырып баға береді.» [80,50] Бірақ Ө.Танабаевтың «Жер үйек» деген деген сөзінің мағынасын толық түсіне алмадық. Қазақ жайлы қонысты баяғыдан бері «Жерұйық» деп атап келе жатқан жоқ па еді. «Жер үйектің» мағынасы не, не үшін осылай қолдануды ұсынды оған зерттеуші нақты жауап бермейді.

Қарамағындағы жұрттың қарнының тоқ болуы, уайымының жоқ болуы, малына жайлы өріс, адамдарға жайлы қоныс іздеу мотиві қарап отырсақ өте ерте замандардан басталғанын байқайуымызға болады. Түркілердің ежелгі дастаны «Ергенеқонда» елге де жанға да жайлы қоныс туралы айтылады. Онда мынадай оқиға сюжеті суреттелген. Бір соғыста ғұндар қытайлардан қатты жеңіліске ұшырайды. Бәрі қырылып, қалғаны құлдыққа түседі. Сол тұтқыннан Ел деген ханның баласы мен жиені екі отбасы қашып шығады. Олар Қаян мен Тоғыз екен. Әйелдері мен балаларын ертіп баяғы жұрттарына келеді. Ол жерде жүрген малдан аздап қана алып өздеріне жайлы, жаудан пана болатын қоныс іздеп ұзақ сапарға шығады.

Ақыры бір қиын асудан асқанда суы да нуы да мол, айналасын алып шындар қоршаған жұмақ сынды бір жерге тап болады. Бұл ғажайып мекенді олар «Ергөнекен» деп атайды. Сол бау-бақшалы, шөбі шүйгін жерде олар төрт ғасыр өмір сүреді. Малы мен жаны өсіп, өркендеп, алып атырапқа сыймай кетеді. Ақырында бір ақылды қағандары оларды бастап баяғы ата қоныстарына әкеледі. Жауды жеңіп, атадан қалған кектерін қайтарады. Солардан көк түріктер тарапты деген аңыз бар. Сол құтты қоныс іздеу мотиві Асанқайғының жырларынан да көрініс береді. Ол халық ақындарының жырларында кешеге дейін жалғасын тауып келді. Жамбылдың «Өтеген батыр» жырында да Жиделібайсынды іздеу, соған барса елдің жағдайының жақсы болатыны туралы айтылады. Мұндай жайлы қоныс іздеу мотиві Бұқар жырауда да бар.

Абылай ханның қасында
Бұқарекен жырлайды.
Жырлағанда не дейді,
Соғыспа деп жырлайды.
Бұқарекен деген кәріңіз,
Соғыссаң, кетер сәніңіз,
Бізден бұрын өтіпті,
Әзіреті Әліңіз.
Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние,

Өтпей қалмас демеңіз.
Пұсырман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз,
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі-Байсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын-бала хақы үшін,
Солай таман жетіңіз[25, 116].

Бұқар жырау Абылай ханға соғыстан аулақ бол, елің бейбітшілікте өмір сүрсін дейді. «Соғыспа» деп отырғаны орыстар болса керек. Оның өзін жырау бірде ауызы түкті кәпір, енді бірде шүршіт деп атайды. Шүршіт десе көбіміздің ойымызға қытайлардың елестейтіні рас, жырау бұл жерде олардың тіліне қарап солай атаса керек. Бірақ неге соғыспа дейді, әлде жырау орыс әскерінің сол тұстағы шама-шарқын, отты қаруын ескергендіктен солай дей ме ол жағы белгісіз. Мүмкін халықты аман сақтап қалу басты мұраты болған шығар. «Соғыссаң, кетер сәніңіз», - деген ойдың астарынан біз соны ұғынғандай болдық. Ал Жиделібайсынға келер болсақ оның қай жерде, қай маңда орналасқаны туралы деректер әр алуан. Бұқардың сілтеуіне мән берер болсақ оған дейін ұзақ уақыт жол жүретін сықылды.

Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз,
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі-Байсын жетіңіз [25, 118].-

дегеніне қарағанда Сырдарияға жеткен соң одан әрі үш жыл жүретін жол бар сияқты. Әрине жері от, өзі құтты жер оңай бара салатын жерде болмаса керек. Егер қатын-баланы сақтап қалам десең сонда бар дейді. Олардың қойлары жылына екі қабат қоздайды екен, адамдары жүзге келмей өлмейді екен. Жері от, суы бал, адам қиялындағы нағыз жәннәт сол жерде деген ой айтады. Бірақ ол жерді көрген, білген мынадай адам бар екен деген

дерек айтпайды. Соған қарап, мүмкін көнеден келе жатқан Жиделібайсын қиялдан туған образ шығар деген де ой келеді.

Саналы адамзат ұрпағы, соның ішінде көшпелілер табиғатқа жақын болғандықтан, онымен бірлікте өмір сүре жүріп сол тұмса табиғаттың өзінен үйренуге, оның құпия сырларына тереңдеп енуге, оны түсінуге құштар болды. Сондықтан да ежелгі философтар «өмірді тану дегеніміз табиғатты тану» деген қорытындыға келген. Ал, сол табиғатты тануға өз көзқарастары тұрғысынан талпыныс жасап, оны өнер арқылы суреттеуге ұмтылған озық ойлы жандарды әр кезеңдерде өз қоғамы жете түсіне бермеген. Соның ішінде табиғаттағы әрбір құбылысты ойдан гөрі сезіммен түсінуге, жанымен ұғуға бейім ақындардың болмысы тіптен ерен.

Ал ақиқатына жүгінсек, табиғаттың тылсым құпиясын ұғуға, айналадағы сұлулық, әсемдік атаулыға құштар болу үшін расында да ерекше нәзік сезім, елден өзгешелеу таным-түсінік керек. Өзімізді қоршаған табиғатты бар жан-тәнімен сүйген, барлық қасиетін ардақ тұтатын адам ғана оны өнерге айналдырып, өлмес мұра қалдыратыны шындық.

Сондай сұлу табиғаттың сан алуан сиқырлы суретін сөзбен өрнектеп кеткен ойшыл жырауларымыздың бірі – Бұқар Қалқаманұлы. Адам мен табиғаттың өзара бірлігі, адамның өзін қоршаған әлемге қатынасы (жауапты сезінуі) Бұқар жырларында үш бірлік негізінде көрініс береді. Олар: философиялық ой, сұлу суретті образ және жан тербетер сазды ырғақ. Сондықтан да жыраудың поэзиясын жүйелі қараған адам оның табиғатқа көзқарасын түсіне келе бүкіл тіршілік болмысқа берер бағасын танып, оның шығармашылығының негізі болып табылатын адамгершілік, философиялық мәселелерді дұрыс пайымдауға қол жеткізеді. Мұнсыз Бұқар шығармашылық әлеміне тереңдей енуі мүмкін емес.

Егер Бұқар жырау жырларының құрылымын ой кеңістігінің нұсқасы ретінде қарастыратын болсақ, онда Бұқар толғауларының болмыс-бітімін диалогтық сипатта құрылғанын аңғарар едік. Өйткені автор шығармаларының басым бөлігі ішкі ойын, айтпақ болған дәлел-дәйегін біреумен бөлісіп отырғандай әсер қалдырады, оны кез келген толғауынан байқай аламыз. Мысалы, «Бірінші тілек тілеңіз» деген толғауының мазмұнына ой жібере қараған адам оның екінші жақтағы біреуге қаратыла айтылып отырғанын аңғарады. Ол кім, қандай адам оған мән бере қоймаймыз, өткені ақын оны тура бізге арнап айтып отыр деп ұғамыз. Шын мәнінде жыраудың қай шығармасы болмасын көпшілік қауымға арналған, бірақ айтпақ ойын екінші жақтағы нақты біреуге арнағандай стилде жазу сол кездегі жыраулардың көпшілігіне тән ерекшелік. Мұндай толғауларда бүгінгі күнгі дәстүрлі лирикаға тән авторлық позиция өзінің монологтық сипатын жоғалтып, жаңа ой-пікірлерге, соны пайымдауларға бейім болып келетінін байқатады. Өтіп жатқан оқиғаны бұлайша әр қырынан таразылау лирикалық шындықтың деңгейін өзгертіп, диалогиялық мазмұнның пайда болуына жол ашады.

Орыс әдебиетінде бір шығармада бірнеше адамның сөйлеуі (полифония) осы кезге шейін әр қырынан зерттеліп келді. Ал Бұқар шығармаларындағы екінші жаққа арналып айтылатын толғауларды осы полифониялық шығармалар түріне жатқызуға болады. «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» деп аталын Бұқардың атақты шығармасында:

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда
Тұрымтайдай ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді.
Сабалақ атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар,
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің [25,110],-

дейді. Осы толғаудың мазмұнына қарасақ тікелей қасында отырған Абылайға арнап айтқанын көреміз. Өлең өрімі екінші жақтан баяндалады. Бұл қазіргі лирикада көп кездесе бермейді және мұнан авторлық монологты да байқай алмаймыз. Жырдың сарыны Сыпыра жыраудың «Мен бабаңмын, бабаңмын» деген толғауын еске салады. Сыпыра: «Әкей хан мен Жәкей хан - Мұны көрген бабаңмын» десе, Бұқар жырау «Сабалақ атпен жүр едің, Оны да көрген жерім бар», - деп өзі куә болған оқиғаны нақты дерек ретінде алдыға тартады. Бұл сөздің астарында қаншалықты шындық бар, әлде сол кезде ел арасына тарап кеткен қауесет сөз бе, оның нақты ақиқатын ажыратып беру қиынға соғады. Қалай десек те аталған толғаудың ханға ауыр тигені рас, бірақ қолында билігі бола тұра неге кешіріммен қарады, ол жағын да ашып айту қиын.

Әдебиеттегі диалог мәселесін түбегейлі зерттеген М.М. Бахтин көбінесе өз зерттеулеріне прозаны арқау етті де поэзияда диалогиялық элементтер өте аз және көп байқала бермейді, диалогтың лирикада көрініс беруінің өзі оның прозалануына байланысты деп оған аса мән бере қоймаған. Бірақ полифониялық феномендердің өзі диалогиялық бастауларын негізінде көне замандардан келе жатқан фольклордан алатынын ұмытпауымыз керек шығар. Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі өнердің синкретті сипатын еске алатын болсақ, онда диалогиялық сипат поэзия мен прозаны бірдей қамтыған болуы керек деген ой келеді. Ал фольклорлық мұраны үлгі тұтқан және күнделікті матриал ретінде пайдаланған ХҮІІІ ғасырдағы поэзияда диалогтық үлгінің басым көрініс беріп отыруы сол кез үшін заңдылық десек те болады. Мысалы Абай өлеңдеріндегі диалогтық ерекшеліктер мен кейінгі ХХ ғасырдың басындағы Б.Майлин, С.Сейфуллин өлеңдеріндегі диалогиялық сипаттардың да бастау алған көзі сол фольклор болды десек қателеспейміз. Ал Бұқар жырау сол фольклор мен кейінгі әдебиеттің арасын жалғастырған алтын көпір болды.

Негізі толғаудағы диалогизмнің (бұл жерде біз Бұқар жырау

толғауларын алып отырмыз) прозалық диалогизмнен түбегейлі өзгешелігі де бар. Егер эпикалық прозаның құрылымында әр алуан көзқарастарды әр түрлі субъектілер жеке атқаратын болса, лирикалық құрылымдарда сол көзқарастардың барлығы лирикалық «меннің», яғни бір адамның аузымен айтылады, бір кейіпкердің бойына жинақталады. Мәселен Бұқар жырларында Абылай ғана емес, ХҮІІІ ғасырдағы белгілі тарихи тұлғалар Бөгенбай, Қабанбай т.б. образдары бір толғауда әр қырынан әр сипатта көрінгенімен, оның барлығы да автордың, нақтырақ айтсақ, Бұқардың көзқарасымен суреттеліп, Бұқардың өлшемдерімен бағаланады. Бұл поэзиядағы диалогизмге тән қасиет. Бірақ автордың сол тарихи тұлғаларға деген көзқарасы ылғи да тұрақты бола бермейді. Керек болса, хан Абылайдың өзін Бұқар барлық жырларында тек қана мақтай бермей оны кейде қатты сынға да алып жатады.

Көшпелі халықтарда ауыр сөздің ең ащысы ол тегін сынау, құл мен күнге теңеу. Бұқар хан болса да Абылайдан сескенбей кезі келгенде оның кім екенін де есіне салып отырады.

<p>Абылай-ау, Абылай, Момынға келіп бек болдың, Атаңды білмес құл едің. Атаңның тегін сұрасаң, Арқар ұранды жат едің, Қай жеріңде төре едің? Қарсы менен Құзарда</p>	<p>Жалаң аяқ қар кешіп, Бөз тоқыған сарт едің. Шешенді және сұрасаң, Қайда алтынның буы еді? Оны да мен білуші ем, Түрікпеннің төрінде Қашып жүріп күнелткен Қара күң еді [25,110],-</p>
--	--

дейді. Ханды сынау, оның кемшілігін бетіне басу жыраулар поэзиясында ертеден келе жатқан дәстүр. Арыдан көз жібере санамалап айтсақ, Сыпыра жыраудың «Уа, Хан ием, Хан ием» деп басталатын толғауы, Асанқайғының Жәнібек ханға айтқаны, Шалкиіздің Би темірге арнаған толғаулары осының дәлелі. Бірақ олар ханның шыққан тегіне тиіспейді. Ал Бұқар жырау Абылайды сарттан туған қарасың, анаң қарадан шыққан күң еді деп тиіседі. Бұлайша ханның тегіне күмәнмен қарау және оны бетіне басып айту Бұқардың батылдығын, оны халықтың сыйлап сол көпшіліктің атынан сөйлей алатын пәрмені бар беделді адам екенін танытады. Ханның саяси ойларына да егер өзі дұрыс деп таппаса жырау сол заматында сын айтып, тоқтау салып отырған.

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген

дейді.

Бұқар жырау шығармашылығының екінші кезеңі оның толғауларының мифологиялануымен ерекшеленді. Мәтіннің көркем кеңістігінде заттық образдарының семантикалық мағыналарының ауыспалы күйде көрініс беретінін байқаймыз. Ақиқат әлемдегі заттар мен құбылыстар олардың арасындағы қатынастар сияқты тепе-теңдікте көрінеді. Жырау таныған ақиқат шындық пен оның көркемдік бейнесі фольклорлық мәтіндегідей магиялық сипатымен ерекшеленеді. Жырау толғауларында мифологиялық сипаты айқын архетиптер мен бейнеленіп отырған құбылыстарға нақтылық беретін эмпирикалық тәсілдерді жиі ұшырататынымыз да сондықтан. Бұқардың дүниені тану ерекшелігі оның ислам дінін терең білуімен және халықтық сананың тарихи тамырларын нақты тани алатын білімдарлығымен ерекшеленеді. Осы тұрғыда поэзияның рөлі мен жыраудың халық санасындағы орнын анықтауымызға болады, яғни тарихи кезеңдерде жыраудың шығармалары мифопоэтикалық дәрежеде жұртшылық санасына орнығып, халыққа жаңаша бағыт-бағдар беретін магиялық қасиетке ие болады. Мысалы, Асан қайғының «Қарағай басын шортан шалар» деген тарихи сөзі мифологиялық формасымен ғана емес, магиялық мазмұнымен де халық жадында мәңгі сақталып қалған. Мұндай эстетикалық бейнелі сөздер лирикалық қаһарманның образы сипатында, жырлардың жанрлық-стилдік ерекшелігі ретінде, поэтикалық сөздердің көркемдік қызметі негізінде көрініс беріп отыруы қалыпты жағдай.

2.2 Бұқар жырау шығармаларының көркемдік ерекшеліктері мен поэтикалық құрылымы

Көркем әдебиеттің өнердің бір түрі екендігін, оның ішінде ең көркем, ең сұлу түрі екендігін зерттеп, дәлелдеген еңбектер баршылық. Көптеген ғалымдар әдебиеттегі көркем ойдың даму тарихын өте ерте замандардағы, яғни алғашқы қауымдық құрылыс кезінен бері дамып, жетіліп келе жатқандығын тілге тиек етеді. Олай болса, адам ойы мен қиялының ерекше жетілген түрі ретінде көрінетін өнер туындысы адам еңбегінің жемісі болып саналады. Сондықтан да бүгінде біз оқып, таныс боп жүрген көптеген мифтер мен аңыздар сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінде пайда болған деуімізге негіз бар. Егер дұрыстап назар аударсақ, сол уақыттан бастап-ақ адам баласы айнала қоршаған ортаның бір бөлшегі ғана болып қоймай, сол әлемді өз қиялымен танып, өз танымына сай игере бастаған.

Ал көшпелі мәдениеттің өкілдері саналатын біздің ата-бабаларымыз да айнала қоршаған орта туралы білгендерін көркемдеп жеткізуде басқалардан олқы соққан емес. Мындаған жылдар бойы табиғат ана бесігінде тербеліп, онымен бірлікте өмір сүрген көшпелілер сөз өнерінің алуан түрлі маржандарын дүниеге әкелді. Ол туындылардан ата-бабаларымыздың таным-түсініктерін, тарихи болмысын қапысыз танимыз.

Дінді адамзат танымынан алыс жатқан дүние деп түсінбеу керек. Поэзиядағы діни түсініктер туралы еуропалық әдебиеттануда көптеген зерттеу еңбектер баршылық. Дін, фольклор, миф – бұларды бір бірінен түстеп, жіктеп ажыратып алу да оңай емес. Әлемде бірінші миф пайда болды ма, фольклор пайда болды ма, дін пайда болды ма деген мәселе бойынша талас-тартыс күні бүгінге дейін толастаған емес. Мысалы, он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырда ғылымда көптеген баяғыдан келе жатқан діни бейнелердің нақты мифтік образдардан жасалынғанын дәлелдеген орасан көп жұмыстар жасалды. Немістің Герман Карл Узенер деген ғалымы сол зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, діннің пайда болуы туралы жаңаша тұжырымдар жасады. Ал ағылшын ғалымы Э.Б.Тайлор болса діннің пайда болуы туралы мәдениеттану ғылымында жаңа көзқарас қалыптастырды. Ғалым «дінді алғашқы идеология емес, ол (дін) пайда болғанға дейін де әр түрлі түсініктер болған, ол кейінгі діндерге негіз болды» дегенді дәлелдеді. Жинақтап айтар болсақ, қазіргі кезде дін мен әдебиеттің шыққан тегі бір деген түсінік үстемдік алып келеді. Шын мәнінде, гуманитарлық ғылымдар саласында дін мен фольклорды екі түрлі сала ретінде қарастырып келдік, фольклорды ежелгі дәуірдегі, ортағасырлық, кейінгі фольклор деп те жіктеп жүрдік, тек қана біз фольклор мен діннің мазмұндас, бір формадан шыққанын, түп-тамырының бір негізден екенін есімізге алғымыз да келмеді.

Түркі халықтарының ең алғашқы діни тәңірлік дін болғаны бәрімізге мәлім. Ол дінді түркілер неше ғасыр ұстанды оның негізгі мазмұны дәлме-дәл қандай болды ол қазір біз үшін бұлыңғыр тарих. Бірақ өз дәуірінде ол діннің де халықты біріктіруге, көшпелі халықтың моралдық болмысын қалыптастыруға қосқан үлесі мол болғанын аңғарамыз. Сонымен қатар көшпелілер сол көне дәуірдің өзінде басқа халықтар сияқты Тәңірді ең жоғары сұлулық символы ретінде танығанына күмәніміз жоқ. Тәңірлік дінге табынған көшпелілер түсінігіндегі алғашқы образдардың пайда болуы ежелгі мысырлықтар мен гректердікі секілді құдайды дәріптеуден, құдай туралы мифтер мен фольклорды ойлап табудан бастау алады деп сеніммен айта аламыз. Халықтың дүниетанымын өзгерту оңай емес, ислам дінін қабылдағанымызға мың жылдан аса уақыт өтсе де тәңірлік діннің қалдықтары әлі күнге шейін бізбен бірге жасап келе жатқанына бірінші болып ХІХ ғасырда Ш.Уәлиханов назар аударған болатын. Ол туралы ғалым «Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, әруағын ардақтау», - деп жазды. [81,172 бет] Ал біз зерттеу нысанамызға алып отырған Бұқар жырау шығармашылығын қарастырғанда бұл жағдайды да есте ұстағанымыз абзал. Өйткені қазақтар ислам дінін ұстанған мұсылман болғанымен, тұрмыс-тіршілігі басқа діндеріне қарағанда өзгешелеу көшпелі халық. Сондықтан да олар табиғатқа жақын, таным-түсініктерінде де табиғи ерекшеліктің болуы заңдылық.

Діни сенім және дүниетаным адамзат қоғамында өзіндік орны бар үлкен рухани құбылыс. Жеке адам да бүтін халық та өзінің діни сенімімен, сол діни сенім тұрғысындағы көзқарастарымен ерекшеленеді. Адамзат баласының санасына морал мен құқықтық қатынастарды қалыптастырған да дін екенін жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да діни көзқарас, діни таным болған жерде өнердің одан алыстап кете қоюы екіталай. Кез-келген суреткердің жасаған рухани туындының астарында оның діни танымы, діни түсінігі де көрініс беретіні рас.

Біз фольклордағы, әдебиеттегі діннің қызметі мен орнын біз осы уақытқа шейін дұрыс анықтай алмай келген сияқтымыз. Мысалы, кеңес өкіметі дәуірінде діни поэзияға мүлдем теріс көзқараста болып келдік. Оны барлық оқулықтардан шығарып тастадық, дінді адам санасын улайтын апиынға теңедік. Ал біздің ата-бабаларымыздың негізгі тарихы мен дүниетанымы жазылған ислам дінін қабылдаған кезден бергі шығармалардың барлығын ескінің қалдығы деп мансұқтағанмыз да рас. Соның арасында Бұқар жыраудың да кейбір дінге қатысты шығармалары болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Өткен бірнеше ғасыр бойы әдебиет пен теология арасында ешқандай байланыс жоқ деген деген түсінік үстем болып келді. Бірақ ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар бойы өздерінің көзқарастарын мұсылмандық қағидаттарға ыңғайлап, сол дінді барлық адамгершілік, моралдық қатынастарының негізі ретінде ұстанғанын жоққа шығара алмаймыз. Дін - өмірді зерттеп білудің бір жолы. Ақиқатына жүгінсек, ислам діні көшпелі қазақ өмірінің тұрмысына еніп, бірігіп кеткен болатын. Бұл әдебиеттің, яғни, ең алдымен, көркем әдебиеттің қандай да бір адамгершілік өлшемдерге сәйкес болғанын, яғни этикамен байланысы бар екенін және оның әрқашан қоғамдық ортада оң бағаланатынын жоққа шығармайды. Алайда, әдеби туындыларды адамгершілік тұрғыдан бағалау олардың бірлік келісімде тұратынына немесе тұрмайтынына қарамастан, әрбір ұрпақ қабылдайтын адамгершілік қағидалар жиынтығына қатысты ғана жүзеге асырылады. Белгілі бір діни дүниетаным орныққан дәуірде жалпы қабылданған өмір кодексі мүлтіксіз болуы мүмкін; дегенмен, осы кезеңдерде ол «ар-намыс», «даңқ» немесе «кек» сияқты ұғымдарды ислам діні үшін аса биік дәрежеге көтере алады. Жыраулар дәуірінің этикасы бізге зерттеп, зерделеуге қызықты материалдар ұсынады. Бірақ жалпы этикалық кодекс өзінің діни негіздерінен ажырап, соның салдарынан әдетке айналғанда, ол теріс ережеге ие бола бастайды және өзгеріске ұшырайды. Мұндай уақытта адамгершілік ұстанымдар әдебиетте ашық сынға ұшырай бастайды; осылайша, біз әдебиеттегі «рұқсат етілмейтін» нәрсенің өз заманындағы ұрпақ үшін әдеттегі нәрсе болғанын іс жүзінде анықтай аламыз. Бір ұрпақты таң қалдырған нәрсені келесі ұрпақ толығымен сабырмен қабылдайтыны белгілі. Адамгершілік өлшемдердің өзгеруіне бейімделу кейде адамның жетілуінің, кемелденуінің айғағы ретінде қанағаттанушылықпен қабылданады, ал бұл адамдардың адамгершілік пайымдауларының негізі қаншалықты әлсіз екендігінің дәлелі ғана.

Ұлы ақын, ойшыл, қазақтың ұлттық әдебиетінің негізін салушылардың бірі - Бұқар Қалқаманұлы 18 ғасырда Ломоносовпен, Вольтермен, Лессингпен бір мезгілде дерлік өмір сүріп, қызмет етті. Бірақ әр ойшыл ақын өз жерінде, өз халқының басынан өткен жағдайларға байланысты әр алуан тақырыпта сөз қозғады, әрқайсысы өз жұртының мұңын мұңдады, жырын жырлады. Оған сол кездегі тарихи, саяси ахуал, әлеуметтік жағдай мен өскен орта, ұлттық дүниетаным, діни түсініктері әсер етті. Бұқар қазақ ұлтының мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан философиясын, туған халқының жан дүниесінің әуендерін бойына сіңіріп, оны жаңа сипатта жаңғыртып, жырына арқау етті. Оның шығармалары қазақ халқының ерік-жігерін жанып, қиналған кездерінде айтып жүретін гимініне айналды.

Бұқар жырау заманында ислам діні халықтың санасына орныққан, көп адамдар өмірлік байламдарын сол діннің негізіндерімен сәйкестендіре пайдалануы үрдіске айнала бастаған кезең болатын. Ұлы далада шарифат заңы көшпелілердің мыңдаған жылдар бойы өздері қалыптастырған заңдарымен қатар жүрген. Сондықтан да әдебиеттегі көркемдік-эстетикалық талап-талғамнан гөрі ол тұста әдеби туындыларда адамгершілік мәселелерінің баса көрінуі қалыпты жағдай болып саналатын.

Бұқар жырау өз дәуіріне сай діни білім алған және ислам дінінің қағидаларын жақсы білген сауатты адам болған. Оны дәлелдеп жатудың өзі артық қой деп ойлаймыз, жыраудың ислам тарихы мен мұсылмандық ережелерін өте жақсы білгенін оның толғауларынан да айқын танып, білуге болады.

Бұқар жырау шығармаларын қарастырып отырғанда оның шығармаларынан ислам дінінің қағидаларына қатысты көптеген ой-пікірлерді кездестіреміз. Өмірбаянына қатысты деректерде оның мұсылманша сауатты болғаны айтылады. Яки жырау өз заманында көзі ашық, мұсылманша кітаптарды оқи алатын адамдардың қатарында болған. Әрине ол кісі кімдердің шығармаларын оқыды, өзі шығармаларын жазып қалдырды ма жоқ па ол туралы ешқандай мағлұмат жоқ. Жалпы түркі халықтарының ислам дінін сонау 8,9 ғасырларда-ақ қабылдағаны туралы жазба деректер бар. Бірақ көшпелі қазақ халқы ол дінді қашаннан бері ұстанады дегенге нақты жауап беру оңай емес шығар. Өйткені әр тайпа әр кезде қабылдаған болу керек. Кезінде Алтынорда хандары Берке, Өзбек хан тұсында ислам діні мемлекеттік дінге айналғаны айтылады. Олай болса, біздің ата-бабаларымыз да сол кезден бері исламды ұстанып келеді деп нақты айтуымызға болады. Шамамен 13,15 ғасырларда өмір сүрген деп айтылатын Сыпыра жыраудың шығармаларынан да ислам дініне қатысты айтылған тәмсілдерді кездестіреміз.

«Мен жыраумын, жыраумын» деген толғауында Сыпыра жырау:

Алла Тағала адамды
Тату бол деп жаратқан.
Немесе:
Алла Тағала әмбеге

Бөліп берген ырысты, -

деп жырлайды. Яғни Сыпыра жырау мұсылмандықты толық ұстанған, олай болса Бұқар жыраудың шығармаларында ислам дініне қатысты ой-пікірлердің болуы заңдылық.

Дін тек жай ғана сенім емес, ол адамның көзқарасына, дүниетанымына ықпал ететін, әсіресе шығармашылық адамның шығармаларының өн бойынан орын алатын көзқарастар жиынтығы.

Бұқар шығармаларын парақтай отырып, жыраудың ислам дінінің қағидаларын жақсы меңгергенін байқаймыз. Ислам діні негізінен әлемді танудың, мына дүниедегі шым-шытырық қайшылықтар мен үйлесімділіктің, қоғам мен адам және жеке тұлға мәселесі туралы орнықты мағлұматтар береді. Жырау жарық дүниенің сыры мен сипатына ислам дінінің ғибратты мысалдарын, адам мінезінің терең психологиялық қатпарлары туралы ойларына діни түсініктерді дәйек етіп ұсынады. Жыраудың артында елуге тарта толғаулары қалса, солардың ішінде Алланың бір екендігі, оның құдіретті күші мен мейірімділігі жайлы, мұсылмандықтың артықшылықтары турасындағы ойлары оның ислам дінінің жолын нық ұстанып, исламды шынайы ниетпен қолдап, қорғап отырғанының айғағы бола алады дер едік.

Көшпелі қазақтар он ғасырдан астам уақыт мұсылман дінін ұстанғандықтан, олардың өмірінде ислам дінінің рөлі жоғары болғанына сол кездегі шығармаларды оқи отырып көз жеткіземіз. Мысалы, Бұқар жырау толғауларынан ислам дініне қатысты әр алуан сөздер мен дәйектерді кездестіріп жататынымыз да сонан болса керек. Жыраудың халық арасына кең тарап кеткен «Бірінші тілек тілеңіз» деген толғауының он бір тілектен тұратынын білеміз. Соның бірінші тілегі «Бір Аллаға жазбасқа», - деп басталады. Бұл сөздің мағынасын қазіргі ұрпақ толық түсінеді қоймауы да мүмкін. «Жазу» деген сөздің алғашқы мағынасы айыпты болу, қателікке ұрыну дегенге келді. «Құдай-ау не жаздым мен саған?» деген тіркестегі сөйлемдер қазақ прозасында жиі кездеседі. Яғни, жырау аталған толғауында Алланың алдында кінәлі болып қалмауды ең басты мәселе етіп қояды. Бұл толғаудың бізге жеткен екі нұсқасы бар.

Мысалы Г.Н.Потанин жазып қалдырған «Бірінші тілеу тілеңіз» деген нұсқасында:

Бірінші тілеу тілеңіз,

Бір Аллаға жазбасқа [25,101], -

деп бастайды. Бұл көпшілікке қарата айтылған өсиет, нақыл мазмұнында жазылған толғау. ХҮІІІ ғасырдағы жырау үшін ең басты нәрсе Алланың алдында кінәлі болмау, Жаратқан иенің қаһарынан қорқу болғаны айдан анық. Бұл толғаудың бізге жеткен нұсқаларындағы тілек саны бары-жоғы он, он бірден аспайды, соның бесінші тілегін Бұқар былайша толғайды:

Бесінші тілеу тілеңіз,

Бес уақытты бес намаз,

Біреуі қаза болмасқа [25,102].

Жырау үшін намаздың қаза болуы да үлкен кемшілік, керек десеңіз баланың жетім, әйелдің жесір, ананың баласын жоқтауы сияқты үлкен қайғы, қасіреттермен қатар суреттеледі.

Поэзияның басты мақсаты өмірді көшіріп бейнелеу ғана емес, сонымен қатар ақиқат шындықтың жоғары идеялары мен жақсылықтың мәңгілік екенін адамзат баласының санасына сіңіру. Осындай қасиетімен-ақ поэзия өмірдің мәнін ашып бере алады, ұмтылыстарымыз бен жүрек қалауымен болатын құштарлықтарымыздың сырын ашып, айнала қоршаған ортаға ой көзімен қарауға үйретеді. Поэзияның таным тарапында көтеріп жүрген жүгі жеңіл деп айта алмаймыз: ескіден келе жатқан тарихи өсиеттер, көне дәуір аңыз-эпсаналарындағы сюжеттік желілер, діни таным-түсініктер, адамзат баласының ғылым мен философия арқылы қол жеткізген ақиқат шындықтары, өнер образдары, табиғат ғаламаттары мен адамның ішкі жан дүниесінің сыр-сипаты поэзияның қайнар бұлағы болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармашылықтағы діни элементтердің мәні мен маңызы туралы ғалымдар ерте кездердің өзінде-ақ оң бағасын беріп кеткен. Дінді адамдардың ақиқат шындықты тануы мен өмір сүру дәстүрінен бөліп қарауға болмайды.

Ең жоғары сұлулық, адамзат санасында орныққан ең биік әсемдік - ол Аллаға деген сүйіспеншілік, жаратушыға деген шынайы махаббаттан туындайды. Егер поэзия сол сезімге қозғау сала алса, онда оның әсері мәңгілік болмақ. Шығармашылық тұлға сол ақиқат шындықты тану жолында өзінің білімі мен сезімін жарқырата көрсетері сөзсіз. Бұқар жыраудың мына жырын оқи отырып, оның ислам тарихын, жалпы Құран қағидаларын жас күнінен бойына сіңіріп өскенін аңғарамыз.

Ей, айташы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шардияр, Мұстафа,
Мұсқап ашқан ғалымды айт.
Тәңірім сөзі «Фурқанды» айт,
Көлам Алла – Құранды айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт [25,104].

Осы шағын жырдың мазмұнына ойлана көз жіберсек Бұқар жыраудың ислам қағидаларын өте жетік меңгергенінің куәсі боламыз. Мұндағы төрт шадияр деп отырғаны Мұхаммед пайғамбардың төрт сахабасы Әбубәкір Сыдық, Әділетті Омар, Қари Оспан, Әзірет Әли. Бұл төртеуі пайғамбардың ұлы Ыбырайымды арулап жерлеген адамдар. Оларға сол үшін Пайғамбармыз шадияр деген атақ берген. «Мұсқап» деген құранның бір аты. Яғни бұл жерде жырау құран ашқан ғалымды айтып отырғаны белгілі. Фурқан 77 аяттан тұратын Құран сүресі. Онда жамандық пен жақсылық жайы айтылады. 1925 жылы Тәшкенде басылып шыққан жинақта ол қазақтың ауызекі тіліне ыңғайланып «бұрқан» деп жазылған екен. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғалымдары құрастырған 2023

жылғы басылымда ол түзетіліп «фурқан» деп басылып, түсініктемесі жазылыпты. Кәләм Алла дегені Алланың сөзі, яғни құранды айтып тұр. Жырау ислам тарихындағы осынау тарихи оқиғалардың барлығын өлең жолына айналдырып, көпшіліктің есіне салып отыр. Немесе келесі бір толғауында:

Ибраһим Халил жасады,
Тәңірім үшін Кебені [25,106], -

дейді. Мұндағы «Кебе» деп отырғаны Қағба. Бұл мүмкін жырау шығармалары бізге ауызша жеткендіктен айтылуда кейін өзгеріске түссе керек. Ислам тарихында Ибраһим пайғамбар баласы Исмайыл екеуі Меккедегі Қағбаны тұрғызған делінеді, бұл аңызды құранды оқып білмеген адамның біле қоюы екіталай, ал Халиуллах деген Алланың жақын досы деген мағынаны білдіреді, ол мұсылмандар кітабында ылғи да Ибраһим пайғамбардың атына қоса айтылады. Яғни Бұқар жырау шығармаларын оқи отырып оның шариғат конондарын өте жетік білгеніне куә боламыз.

Бұқар жырау ислам дінін жетік меңгергендіктен Қорқыт сияқты мәңгілік өмірді іздемейді. Ол адам өмірінің шектеулі екенін, мына фәни жалғанда ешкімнің тұрақтап қала алмайтынын білген және оны өзінің жыр-толғауларында айтып та кеткен.

Алланың аманат қылған нәрсесі,
Қай күні алары болжалсыз [25,108], -

Көріп отырғанымыздай ақын адам өміріне Алланың аманты деп қарайды. Расында да өз өмірінің қаншаға созыларын ешбір пенде білмейді. Дәм –тұзың қай күні таусылады ол да құдайдың құдіретіне ғана тән нәрсе, сондықтан қамшының сабындай қысқа ғұмырды бос жүріспен өткізуге болмайды.

Әзірейіл келген күн,
Жан қалар жер қайда бар [25,108]? –

деген жыр жолдарын оқи отырып адам өмірі Алланың қалауымен берілген сый екенін, оны мазмұнды, мағыналы, барынша адал өткізу жердегі пенделердің басты міндеті екенін еске салады. Сондықтан да әрдайым мұсалман дініне адал болуды, ол діннің ұстанымдарынан шықпауды өзі де мұрат тұтқанын Бұқар шығармаларынан айқын аңғарамыз. Жыраудың өмір туралы философиясы ислам діні қағидалары негізінде қалыптасқанына да оның осы шығармаларын оқи отырып көз жеткіземіз.

Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда? [25,109]–

деген өлеңінен дінге барынша адал болу кез-келген исі мұсылман атаулының парызы екенін, оны сөзбен ғана айтып қоймай, бар жан-тәніңмен сүйіп құлшылық етудің мәні мен маңызын дәлелдеуге тырысады.

Бұқар Құран мәтініне өте сақтықпен және құрметпен қараған. Өйткені оның ислам шарттары туралы айтқан ойларының көпшілігі тікелей құран мәтіндерінен алынғаны байқалады. Сонымен бірге жырау шығармалары құран қағидаларын жай құрғақ баяндау емес, оны көркем ой,

ырғақты мәтінге айналдыра отырып көпшілік көкейіне сіңіруге бағытталған. Ол бізге тек өз заманындағы адамның дүниетанымы мен сезімін ғана жеткізіп қоймай, сол тұстағы аңызға айналған тарихи оқиғаларды, бейнеленген сюжеттердің психологизмін кейінгі ұрпаққа жақындата түседі.

Кейбір зерттеушілер үшін ислам әдебиетіндегі көркемдік ұғым мәселесі ұшқарылау көрінуі мүмкін, олар көбіне ислам діні мен әдебиеттегі көркемдік мәселесін екі түрлі таным, екі түрлі түсінік ретінде қабылдайды. Бірақ Құранда адам өмірін шынайы бейнелеуге, оның сөзбен сомдалған көркем образын жасауға тыйым салынбаған. Зайырлы адамгершілік идеалдар уақыт өтуімен өзгерістерге ұшырап жатса, ал исламның рухани-адамгершілік идеалдары қанша ғасыр өтсе де өзгеріссіз қалып отыр. Сонымен қатар көркем әдебиет пайғамбар үмбеттерінің өткен тарихы мен бүгінін білуімізге де пайдасын тигізеді. Исламдық бағытта жазылған көркем әдебиеттің тағы бір қызметі сол дінге сенім артқандардың көркемдік танымын арттырып қана қоймай, олардың бойына адамзат жасаған күллі өркениеттің жоғары идеалдарын сіңіру, қоғамдағы адамдар арасында әділеттіліктің болуын қамтамасыз ету және соған тәрбиелеу. Исламдық қағидаларды жырлаған шығармаларға Алланың бір екендігі мен құдіретіне деген шексіз сенім, адамның шығармашылық күші мен қажыр-қайратына, адамгершілік мұраттарына сыйластықпен қарау тән. Бұқар жыраудың діни көзқарастарын сөз ете отырып біз оның осы жоғарыда сөз еткен дәстүрді ұстанғанын, адамдарды Алланың бір екендігіне сендіріп, иманнан аттап өтпеуге үндегенінің куәсі боламыз. Жырау жақсы өмір сүрем десең, мына пәни жалғанда бір жетістікке жетем десең Алланың жолынан тайма, адал жүріп, анық бас деген ой айтады. Құдайға құл болу деген ол шарифат жолынан таймау, ислам қағидаларын мүлтіксіз орындау екені белгілі. Ол «Ақтың үйі мешіт-ті» деген жырында:

Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң
Құдай тағалам өзі берер несіпті[25,106], -

деп толғайды. Несіп ол несібе, адамның мына дүниеге келгенде пешенесіне жазылған сыбағасы. Егер адал жүрсе, адамгершіліктен алыстамаса құдай ол несібеден ешкімді де қағыс қалдырмақ емес.

Жыраулар поэзиясының басты мақсаты ол кез-келген жырау өз шығармасы арқылы замандастарына ой салу, оларды адамгершілікке тәрбиелеу. Әдебиетте тәрбиенің басты рөлге ие болуы ерте кезден (антикалық дәуірден) біздің әдебиетімізде ХҮІІІ ғасырға дейін жалғасын тауып келді.

Біздің ата-бабаларымыз ежелден далада көшпелі ғұмыр кешкен. Табиғаттың қыр-сырын жан-жақты тереңінен ұғыну, шеті мен шегі жоқ еуразия кеңістігінде мал бағып, сол малды сақатап қалудың ыңғайымен жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қону біздің ата-бабаларымызға тән қасиет. Көшпелі өркениет, көшпелі өмір салты оларды айнала қоршаған ортаға өзгеше көзбен қарауға машықтандырды. Табиғаттың қатал сынына

төтеп бере жүріп өздеріне ғана тән тіршілік қамын жасауға үйретті. Дүлей табиғаттың қатал сынынан қаймықпай кез-келген қиыншылықтарға қарсы тұруға дағдыландырды. Осыдан барып далалықтарға тән даналық таным ұғымы қалыптасады. Әрине жетпіс жыл бойы қазақ халқының санасына сендер көшпелі болғансыңдар, сендерде мәдениет болмаған деген қасаң теорияны зорлықпен сіңіруге тырысты. Көпшілік қауым жыраулар поэзиясын санадан шығарды, ұмытты. Сол жыраулардың соңғы түйяғы Бұқар шығармашылығы аздап та болса әдебиетімізде оқытылып келді. Сол кездегі ұрпақ ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихын, қазақ поэзиясын Бұқар жырау жырлары арқылы таныды. Абылай хан туралы, қазақ батырлары мен руларының тарихы туралы ойлар сол кезде пайда болды. Бірақ ол тек қана жылт еткен сәуле ғана болатын. Ал көшпелілер жасаған мәдениет пен әдебиет туралы ол тұста белгілі бір құжатты таба қою қиын еді

Көшпелілер жасаған мәдениет, олардың әлемдік аренадағы тарихи, саяси рөлі туралы соңғы жылдары ғана айтылып, жазыла бастады. Оны зерттеп, бағалап жүргендердің көпшілігі шет елдік ғалымдар екенін де мойындауымыз керек. Бұл жерде түркі халықтары ғалымдарының еңбектері көптеп саналады, бірақ оларды әлем халықтары біле бермейді. Себебі әлем танитын тіл ағылшын тілі, олар шет елдік ғылыми журналдарда жарияланып, халықаралық ғылыми конференцияларда талқылануы керек. Ол мәселенің енді-енді ғана өз жолын тауып келе жатқандығы байқалады.

Көшпелілер тұрмысы мен өмір салтына қарай табиғатқа жақын болды, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан да олардың тұрмысында натурализм элементтері басым түсіп жатады. Көшпелілер мен отырықшы халықтар бірін бірі толықтырып, бір бірімен байланыста өмір сүрді. Мысалы, кейбір отырықшы елдер ғана өндіре алатын өнімдер мен заттар үшін көшпелілер қалалықтарға тәуелді болғанымен, денсаулығының мықтылығы, дүлей табиғат аясында өмір сүруге икемділігі және ауыз әдебиеті мен ерекше әуендерге бейімділігі мен қабілеттері жағынан біздің ата-бабаларымыз отырықшы халықтан әлдеқайда биік тұрды. Таза табиғат ортасында өскендіктен олар адал да мәрт, ерлікке құштар, қиындыққа төзімді болып қалыптасты. Олардың қиялы да ұшқыр болды, оны сол кезеңде өмір сүрген жыраулар мен ақындар шығармашылықтарынан келтірілген өлең жолдары арқылы дәлелдеуге болады.

Яғни Бұқар жырау осындай ортада өмір сүрді, адамгершілік, намыс деген моралдық қатынастар ұлы жырау үшін басты орында тұрды. Сондықтан оның шығармаларын талдаған кезде сол кездегі қоғамдық ортаны, олардың дүниеге көзқарастарын міндетті түрде ескеруіміз керек.

XV-XVIII ғасырларда жыраулар поэзиясында дидактикалық-философиялық сарында пәлсапалық өсиет айту дәстүрі кең етек алды. Бұл дәстүр бүгінгі зерттеушілерге тек ХҮ ғасырдан бері қарайғы шығармашылық тұлғалар шығармаларынан белгілі. Ол қашан пайда болды, нақты кімнен бастау алады дегенге жауап табу қиын. Қазақ мемлекеттігі деген мәселе туындаса біздің санамызға оралатын бірінші дерек ол жыраулық өнер болып

саналады. Қай жырау қай кезеңде өмір сүрсе, сол жыраудың шығармаларында көтерілген тақырыптарға қарап сол дәурдегі шындыққа көз жеткізуге тырысамыз. Кейінгі ұлттық поэзиямыздың, сондай-ақ пәлсапалық ой мен ұлттық дүниетанымның қалыптасуына орта ғасырлардан бері дамып, қалыптасқан жыраулық өнер ерекше әсер етті. Қазіргі қазақ поэзиясы биік деңгейге көтерілді десек оның өзгеше сипатта, анығырақ айтсақ ұлттық сипатта өркендеуіне жыраулар поэзиясы орасан зор ыпал жасады деп сеніммен айта аламыз.

Жыраулық өнер жеке мемлекет ретінде өмір сүрген қазақ хандығының мәдени өнері. Қазақ хандығының қандай тайпалық одақтардың бірігуі нәтижесінде пайда болғанын, қалай құрылғаны туралы тарихи зерттеулер қазір баршылық. Қазақ хандығы феодалдық мемлекет болды, бірақ басқа еуразиялық аймақтардағы феодалдық мемлекеттерден өзіндік айырмашылығы да бар еді. Қазақ хандығында экономикалық басымдық мал шаруашылығына негізделген болатын. Яғни көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан мемлекет болды. Бұл оны тек саяси-экономикалық жағынан ғана ерекшелеген жоқ, мәдени-рухани салада да басқа елдерге қарағанда өзгеше жолмен дамыды.

Осы кезден бастап қазақ халқы мәдениетінің де өзіндік беті айқындала түсті. Ол әсіресе халықтың тілінен, әдебиетінен айқын сезілді. Жыраулық поэзия өзінің көркемдік ізденістері мен өмірдің шынайы көріністерін бейнелеуде біршама жетістіктерге қол жеткізді. Жыраулар негізін қалаған толғау жанры жеке жанр ретінде қалыптасумен қатар, әдебиетімізде өзгеше ой толғаудың, адам сезімін жеткізудің жаңаша жолдарын айқындап берді. Толғауда монологтық сипат басым, бірақ сырлы нәзік лириканың сипаттарын нақты таңу қиын. Онда жеке адамның өмірі, оның жас ерекшеліктері, туыстық қатынастардың сыры мен сипаты туралы ойлар жиі қайталанып отырады. Олар көбінесе нақыл, насихаттық сарында жырланып, қазақ әдебиетінде дидактикалық ойдың қалыптасуына зор ықпал етті. Дидактикалық сарын өткен ғасырдың ортасына дейін біздің поэзиямызда көрініс тауып келді. Қазақ поэзиясында халық ақындары деп бөлек зерттеліп келген ауыз әдебиетін жалғастырушы ақындар Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Нұрпейіс Байғанин, Нартай Бекежановтар сол дәстүрді жалғастырушылар болғаны рас. Олардың барлығы да өлеңді сол кездегі әр алуан ситуацияға сай шығарған ақын импровизаторлар болды. Бұл дәстүрдің сонау жыраулар поэзиясынан бері келе жатқан халықтық дәстүр екенін жоққа шығара алмаймыз. Кейінгі жазба ақындар шығармашылығы негізінен сол суырып-салма ақындар дәстүрінен өнеге ала отырып қалыптасып, дамығаны да қазақ поэзиясының бір ерекшелігі болып саналады.

Шығармадағы көркемдік мәселесі шығарманы тудырушының тіліне байланысты екені баршаға мәлім. Академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» кітабында «Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болу керек. Бұл қалам иесіне қойылатын бұлжымас талап», - деген болатын. Тілі көркем

болмаған шығарма оқырман тарапынан қолдау таппайды, ол оқылмайды да. Тіл көркемдігі - ол сөздің бояуы, әсемдігі, әсерлілігі. Сондықтан да Бұқар шығармаларының көркемдігі оның тілді қалай қолданғанында, сол айшықты тіл арқылы өз ойын жұртқа қалай жеткізгенінде жатыр. Жыраулардан келе жатқан тіл көркемдігіне көз жібіре қарағанымызда көшпелі ата-бабаларымыздың әр сөзге аса жоғары мән беріп, кез-келген айтар ойларын кестелі тілмен әдемі өрнектеп жеткізе алғандарының куәсі боламыз. Бұқар да сол өзінің алдындағы жыраулардан алған үлгіден оншалықты қашықтап кете қоймаған. Көп өлеңдері негізінен дидактикалық үлгіде жазылған. Ол сол кездегі ұлттық дәстүр болатын. Сондықтан да Бұқарды жаңа пішін, тың мазмұн таппады деп кіналай алмаймыз. Бірақ өзіне тән стильдік ерекшелігінің болғаны айқын. Мысалы, қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан теңеудің алуан түрін Бұқар жырланынан да кездестіреміз. «Ай, айтамын, айтамын» жырының көркемдік сипатына назар аударып көрелік. Бұл жырда аттың сыртқы пішіні, сыны суреттелгендей болғанымен негізгі ой Абылай ханға арналған ода іспетті. Оған арналғанын жыраудың «Мінген атың айтамын» деген жолдардан байқаймыз. Осы өлеңдегі:

«Ойнай басқан аяқтым,
От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым» [25,112], -

деген теңеулер бірінен кейін бірі келіп хан тұлпарының сәні мен салтанатын асыра бейнелеп тұрғандай. Әр сөз өзінен кейін тұрған сөзбен тіркесіп, жаңа бір суретті, тың бейнені көз алдымызға алып келеді. «Кекілін қыздай тараған» деген өлең тармағынан да оның сұлулығын, жүйріктігін ғана емес, нәзіктігін, қадыры мен қасиетін де танығандай боламыз. Хан тұлпарының барлық сипатын суреттей келе жырау:

Тостаған көзді торыны
Топ тарқамай мін-сана,
Еліңнің қамын же-сана,
Есіліп кеңес айт-сана[25, 112],-

дейді. Яғни жырау ханның сәйгүлігін бекерден бекер сөз етіп отырған жоқ, сол атыңа мініп еліңнің ішіндегі әр қилы мәселелерді шеш, ақыл кеңесінді айт деп отыр. «Телі менен тентегің. Иіліп алдыңа келді, ием!» деген жолдардан бұл жырдың хан қабылдауына келгенде айтылғанын аңғарамаз. Осы шағын жырдың өзінен бірнеше ұтымды эпитеттердің де көрініс беріп қалатынын байқаймыз. «Қиғаш қамыс құлақтым», «Тостаған көзді торы» немесе, «кең Абылай, кең ием» деген сөздердің өзін әдемі эпитет ретінде ұтымды пайдаланған. Бұлар нысанаға алынған сөздердің мағынасын жаңа бір қырынан нақтылап, өзгеше сипатын анықтап тұр. Адам мінезінің ерекшелігін көп жағдайда «кең» деп айта бермейміз. Ал Бұқар болса бұл

жерде бір емес екі рет қайталап айту арқылы ханның асыл қасиетін, мінезіннің ірілігін айқындап беріп отыр.

Жалпы Бұқар жырларында бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша бірыңғай дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың бір бірімен үстемеленіп, қайталанып (аллитерация, ассонанс) келуі жиі кездеседі. Бұл әсіресе ауызша айтылатын жеті, сегіз буынды өлең жолдарында жиі көрініс береді. Себебі жиналған көпшілік алдында сөйлегенде сөздің ұйқасып қана қоймай, әр дыбыстың бір бірімен үндесіп айтылуы да сөзге қосымша көрік, іштейгі әуезділік сыйлайды. Мысал үшін Бұқардың «Айналасын жер тұтқан» деген жырын оқып көрелік:

Жарлыны жарлы деменіз,	Құрай бітпес құба жон
Жарлы байға теңеліп,	Құлан жортпас деменіз.
Жайлауға көшпес деменіз.	Құрсағы жуан боз бие
Жалғызды жалғыз деменіз,	Құлын салмас деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,	Құлық туған құлаша
Бір жапанда соғысып,	Құрсақтанбас деменіз.
Кегін алмас деменіз.	Қу таяқты кедейге
Құландар ойнар қу тақыр	Дәулет бітпес деменіз
Құрай бітпес деменіз.	[25,103], -

Осы жыр жолдарынан «Ж» және «Қ» дыбыстарының қайталанып келуі арқылы әдемі аллитерация пайда болған. Сонымен қатар тармақ соңында ұйқасып келіп жатқан «деменіз» деген сөз де өлең мазмұнына әсем әуезділік дарытып тұрған кезекті қайталаудың бір түріне айналып кеткен. Мұны да ақынның шеберлігі, сөз сырын терең таныған талғампаздығының көрінісі деп бағалауымызға болады.

Жырау толғауларында тек аллитерация ғана емес, ассонанстың да тамаша үлгілері жиі кездеседі.

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп,
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп,
Алыстан жанжал сөз келсе,
Азулы сөйлер жүгініп[25,130], -

Өзі алты тармақтан тұратын шағын толғаудың барлығы да дауысты «а» дыбысынан басталып әсем ассонанс құрап тұр. Бұлайша әр дыбыстың бір бірімен үйлесіп, қайталанып, бір ырғаққа бағынып келуі орта ғасырлық қазақ поэзиясында жиі ұшырасатын құбылыс.

Жыраулар поэзиясы өздері өмір сүрген кезеңдегі бұқара халық лексикасының, тілдің семантикалық ерекшеліктері мен сөздік қорының жарқын көрінісі. Олар тілдік сананы, ұлттық болмысты тасымалдаушылар, әрі жалпыхалықтық идеалдарға сәйкес эпикалық дәстүрді жалғастыратын да солар. Жыраулардың ұлттық поэтикалық дәстүрі көркемдік құралдарды,

элементтерді, лексикалық қайталауларды, түрлі эпитеттер мен метафораларды қамту арқылы шұрайлы авторлық лексиканы қалыптастырады.

Құдіретті сөз өнерінің ілкі авторлары – жыраулар бүгінгі таңда сәні мен салтанаты келіскен қазақ поэзиясының қайнар бұлағы. Олар өздерінің бойына біткен ақындық дарынды халықтық шешендікпен сусындатып, сол дәуірдің сөз байлығын сіңіріп, өздеріне дейінгі эстетикалық жүйе мен тәжірибені, көркемдік ерекшеліктерді түрлендіріп, тыңнан түрен салып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған поэзия өкілдері.

Жыраулар өзіндік тілдік тұлғаны, қолтаңбаны қалыптастыру барысында қазіргі таңда бізге теорияда түрлі терминдер арқылы белгілі метафора, антитеза, теңеу, эпитет, қайталау секілді сан алуан көркемдік тәсілдерге жүгінген.

Бұқар жыраудың тілдік тұлғасы құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, адамдық секілді компоненттерді қамтиды. Жырау шығармашылығында кездесетін көркемдік құралдар қазақ тілінің эстетикалық қуатын ғана емес, сол уақыттағы қазақ елінің тыныс-тіршілігін, мәдениетін де айшықтап, ұлттық поэтикалық бояуды қанық ете түседі

Бұқар жырау поэтикасының тілі шұрайлы, көркемдік элементтерді пайдалану барысында сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосып отырады. Әлбетте жырау бұған мақсатты түрде барды дей алмаймыз, бірақ жыраудың толғаулары эмоциялық әсер, экспрессивтік өрнекке бай.

**Атан болған жиырма бес,
Қызықты күндер қыздырған,
Асау талқан бұздырған.
Қызды ауылды көргенде
Бұлаңдатқан жиырма бес,
Төскейден қашқан түлкідей
Сылаңдатқан жиырма бес,
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінген жиырма бес,
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес
Іздесең де табылмас!**

Жырау *атан болған, асау талқан бұздырған, сылаңдатқан, бұлаңдатқан, төскейден қашқан, күлдір-күлдір кісінеткен, күреңді мінген, күрек тісін қасқайтқан, сұлуды құшқан* секілді метафораларды бұл ретте жастықтың жалындаған отын, күш-қайраты тасыған жас жігітті сипаттау үшін өз кәдесіне жұмсаған. Алайда жырау жас жігіттің портретін жасауды мақсат тұтпаған, өйткені біз бет-әлпетті, дене пішімін бейнелейтін сөздерді бұл туындыдан кездестірмейміз. Сондай-ақ жырау жігітті де, жастықты да қатар суреттей отырып, жас жігіттің өзін жастық шаққа балайтындай.

Тоқсан бес деген **тор** екен,

Шабысқалы келгенмін.
Сен танымай кетіп барасың,
Дүйім жанның **қоры** екен,
Қарғиын десең, екі жағы **ор** екен;
Найза бойы **жар** екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең **көл** екен,
Ел қонбайтын **шөл** екен,
Келмейтұғын неме екен.

Бұқар жыраудың өмір кезеңдері жайында жырлаған бұл толғауы да жоғарыда айтылған «Жиырма бес» секілді ұлғайтылған ауыстыруларға толы. Бұл турасында Қ.Жұмалиев «Мұнда «тоқсан бесті» «торға», «қорлыққа», «орға», «жарға», «көлге», «шөлге» - қысқасы бірнеше нәрсеге балап отыр. Өлең сөйлеміндегі «тоқсан бес» - барлық сөздің қазынасы» дейді. Демек *жастықты атанға, сылаңдаған тұлкіге, кісінеген күреңге* теңеген тармақтардың да тұғыры – «жиырма бес».

Жырау метафоралары ұлғайта отырып, бір дүниені бірнеше құбылысқа балау арқылы өзі айрықша атап өткісі келген, ойындағы нақты бір құбылыстың ерекше қасиеттерін жырлау арқылы күрделендіреді. Мәселен Бұқар жырау екі құбылысты қарама-қарсы қоя отырып бинарлық оппозицияны (*шендестіру - антитеза*) қолданып, жастық пен кәріліктің сыр-сипатын айқындайды.

Кәрілік шіркін не қылмас;
Апта бойыңды *бас алмай*,
Келін бала келгенде,
Ауызыңды аша алмай.

Мезгіліміз өткен соң?
Жайнап тұрған қызыл шок
Су құйылып өшкен соң,
Жайнап жүрген заманым,
Басымнан бүйтіп көшкен соң,
Уақытым жоқ, не айтайын,
Уақытым менің өткен соң.

Осындағы *бас алмай, ауыз аша алмай, су құйылып өшкен, бастан заман көшкен* тәрізді тілдік ұлғайтуларға тағы да жүгініп, қауқарсыз кәріліктің көрінісін көз алдымызға әкеледі. Бірақ бұл жерде жалғыз ұлғайтуды ғана аңғарып қоймай, алдыңғы тармақтарда жырланған жастықтың қызу қанды, жалынды сипаттамаларынан кейін кәріліктің келбеті бедерлене түскенін де байқауымыз керек. Яғни автор жастық пен кәрілік секілді бір-біріне кереғар құбылысты шебер шендестіріп, кәрілікті суреттеу арқылы жастық шақтың қадірін, жалынды жастықты жырлау арқылы кәріліктің солғын тартқан көрінісін бейнелеп отыр.

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң.
Құбылып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бүлген соң.

Осы тармақтардағы *Ай* мен *Күн*, *Құбылу* мен *Солу*, *Бәйшешек* пен *Қурай*, *Қамқа* мен *Шүберек*, *Еңсесі биік* пен *Мортық* секілді сөздер де мағынасы екі бөлек ұғымдарды өзара қарсы қою арқылы Өмірдің өтпелі екенін, кез келген құбылысқа аяқталу тән екенін көрсеткен.

Батырлар жырлары, ғашықтық жырлар секілді қазақ эпостарынан бастау алған ауыстыру, құбылту тәсілдері Бұқар жыраудың поэзиясында осылайша жалғасын тапқан, алайда бұл барды қайталау емес, өз тарапынан өзгерістер енгізіп, соны сипат алған көркемдік элементтер.

Сөздерді ауыстыру, құбылту өресі биік, өрісі кең өнерпаздың ғана қолынан келеді. Өйткені мұндай тілдік бірліктерді орнын тауып, дөп басып пайдалану өз кәдесіне кез келген ақынның қолынан келе бермейді. Таным көкжиегі кең құлашты, айтар ойы терең, астары қалың шебер ғана тілдің құдыреті мен сөз байлығын паш етпек.

Қ. Өмірәлиев Бұқар жырау шығармашылығында тұрақты есім сөз эпитеттері санаулы деген баға береді. Алайда Р. Сыздықова бұл пікірге қарсы тұжырым айтып, есім сөз эпитеттердің мол екендігін айтқан. Расында Бұқар жыраудың толғауларында есім сөзді эпитеттер өте мол. Оларды бірнеше категорияға бөліп қарастыруға болады:

Сан есім арқылы жасалған эпитеттер: Бір Аллаға жазбасқа; *Сегіз* қиыр шартарап; *Он сегіз* мың ғаламды; *Он* сан алаш баласын; *Он екі* қазлық әр түндік; *Он* сан қазақ тізгіні; *Екі* жақсы қас болмас; *Екі* жаман дос болмас; *Үш* жүздің баласының; *Төрт* шарияр, Мұстафа; *Төрт* құбыланды түгел қып; *Бес* уақытты бес намаз; *Алты* қанат ақ ордаң; *Он* бармағы қыналы; *Он екі* айда жаз келер.

Сын есім арқылы, оның ішінде түсті білдіретін сын есімдер арқылы жасалған эпитеттер: Қара қылды қақ жарған; *Қара түлкі*, қармалжын; *Қара құла* жүйрік деп; *Қара көзден* жас кетер; Желкілдеген *сары ұлың*; Қоспақ өркеш *сары атан*; *Сары атанды* бақыртып; *Шұбар көсем сары аяқ*; *Ақсары атан* аспалап; Сандығын *сары алтынга* малдырған; Көріп туған *көкше тай*; *Көк баһары* болған жұрт; *Көк ала ат* жаратып; *Көк дабылды* байлатып; *Көк алалы* көп торғай; *Жасыл көлге* мәслихатқа келтіріп; *Ақ сұңқар* құстың баласы; *Ақ сойылмен* төбелеп; *Ақ сұңқар құстай* түледің; *Ақ кірпіш тас* суда бар; Алпыс басты *ақ орда*; *Боз жорғадай* бұлғаңы; *Боз мойынды сұр үйрек*; Қыздарыңа *қызыл ала тон* кигізіп; Шүлдіреген *қызыл тілден* не пайда; Жайнап тұрған *қызыл шоқ* секілді дәстүрлі түстік эпитеттер де жеткілікті.

Н.Айтова «Түр-түс – алдымен адамды қоршаған ғаламның өзі, объективті шындық, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің, дүниені қабылдауы мен түсінуінің фрагменті. Адам сыртқы әсерлерді өзінше түйсініп, бағалайды, сондықтан да бәріне визуалды ақпарат ретінде берілуінде бірдей болатын түс субъективті танымда түрлі мазмұнды білдіреді» деген пікір айтады. Түр-түс адамзат өмірінің ажырамас бөлігі, ол адамның саналы білімін ғана емес, психологиялық жай-күйі, талғампаздығы мен дүниеге көзқарасын, рухани құндылықтары жөніндегі мазмұнға ие құрал. Яғни жырау толғауларында өзінің ғалам, өмір, кеңістік туралы түсініктері мен тұжырымдарына сүйене отырып, түстік эпитеттерді өзгеше реңкпен бейнелейді.

Сапалық және қатыстық сын есімдер арқылы жасалған эпитеттер: Аты **жақсы** Құдайды айт. **Жаман** қатын алмаңыз! **Үшкілсіз** көйлек кимеске, **Иісі жұпар** аңқыған, **Аязды** күн айланған, **Бұлтты** күні толғанған, Еңсесі **биік кең** сарай, **Тар** пейілді кеңімес, **Кең** пейілді кемімес, Ақсаңнан **биік** тау болмас, **Оңды** жауап қата алмай, **Қызды** ауылды көргенде, **Бұтақты** мүйіз бұғысы, Дауысы **ащы** тырнаны айт.

- **Өткен шақ формадағы есімшенің -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары**

арқылы жасалған эпитеттер: Тай **жүгірткен** заман-ай, **Қалған** көңіл, Төскейден **қашқан** түлкідей, Жайнап **тұрған** қызыл шоқ, Өрге **жүзген** отыз бес, **Қылшылдаған** қырық бес, **ардақталған** сұлулық, **желкілдеген** ту, жер **қайысқан** қол, омыртқасы **үзілген**, тар құрсағын **кеңіткен**, тас емшегін **жібіткен** бала, **ылақтаған** ешкі артық, **күнелткен** қара күң т.б.

Сондай-ақ табиғат атаулары мен құбылыстарды білдіретін жол, бұлақ, тақыр, жон, жар секілді сөздер де образды эпитеттер арқылы өзінің номинативті мағынасын шырайландырып, өлең-сөздің өрімін өзгеше сипатта өрбітуге жұмсалған. Мысалы: тас бұлақ, қу тақыр, қурай бітпес құба жон, асқар тау, қара жер, қазулы жолдар, найза бойы жар, түбі жоқ терең көл, ел қонбайтын шөл, қараңғы тұман түн, сыдырым тікен тал, қызыл шоқ т.б тіркестері.

Жыраулар поэзиясына тән көркемдік құралдардың тағы бірі – кейбір мағыналық топтағы сөздердің, ұғымдардың эпитеттермен ғана тіркесе қолданылуы. Бұқар жыраудың толғауларында осы поэтикалық өрнек молынан кездеседі: Мәселен: «**Орда**» сөзі: Алты қанат ақ орда; Қос, қос орда, қос орда; Бағаналы орда, басты орда; Байсал орда; Еңсесі биік боз орда; «**Шартарап, жер-жаһан**» ұғымы: Сегіз қиыр шартарап, Он сегіз мың ғалам, Төрт құбыла; «**Көпшілік**» ұғымы: Жер қайысқан қол; Қатар-қатар нар тіркеп; Дүйім жан; Он сан алаш баласы; Сегіз алаш; Үш жүздің басы; Қисапсыз қол; Қырық сан қара қалмақ; Он сан қазақ.

Күш, билік, ақыл, қабілет, сұлулық, адам жанының тереңдігі мен кеңдігі секілді дүниелерді барынша үстемдете суреттеу үшін Бұқар жырау – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалатын түрлі теңеулерді пайдаланған: **Тұрымтайдай** ұл едің; Ақ **сұңқардай** түледің; **Саптыаяқтай**

еріндім, *Сарымсақтай* азулым; *Арыстандай* ақырған; *Бөденедей* күш бар ма; *Буыршындай* тіздесті; Киігін *қойдай* қайырған, Құланы *құлындай* тулаған, Ноғайлардың бойы болар *сазандай*; Сәлдесі болар *қазандай*, Құм *төбедей* үйілді; *Ормандай* көп Орта жүз, *Көлдей* қамқа төсеніп; Жауған *күндей* себелеп; Киігін *қойдай* қайырған; Құланы *құлындай* тулаған; Түлкісі *иттей* шулаған.

Бұқар жырау поэзиясындағы бұл теңеулер турасында Маралбек Ермұхамет өзінің «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы» атты еңбегінде «Тұрымтай құс пен болашақ хан Абылай салыстырмалы түрде алынып, Абылай «дәрежесі де, дене кесімі де кішкене, жай ғана адам» ретінде сипатталған. Тұрымтай сұңқар тұқымына жататын жыртқыш құс болғанымен, денесі көгершіннен сәл ғана үлкен, шағын құс. Халық танымында ол ұдайы «кіші, шағын» деген ұғымдармен байланысты көрініс табады. ...тұрымтай құстың сыртқы пішіні ғана емес, ішкі қасиеті, айырым белгілері де халық танымында терең менталды мазмұнға ие болған. Халық жадындағы білімдер жүйесінде тұрымтай құстың тағы бір ерекше қасиеті сақталған, ол – оның адамға ерекше үйірсектігі. Осындай қасиеті үшін қазақ құсбегілері тұрымтайды сүйікті құсы ретінде жақсы көрген. Осыған сәйкес, Бұқар толғауында Абылайдың тұрымтай ретінде сипатталуында да болашақ ханның не істесе де өз ортасына сыйымды, сүйкімді қасиеті де сипатталып отырған болса керек. Ал толғаудың екінші бөлігінде тұғыр мен алтын тақ, Абылай мен ақсұңқар өзара салыстырылады. Мұнда да салыстырулар заттардың сыртқы пішіні мен ішкі қасиетіне байланысты. Бір қарағанда, параллелизм болып көрінеді. Тұғыр үстінде сұңқар құстың серкесі, ірісі ақсұңқар түлесе, соған ұқсас, қасиетті, қымбатты алтын тақ үстінде Абылайдай асыл ер де түлейді» дейді.

Сондай-ақ «*Ормандай* көп Орта жүз» деген үзіндіде де жырау орманды жеке бір адамға баламай, қалың жұрт, керегесі *кеңге жайылған іргелі елге теңеп, жалтылама мөлшер ұғымын сәтті қолданған.*

Жырау осы ұғымдарды білдіретін нақты лексикалық мағыналарды қолданудың орнына сол ұғымдарды ойға оралтатын басқа құбылыстарға теңеген. Нәтижесінде поэтикалық туындылары әсерлі әрі бейнелі болып, эстетикалық бояуы қатпарлана түскен.

Ойнай басқан аяқтым,
От орнындай тұяқтым,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Саурысын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған
Тостаған көзді торыны[25,112]...

Осы үзіндідегі тұлпар тұяғының от орнындай, құлағының қиғаш қамыстай, ерінінің саптыаяқтай, тістерінің сарымсақтай, көзінің тостағандай болуы гиперболаның (әсірелеудің) келісті көрінісі. Бұқар жырау өзіне дейінгі

батырлар жырында (Ер Тарғынның Тарланы «От орнындай тұяқтым, Омыртқаң бар отаудай», «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы «Қос құлағы тігілді, Қайырға біткен қамыстай») жиі кездесетін ат сынының көрнекті дәстүрін жалғастырып, өзгеше өң береді.

Жыраудың шығармашылығында арғымақ пен атанға қатысты тағы да бірнеше («құрсағы жуан боз бие», «қоспақ өркеш сары атан») сипаттамалар кездескенімен, адамның бет-бейнесі, портреттік образы тіпті жоқтың қасы десек те болады. Дегенмен Абылай ханның адами қасиеттері, мінезі мен болмысы турасында айтылған тұстар образ жасау жолындағы алғашқы ұмтылыс, бастапқы қадам болса керек. Мысалы, «*Тұрымтайдай ұл едің. Ақ сұңқар құстай түледің, Шайқалып аққан сең едің, Алтын тонның жеңі едің, Айбалтасын алтынменен булатқан, Арпалап атты қунатқан, Тырнағын қатты батырды*» тәрізді үзінділер. Мұнда сән-салтанатты хандық, Абылай ханның үстемдігі, билігі, ел ағасына айналған мәртебелі дәрежесі, қаһармандық бейнесі кестелі тіркестермен көмкерілген.

Сонымен қатар Бұқарда қайталау құбылысы да жиі ұшырасады. Жыраудың толғауларында *ай, заман-ай, заман-ай*; бағаналы *орда*, басты *орда*, байсал *орда*; *жарқ-жарқ* еткен жайда бар; *қос, қос орда, қос орда; бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұл үйректей* болыңыз, *Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек*, Бұрылып ұшар бір күні; *Маң-маң* басып жүріңіз; *Күлдір-күлдір* кісінетіп; *Арту-арту* бел келсе; *Қатар-қатар* нар тіркеп тәрізді жай қайталаулар кездеседі. Бір сөз бірнеше мәрте қайталанып жырау ойының барынша толыға, қаныға түсуі үшін жұмсалады. Яғни Бұқар төмендегі өлең жолдары арқылы негізгі ойға назарды шоғырландырып, сол сөзге ерекше мән беруді қалаған.

Он бірінші тілек тілеңіз:

Он бармағы қыналы,

Жарлыны жарлы деменіз,

Жарлы байға теңеліп,

Жайлауға көшпес деменіз.

Жалғызды жалғыз деменіз,

Жалғыз көпке теңеліп,

Қурай бітпес деменіз.

Қурай бітпес құба жон

Жолаушыны өрге, қырға қақыртып,

Жолаушы айта барар:

Бұқар жыраудың поэзиясындағы осындай анафоралық қайталаулар жоғарыда келтірілген төрт шумақпен шектелмейтінін айта кеткіміз келеді. Өйткені жырау шығармаларынан анафоралық қайталаулар дүркін-дүркін кездеседі. Бұл көркемдік тәсіл туындының сыртқы пішінін келісті етіп, экспрессиялық әсерін күшейтіп, еселей түскен. Бұқарда эпифоралық қайталау да жеткілікті. Мысалы:

Сегізінші тілеу *тілеңіз*,
Сегіз қиыр шартарап
Шер күлденіп тұрмасқа.
Тоғызыншы тілеу *тілеңіз*,
Төрең тақтан таймасқа.
Оныншы тілеу *тілеңіз*.

Ақтан сия танытқан
Дәуіт пенен қаламды *айт*,
Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді *айт*.

Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас *демеңіз*,
Құлық туған құлаша
Құрсақтанбас *демеңіз*.

Жоғарыда келтірілген жолдардағы эпифоралық қайталаулар – «*тілеңіз*», «*демеңіз*», «*айт*» деген бұйрық райында келген баяндауыштардың қайталануы арқылы жасалып тұр. Бұл ретте қайталаулар ұйқас құрап қана қоймай, ойдың эмоционалды-экспрессивті әсер күшейтіп, үгіт-насихаттық сипатқа ие болған.

Құл-құтандар жиылып,
Құда болған *заман-ай*.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен *заман-ай*.

Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен *жұрт*.
Ханым берген қамқа тон,
Жырау киіп кеткен *жұрт*.

Әдетте эпифора қандай да бір адамның, заттың не оқиғаның маңызын айшықтау үшін қолданылады. Сонымен қатар автор үнемі қайталайтын ақыл-кеңес, сөз тіркесін де білдіруі мүмкін. Кейде мәтіндегі эпифора өткен шақты сағыну, естеліктерді жаңғырту үшін де жұмсалады. Эпифораның тағы бір

мақсаты – белгілі бір композицияны құру арқылы шығарманы өзара байланыстырып, тұтас мәтінді қалыптастыру. Эпифора арқылы мәтін әуез бен ырғаққа ие болып, мазмұны мен пішінінің айналасы теп-тегіс жұмырланып, тілге жеңіл, естір құлаққа жағымды келеді. Біздіңше, Бұқар жырау өз толғауларындағы эпифоралық қайталауларды ауқымды бір ойды білдіретін тұтас мәтінді қалыптастыру мақсатында қолданған.

Жыраудың шығармаларында жай қайталау, анафора, эпифора кездескенімен, еспе қайталау ұшыраспайды.

М.Жармұхамедов Бұқар жырау толғауларындағы қайталауларды жоғарыда аталған қайталау түрлерінен өзгеше үш жүйеге бөліп қарастырады. Оның жіктеуіне сәйкес, жырау шығармашылығында мынадай қайталау түрлері кездеседі:

1. *Жеке бір сөзді әр жол сайын қайталау.* «Тәрде отырған қарт бабаң төресін жаңлар малдан соң, Төркіндеген бикешің, тіркеусіз о да қайтар малдан соң...Төсі аршынды сұлуың, сілкіп төсек салмас малдан соң, Байдың ұлы көрпелдес, шұбалаңқы тартады, айдап жүрген малдан соң».

2. *Бастан – аяқ ұйқас үшін алынған риторикалық сұрау күйінде келеді:* «Көкте бұлт сөгілсе, көктеп болмас, не пайда. Көкіректен жан шықса, қайтып келмес не пайда».

3. *Табиғи салыстыруларды үнемі шендестіріп қарама – қарсы қою арқылы жасалады.* Мысалы: «Асқар таудың өлгені – басын мұнар шалғаны. Көктегі бұлттың өлгені – аса алмай таудан қалғаны. Ай мен күннің өлгені – еңкейіп барып батқаны. Айдын шалқар өлгені – мұз болып тастай қатқаны».

Әрине жырау өз толғауларын жырлау барысында эпитеттердің, не болмаса тағы да басқа көркемдік құралдардың категориясын мақсатты түрде таңдап, талдамай, процесс барысында ішкі эмоционалдық күйіне сай бейнелеу құралдарын өз еркінен тыс қосып отырған. Бұған жырау айтқысы келген түпкі ой, негізгі идея, бейне, табиғат, ойдағы бейне мен табиғаттағы құбылыстың өзара ұқсастығы, символ да әсер еткен. Сондай-ақ Бұқар жырау өзіне дейінгі ақын-жыраулар қалыптастырған дайын ырғақ, композициялық әдістер, дәстүрлі салыстырулар, образдар, көркемдік әдістер, аллегориялар, афоризмдер, бейнелеу құралдары, нақыл сөздер, қанатты сөздер және шешендік өнерді терең меңгергені анық. Өзі шебер меңгерген халық шешендігінің үстіне импровизациямен тың жаңалық, соны өрнектер қосып, дербес поэтикалық қолтаңба қалыптастырған.

Бұқар жырау поэтикасында таптаурынға айналған көркемдік элементтерден бой тартудың себебі – осыған дейінгі қолданыста болып келген көркемдік дәстүрлердің тозып, заман талабына жауап бере алмайтындығынан емес, керісінше, ескіні жаңамен байытып, поэзияның шоқтығын биіктетуден туындаса керек. Әрине, бұл сөзге қарап Бұқар қазақ поэзия тілінің дәстүрлі амал-тәсілдерінің барлығын жаңалап шықты деген ой тұмауы керек. Мәселен, жыраулар поэзиясында кездесетін:

Түтінге салса саспаған,
Шоралар сауымын ішіп тауыспаған,

Ағар бұлақ сүтті жұрт.
Көп жылдарға бек сақтап,
Есен де есен болған құтты жұрт.
Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт[25,106], -

деген секілді тұтас жыр жолдарының мағыналық жағынан қайталанып келуін өзінің поэтикалық дәстүрді сақтағандығы, шығармаларының ескіден келе жатқан жанрлық болмысына сәйкес келгендігінен деп қабылдағанымыз шындыққа жанасымды. Мұнда да ойды айшықты жеткізуге құрылған «сүтті жұрт», «құтты жұрт» сияқты эпитеттің көне түрлерін шебер пайдаланған. Бұл жердегі «сүтті жұрт» дегені ол жердің байлығын, жерінің от, суының мол екенін, ол жер елдің берекелі өмір сүруге қолайлы мекен екенін поэтикалық тілмен әсем жеткізген. Ал жанрлық сипатына келер болсақ, негізінен оның бір халық пен екінші халық тығыз араласқанда, бірінің мәдениетін екіншісі қабылдаған кезде бірінен біріне ауысатындығы белгілі. Өз алдына тәуелсіз ел болған қазақ хандығы тұсында жана жанрдың пайда болуы екіталай еді. Жыраулардың біз білетін үш жүз жылға таяу тарихында оларда жаңа мазмұн да, жаңа пішін де көп өзгеріске түспеген. Олар көбінесе бірінен бірі үйренген, бірін бірі дамытқан, көнеден келе жатқан форманы сақтап жетілдіруге тырысқан. Ал сырттан алған, яғни жанрлық трансформация көп көзге түсе бермейді. Мысалы, ХҮ ғасырдағы Қазтуғанның:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Аққала ордам қонған жұрт,
Атамаыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт [23,19], -

деген атақты жырының ырғағы мен әуезін, мазмұны жағынан да Бұқарда қайталанып жырлануы ол Бұқардың білместігінен емес, осы жыр үлгісін жанр ретінде қабылдауынан деп түсінген абзал. Бұл тек қана Бұқарда ғана емес, егер зер сала санамалап шықсақ біраз жыраулардың шығармаларында айқын көрініс беріп отырады. Сол сияқты Ақтамберді жырау жырларындағы:

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екеміз?! [23,61], –

жыр жолдарының Бұқар жырауда былайша жырланғанына да назар аударуға болады.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінген жиырма бес,
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлуды құшқан жиырма бес [25,114], -

деген шумақтың да біраз жырауларда әр түрлі мазмұнда қайталанып келетінін жоққа шығарар алмаймыз. Екеуіндегі «күлдір, күлдір» деген елітеуіш айна-қатесіз қайталанып тұр. Жылқы «күлдірлеп» кісінепті деп қазір

пайдаланбаймыз. Неге екеуінде де күрең ат туралы айтылған? Дауыссыз дыбыстардың қайталанып келуіне ғана байланысты ма? Ертеректе біреудің айтқан сөзін дәл сол күйінде қайталап айтып берудің өзі жадтың мықтылығын, зеректікті танытатын болған. Сонымен қатар олар сол өздері естіген сөзді авторын айтпай-ақ пайдалана берген сықылды. Өйткені қалың көпшілік ол заманда ол сөздің кімдікі екенін айтпаса да жақсы білетін болған.

Жалпы Бұқар жырларында дыбыстық қайталаулар ғана емес сөздердің қайталанып келуі де жиі кездеседі. Төменде біз мысалға келтіретін жырда «Ежелгі дос, ежелгі дұшпан» деген сөздерден өлең мазмұнын әсем ырғақпен байытып тұрған әдепкі қайталаудың да, кезекті қайталаудың да үлгісін көруімізге болады.

Ежелгі дос жау болмас,
Шірнеуіште үстінде хаты бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде кірдің таты бар.
Ежелгі дос жау болмас,
Айтысқан оның серті бар.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Көңілінде тұтқыр кірі бар [25,127].

Қайталаудың маңызының өзі автодың айтқысы келген сөзге ерекше мән беруі, сол айтылған сөз арқылы өзінің оқырманға жеткізгісі келген идеясын нақтылай түсуі. Бұқар өз толғауында «ежелгі дос» пен «ежелгі дұшпан» антонимдік мағынадағы сөздерді қайталай отырып, адамдар арасындағы моралдық қатынастардың сипатын ашуға күш салған.

Жоғарыда біз мысалға келтірген тіркестер батырлық жыр-дастандарға көбірек үйлеседі. Ал жорық жырынан гөрі, сыршылдыққа негізделетін лириканың болмысына көп келе бермейді. Сөздің ретіне қарай, фольклор жанрының жоқтау топтамасындағы жырларда әдеби тілдік қолданыс дәстүрімен жалғасып келе жатқан сөз образдары - тұрақты тіркестерді мысалға келтірсек:

Күпшек санды күреңді
Тәбияға жаратқан,
Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан.
Айбалтасын алтынменен булатқан,
Алафасын арттырып
Арпалап атты қунатқан [25,101], -

Осы толғаудағы «күпшек» деген сөз де соңғы кездері архаизмге айналып бара жатқандай, екінің бірі түсіне бермейді. Түсіндірме сөздікте «Арба дөңгелегінің білігін кигізетін, ортасында тесігі бар, шабақтарды қондыратын ортасындағы бөлігі» деп беріліпті. Негізі күбі түбірінен тараған бөшке деген мағынаны білдіретін сөз болуы керек. Ал «тәбия» деген таңсық, аңсар дегенге келеді, «қырық сан қалмақ» деген ұғым ол кезде көп деген

мағынаны берген, «алафасын» арттырып дегенді жалақысын, олжасын, берілетін сыйлығын деп түсінуге болады, оны «алапа» деп жазған дұрыс болар еді. Өйткені оның түбірі «алапа» деген көне түрік сөзінен шыққан, ертеректе сарбаздарға төленетін жалақы деген мағынада қолданылған, ал Бұқардың жырларын құрастырушылар оны араб-парсы сөзі деп ойлаған болулары керек. «Қунатқан» сөзі дилылану, күш жинау мағынасын береді. Аунап-қунау деген қос сөздің екінші сыңарынан пайда болған деген ойдамыз. Бұл тіркестердің көбі қазіргі тілде қолдана бермейді, сондықтан да жыраулар поэзиясын оқығанда кейбір сөздердің мағынасы күнгірт болып, түсінуге қиындық тудыратыны рас.

Бұқар ақындық өнерінде өзіне дейінгі фольклорлық тіл поэтизмдерінің көбін жаңғырта пайдаланған. Мәселен оның тіліндегі шора, жұрт, орда, бағаналы, байсал сөздері семантикасында көтеріңкі реңк басымдығын үстемелейтін дәстүрлі поэтизмдер. Ақынның өлең поэтикасында ойды образдау дәстүрінің көп үлгілері қазақтың тұрмыс-тіршілігінің көзіне айналған – малға байланысты ұғымдармен тығыз байланысты.

Бұқардың поэзиядағы тілі көркем, ойы жүйрік. Ол сол көркем тіл байлығы мен ой жүйріктігінің арқасында өз қатарластарынан биік тұрады. Оның поэзиялық тілінде қазақ халқында бұрыннан келе жатқан көне тіркестермен қатар өз заманына сай жаңа сөздер де жиі кездесіп жатады. Жырауды замандастары суырып-салма қабілетінің күштілігіне, көмейінен қара сөзге қарағанда өлең сөздің төгіліп тұратыннына қарап кезінде көмекей әулие деп те атаған екен.

Көшер едің көш бастап,
Көшкеніңде қиғаштап.
Қатар-қатар нар тіркеп,
Қалы кілем жаптырып,
Қайрақ қалса, тастатпай,
Алып келді таптырып,
Қыздарыңа қызыл ала тон кигізіп,
Қырмызыға малдырып,
Көшке жорға мінеді,
Жүрін-сауын жол үстіне салдырып,
Бәйбішелер келеді көш алдында,
Жалғыз, жалғыз бастырып,
Көшінің айдынына састырып.
Жолаушыны тоқтатып,
Сары атанды бақыртып,
Шұбар көсем сары аяқ
Құйып берді мас қылып,
Жолаушыны өрге, қырға қақыртып,
Жолаушы айта барар:
Тәшкен базарың зор екен,
Дәулеті оның *шу* екен,

Су тілесе, бал беріп,
Сыртты екен бәйбіше,
Қалдияғы жұртына,
Өрнекті екен бәйбіше,
Зәуре менен Батбадай,
Келбетті екен бәйбіше [25,105], -

Бұл жерде қазақ көшінің сән-салтанаты, бәйбішенің салт-дәстүрге жетіктігі, қолының ашықтығы, сырт келбетінің ажарлылығы поэтикалық үлгіде әдемі суреттелген. Көш қазақ үшін өз елінің байлығын, берекесін, салтанатын көрсететін мезет. Ол кездегі елдің жайлауға немесе қыстауға көшу процессі ұзақ күндерге созылатын болған. Сол көшті көрген, немесе арнайы келіп сәлем берген, жақсы тілектерін айтқан адамдарға арнайы құрмет көрсетілетіндігі белгілі. Ол біздің эпостық жырларда, этнографиялық зерттеу еңбектерде жақсы көрініс тапқан. Жоғарыда мысалға алаған жырдың мазмұнынан да көштің салтанаты, оның оның халық үшін маңызды көрініс екені анық байқалады. Көшті бастау, оны қиғаштай алып жүру (сәнін, салтанатын көрсету үшін), қатар-қатар нар тіркеу, қалы кілем жаптырудың да астарында халықтық эстетикалық түсінік-пайымның іздерін анық аңғаруымызға болады. Мұның барлығын Бұқар жырау жайдан жай тізіп айтып отырған жоқ, ол сол арқылы көшпелі тұрмыстың өзіне тән әсемдігін, асқақтығын бейнелер отыр. Көшпелі жұрттың сән-салтанаты ескіден келе жатқан эпикалық жырларда да дәл осылай суреттеледі. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы:

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады,

Қырық нарға жүк арттырып,
Қымқап зерлі кілемді
Жүк үстіне жаптырған.
Қазыналы қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған.
Әсемдіктің бәрін де
Бұл жиһаннан арттырған [69,47], -

деген жыр жолдарынан көшпелі халықтың көш салтанатына қаншалықты мән бергенін, ондағы бүтіндікке, жинақылыққа, реттілікке, әсемдікке деген терең ұмтылысты, биік эстетикалық талғамға таң қалмасқа шарамыз жоқ. Неге қырық нарға жүк артқан, неге оны зерлі кілеммен жапқан, неге ол жүкті байлаған арқанның өзі жібектен болған деген сауалдарға жауап табу да онша қиын емес. Оның жауабы сол жырдың өзінде тұрған секілді. Ең басты мақсаттары «әсемдіктің бәрін де, бұл жиһаннан арттыру» болғаны айқын баяндалып тұр. Сонда біздің ата-бабаларымыз өздерінің әр бір істерін эстетикалық талғаммен, әсемдікке деген ерекше құштарлықпен жасаған-ау деген ой келеді. Ал Бұқар жырындағы көштің салтанаты да одан кем емес екенін байқаймыз. Жыраудың толғауындағы көш

суретінде нақтылық басым. Қайрақты да тастатпай таптырып алып келтіруі көшті ұйымдастырушы бәйбішелердің жинақылығын, пысықтығын, елеусіз деген нәрселердің өзіне мән беріп, көштің бар сұлулығын арттыруға ықыластана кіріскендерін аңғартады. Ақын ХҮІІІ ғасырға тән сөз тіркестерін айшықты қолданған. Осы толғаудағы өлең тармағында бір ғана «аяқ» деген сөздің өзіне үш түрлі «шұбар», «көсем», «сары» деген айқындауыштарды бірінің үстіне бірін қатар пайдаланған. Мұндағы «көсем аяқ» дегені құрметтеп алғашқы ұсынылған ыдыс болса керек, ал «сары аяқ» тек түсі ғана емес, ыдыстың күнделікті қолданыста болғандығы, майлылығы (байлығы, қасиеттілігі) деп ой түйюге болады.

Жыраудың сөз саптауының өзі шығарманың өн бойын тегіс жайлап жататын және мағыналық жағынан бірін-бірі ұлғайта, дамыта түсетін, модальдық реңктегі сөздердің шоғырланған түрде қолданылуы дегенге келеді. Жолда кездескен жолаушының өзі ол бәйбішелердің дәстүрге сай жасаған әрекеттерін «тәшкен базарың зор екен» деп бағалайды. Бұл жерде Тәшкеннің базарындай деп теңеу арқылы айтып тұрған жоқ, жеке субъектіге қарата айтылып тұр, бірақ ешқандай жалғау жалғанбаса да оның теңеудің орнына қолданылып тұрғанын анық ажыратамыз. Ол кез үшін «Тәшкен базарың» деген сөз көшпелі қазақтардың барлығы үшін түсінікті болған.

Негізі қай дәуірдің әдебиетін зерттесек те сол кезеңнің тарихын, сол замандағы адамдардың ойлау жүйесі мен сөз қолдану тәсілдерін барынша жан-жақты зерттеп, түсінуге тырысуымыз керек. ХҮІІІ ғасырдағы қазақтардың қоғамдық санасы, мәдениеті, олардың қоршаған ортаны қабылдау жүйесі қазіргі кезден өзгеше болуы заңдылық. Сондықтан да қазір бізге қабылдау қиын соғатын көптеген таным-түсініктер, қанатты сөздер мен сөз тіркестерінің тарихи негіздері туралы тарихшылар мен этнологтардың, тіл тарихын зерттейтін мамандардың пікірлерін ескере отырып байлам жасауға тура келеді. Бұл туралы академик Ә.Қайдар былай дейді: «Тілдің халық өмірінде атқаратын қызметі көп-ақ. Солардың бірегейі – ұрпақ пен ұрпақ арасын жалғастыратын, өткен өмір мен бүгінгі болмысымызды, онымен болашақты ұластыратын «алтын көпір» бейнелі қызметі. Халық даналығының ұйтқысы – тілдің бұл қызметін ғылымда кумулятивтік функциясы деп атайды. Оның бұл қызметі – ұлттың ұзын-сонар рухани өмірін жалғастырушы ғана емес, сонымен қатар ұлт тарихы мен менталитетіне, сана-сезіміне, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарды өз бойына сақтап, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын қасиетімен де қымбат». [82,14]. Яғни, біз жыраулар поэзиясын, соның ішінде Бұқар жырау жырларын ұлтымыздың тарихы мен сана сезіміне, болмысына қажетті рухани құндылық ретінде бізге жеткен асыл мұра деп қабылдаймыз. Жырау толғауларындағы қазір қолданыстан шығып қалған кейбір жекелеген сөздер мен тіркестерді, мысалы, «дәулеті оның шу екен» немесе «сыртты екен бәйбіше» деген тіректерді бүгінгі күнгі қолданыстағы тілмен салыстыра саралап түсінудің тарихи негіздерін танып-білуге тиіспіз.

Бұқар белгілі жәйттерді, мәлім фактілерді баян етсе де, кемеңгер көсемге лайық өзінше ойлы нақыш, сырлы сипат іздейді, әр шумақта тебіреніп пікір тастап отырады. «Дәулеті шу екен» немесе «әйел сыртты екен» деп бүгінде мүлдем пайдаланбайтынымыз рас. Шу екен дегенді аса бай екен, ал сыртты екен дегенді келісті екен, мәрт екен деп түсінуімізге болады. Сондықтан ол сөздердің Бұқармен замандас ақындарда, сол тұстағы жазба әдебиетте қалай пайдаланғанын салыстыра талдап, соның мәнін ашуға тырыстық. Сонда ғана ол сөздердің түп мағынасын терең түсініп, ақын шығармаларының поэтикалық сипатына нақты талдаулар жасай алмақпыз.

Бұқардың өзек жарып айтар ойы – адам тағдыры, адамның тірлігі, мінезі мен құлқы, сезімі мен түйсігі. Бұқардың өзі жырлағандай, оның негізгі тақырыбы өз заманындағы ел тағдыры, жалпы әлеумет ісі, жеке адамдар арасындағы қатынас. Қай тақырыпқа барса да, не туралы жырласа да, бәрібір астарында адамның ғұмыры, адамның тағдыры, сол дәуірдің бұралаң бұлтарысы жатады. Тіпті терең философиялық ойларының астарынан да оның әр бір құбылысқа жеке адамның өміріндегі қайшылықтар мен нақты мысалдарды арқау ете отырып баға беретінін аңғарамыз.

Түркі халықтары әдебиеті ішіндегі таза тіл мәселесі қазір түркі халықтары ғалымдары арасында ауық-ауық сөз болып жүрген мәселенің бірі. Онда прототүрк тілінің қай тілде түп негізі нақтырақ сақталған деген сауалға әркім өздері жетік білетін түркі тілдерінің негізінде әр түрлі дәлелдер келтіреді. Мысалы ХҮІІІ ғасыр әдебиетін алатын болсақ ол кезеңде барлық түркі халықтары ислам дінін қабылдап, соның негізінде илам мәдениетінің кейінгі кезеңінде белең алып кеткен парсы тілінде өлең жазу күллі ислам дінін ұстанған халықтар арасында дәстүрге айналып кетті. Мысалы, әзербайжан, түрік, өзбек, түркімен т.б. түркі тектес халықтардың поэзиясы он сегізінші ғасырда парсы тілінде жазылып, дами бастады. Түркі әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі саналатын Әлишер Науаидің өзі он бесінші ғасырда біршама шығармасын парсы тілінде жазған. Онан кейінгі көптеген түркі текті ақындар да өз шығармаларын парсы тілінде жазып қалдырған. Ал 15 ғасырда құрылған қазақ хандығының мемлекеттік тілі қазақ тілі болды. Көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз қазақ тілінде сөйлеп, өз шығармаларын қазақ тілінде өмірге әкелді. Бұған біздің халықтың көшпелі өмір тәжірибесі де зор ықпал етті. Егер сол кезде қазақ халқы отырықшылыққа бой алдырғанда мүмкін біздің ақын-жырауларымыз да парсы тілінде жазған болар еді. Сондықтан да басқа тілдермен көп былғана қоймаған таза түркі тілінің бірі ол - Қазақ тілі болу керек.

Бұқардың тілдік ерекшелігін осыған дейін дендете зерттеген ғалым Құлмат Өмірәлиев. «ХҮ-ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясының тілі» деген еңбегінде жыраудың 364 жолдан тұратын сегіз толғауына текстологиялық талдау жасаған. [72] Онда қай өлеңдегі қайсы сөз неге өзгерген, ол сөздің өзгеру себептеріне нақты тоқталып, Бұқар жыраудың заманы мен стилдік ерекшелігіне қатысты толымды пікір айтады. Негізі қазақ әдебиеттануында

жыраулар поэзиясының тілі туралы жазылған осыдан артық зерттеуді табу да қиын.

Бұқар жырау қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Оның шығармашылық мұрасы қазақ халқына ортақ рухани құндылық болып саналады. Бұқар жырларын елімізде еңкейген кәріден жасөспірім балаға дейін біледі десек қателеспейміз. Оның шығармалары халықты әрдайым бірлікке, әділдікке, сұлулыққа үндейді, ұлттық болмысымызды жоғалтпауға, бабалар дәстүрін сақтауға шақыруымен құнды. Жырау өз шығармаларында сол дәуірдегі ақиқат өмірдің көркем бейнесін жасап қана қоймай, ұлттық дәстүріміздің одан әрі дамуына, адамгершілік мәселелердің бұзылмауына, көшпелілереге тән асқақ рухтың сақталуына зор ықпал етті. Осыған байланысты біз жырау шығармалары өзінің алдындағы жыраулар шығармашылығымен тығыз байланыста дамығанын да атап өткіміз келеді. Яғни Бұқар ұлттық дәстүрде өсіп, жетілген сөз шебері. Оның осыдан екі жарым ғасыр бұрын айтқан ойлары бүгін де халық арасында қанатты сөзге айналып қолданылып жүруі соның айғағы.

Екінші бөлім бойынша қорытынды. 2.1 «Бұқар жырау толғауларындағы замана шындығының көркем бейнеленуі» деген тараушада жыраудың өз заманындағы тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыру тәсілдері талданды. Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ХҮІІІ ғасырдағы қазақ халқының ахуалы, ел басқарған хандар мен билердің, батырлардың көркем образдары ғылыми тұрғыда талданып, сараланды. Сонымен қатар Бұқар жырау толғауларында қазіргі поэзиядағыдай мінезі мен портреті, ол өмір сүрген кеңістіктің нақты пейзаждық суреттерін кездестіре алмайтынымыз да осы тараушада нақты мысалдармен дәлелденді. Бірақ сол тұстағы поэзияның даму ерекшелігіне сәйкес тарихтан белгілі көптеген тарихи тұлғалардың жырау шығармаларында көрініс беріп, бізге жеткені және оны тарихи дерек ретінде әлі күнге дейін пайдаланып келе жатқанымыз барынша нақты сипатталды. Бұқар толғауларында Абылай хан бейнесінің тек идеалға айналған тұлға ретінде ғана суреттелмей, оның кей кезде қатаң сын тезіне түсіп, кемшілігі де көрініс табатыны да аталған диссертациялық еңбекте барында дәлелді көрініс тапты. Сонымен Бұқар жырау өмір сүрген кезеңдегі Қазақ мемлекетіндегі біз талдаған әдеби өмірдің ерекшеліктерінің себептерін былайша топтап көрсеттік: өмірді эстетикалық тұрғыда танудың жаңаша сипатқа ие болуы, көркемдік әлем бейнесінің сапалы өзгерістерге ұшырауы. Он сегізінші ғасырдағы поэзия өкілдерінің өздерінің алдындағы жыраулардан өзгешелігі ретінде жалпылықтан жалқылыққа өтуді, әлем сырын тек діни-идеялистік танымда ғана емес, материалистік көзқарас тұрғысынан да бағаулауға көше бастауын атап көрсеттік. Мұндай өзгешеліктердің біз зерттеу нысанымызға алып отырған Бұқар жырау толғауларынан да көптеп кездесетінін байқадық.

2.2.«Бұқар жырау шығармаларындағы діни таным және көркем ойлау ерекшелігі» деп аталатын екінші тараушада дін мен фольклордың шыққан

тегі бір екенін, олардың ара қатынасы жайлы осы кезге дейін жазылған еңбектерді негізге ала отырып, дін мен әдебиеттің түбірлес ұғымдар екеніне шолу жасадық. Бұқар жырау өмір сүрген тұста ислам діні халықтың санасына орныққан, ол кезде қазақ жұрты өмірлік байламдарын шарифат заңдарына сәйкестендіре пайдалануы үрдіс болған кезең еді. Ұлы далада ислам қағидалары көшпелі қазақтардың мыңдаған жылдар бойы өздері қалыптастырған заңдарымен қатар жүрген. Сол себептен де әдеби санада көркемдік-эстетикалық талғамға қарағанда адамгершілік мәселелерінің айқынырақ көрінуі, адамдар арасындағы моральдік мәселелерге ерекше көңіл бөлудің орын алуы қалыпты жағдай саналған. Бұқар жырау мұсылманша өз дәуіріне сай білім алған, діни мәселерге келгенде жоғары сауатты адам болған. Ол өзі көрген, білген, таныған өмірдегі шым-шытырық қайшылықтар мен үйлесімділіктің, қоғам мен адам және жеке тұлға мәселесі туралы сауалдарға ислам дінін негізге ала отырып жауап береді. Ақиқат шындықтың нақты жауабын да құран сүрелері мен аяттарынан үзінділер келтіре отырып дәлелдейді. Өзін қоршаған әлемнің сыры мен сипатына ислам дінінің ғибратты мысалдарын, адам мінезінің терең психологиялық қатпарлары туралы ойларына діни түсініктерді дәйек етіп ұсынады. Бұқардың соңында елуге тарта толғаулары қалса, солардың ішінде Алланың бір екендігі, оның күдіретті күші мен мейірімділігі жайлы, мұсылмандықтың артықшылықтары турасындағы ойлары оның дін жолын нық ұстанып, исламды шынайы ниетпен қолдап, қорғап отырғанының айғағы бола алады дер едік. Бұл әлі де болса тереңдете, өз замандастарының шығармаларымен салыстыра зерттеуді қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұқар Қалқамнұылының әдеби мұрасын зерттеу нысанына айналдыра отырып, төмендегідей тұжырым жасадық:

Бұқар Қалқаманұлы - ұлт әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырған тұлға, жыраулар институтының ең көрнекті өкілі. Диссертацияның I тарауында оның Абылай ханның ақылшысы бола жүріп елдің ұлттық құндылықтарды, елдің ауызбіршілігін сақтауға зор үлес қосқандығын зерделедік. Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатын жүргізуде Абылайдың айнымас серігіне айналған Бұқардың толғауларында рухани-адамгершілік құндылықтар арналы тақырыпқа айналды. Жыраудың ел мүддесін қозғаған сөзінде де, Абылайға арнаған толғауларында да ұлттық болмыс, адамгершілік басты идея болды.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» енді ғана ес жия бастаған қазақ елі Ресей патшалығы мен шығыстағы Цинь империясының саясатына қарсы тұрар жол іздеді. Бодандық қамытын кимес үшін дипломатиялық қарым-қатынасқа да жүгінді. Бірақ, мұның қай-қайсысы да уақытша тыныштық орнатқанымен, олардың кең байтақ жерімізді иеленуге деген ниетін өзгерте қойған жоқ. Бұқар бұл тығырықтан ұлттың рухани байлығы ғана шығарарын сезді. Сондықтан, жырау өз толғауларында адамгершілікті, отбасы құндылықтарын айрықша насихаттады. Жақсы жар, тәрбиелі ұрпақ, елдің бірлігі туралы тұжырымдарын өлеңмен өрнектеп, өрелі ой қозғады. «Жыраулардың өзіне тән ерекшелігі – олардың адамгершілік позициясы шығармалар мәтініне жасырын қатысып, бейнелі тіл тасқынының астарындағы жоғары позициясын белгілейді»[85,41] Ортағасырлардағы ғұламалардың еңбектерінде айтылатын «кемел мемлекет», «кемел адам» идеясын, Асан Қайғы іздеген Жерұйықты халықтың жадында жаңғыртты. Жан азығын ізгіліктен, бірліктен, рухани-адамгершіліктен тапқан ұлт қандай қиындықтарға да мойымайтынын, жұтылып кетпейтінін түсінді. Зерттеуімізде осы мәселелерге қатысты тұжырым жасалды. Сол секілді Бұқар толғауларының идеясы мен көркемдік қуатының қайнар көзі орта ғасырлардағы әдеби мұрамызбен де байланысты екенін аңғардық.

Көрнекті жазушы М.Мағауин «Қобыз сарыны» атты еңбегінде «Бұқар негізінен байырғы дәстүрді қабылдайды. Алайда заманының озықтығы, қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда өскендігі және өзінің зор таланты мен ақындық интуициясының тереңдігі Бұқарды жекелген реттерде көне сүрлеуден шығарып жібері отырады» [5,104] деп жазған болатын. Диссертация жұмысында Бұқар жыраудың адамның жас ерекшеліктері, сақилық пен сараңдық, өмірдің өткіншілігі туралы ойлары мен әдеби жәдігерлердің (Ж.Баласағұнидың «Құтты білік», Қ.Иасауидың «Даналық кітабы», А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы») арасындағы дәстүр сабақтастығына да көңіл бөлінді. Сөз зергерінің өзіне дейінгі жыраулардың идеяларын, рухани-адамгершілік тұғырын биіктеткенін және тың тақырыптармен байытқанына назар аудардық. Сол секілді Бұқардың Дулат, Шортанбай,

Қашаған т.б. ақындар поэзиясына ерекше ықпал еткенін де зерделеуге тырыстық.

Осы тарауда Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ислам негіздерін, діни образдарды, шариғатпен үндескен рухани құндылықтарды да қарастырдық. «Ұлтты иманға ұйытқан ақын-жыраулар поэзиясы өзінің терең философиялық ой-тұжырымдарымен, жүректі нұрландырар сөздерімен алаш жұртының жан азығына айналды. Қара домбыраның үні, қыл қобыздың сарынымен төгілген толғау-термелер қазақ баласын адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, ислам құндылықтарын өсиет етті» [52,5] Бұқардың мұсылман әлеміне танымал «Көкалташ» медресесінде оқып білім алғандығы, діни сауатының молдығы оның толғауларынан ерекше көрініс тапқан. Жырау өз тұжырымын Құран Кәрім аяттарымен, пайғамбарымыздың хадистерімен тарқата отырып, рухани-адамгершілік мәселелерін көтереді. Аллаға мінәжат етіп, елінің аманшылығын, ауызбіршілігін тілейді. Өз жұртының мұсылман парыздарына ықыласты болып, сырт қалмауын да назарына алады. Адамгершілікті, жақсы амалдарды уағыздаған молдаларды жырға қосады. Бұқар мұсылманның құбыласы болған Қағбаны, Ибраһим (ғ.с.) ғибратын да жырға қосқан. Дегенмен, біз өз зерттеуімізде Бұқардың бұл шығармаларында тек дін тарихын айтумен шектеліп қалмағанына тоқталдық. Ол ислам құндылықтарын өз халқының руханиятымен сабақтастыра ой тарқатады. Мысалы, Абылайға арнаған толғауында мұсылман әлеміне тұлғалар – әділетті патша Наушаруан мен Атымтай жомарттың көпшілікке ой салар салиқылы істері баяндалса да, жырау өз халқының тәуелсіздігі үшін күресіп отырған Абылайды асқақтатып, олардан да жоғары қояды.

Зерттеу барасында жыраудың иман байлығын рухани-адамгершіліктің негізі деп ой түйе отырып, адам болмысының ең басты өлшемі деп қарастырғаныын сараладық.

Диссертацияның II тарауында Бұқар жырау толғауларындағы замана шындығының көркем бейнеленуі зерделенді. Жыраудың жырларындағы дүниенің әлеуметтік бейнесі мен әдеби қаһарман тұлғасын саралай отырып, ХУІІІ ғасырдағы саяси-әлеуметтік оқиғаларға назар аудардық. Осы тұста Бұқар толғауларындағы ерекшеліктің бірі ретінде жалпылықтан жалқылыққа қарай бетбұрысты айтуға болады. Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз шығармаларындағы эстетикалық категориялар Бұқар толғауларында нақты деректермен сипатталды. «Жақсы», «жаман» т.б. ұғымдар жалпы баяндалмай, нақты қасиеттер жиынтығымен айшықталды. Сонымен бірге Бұқар шығармаларынан өмірдің мәніне діни-идеялистік негізде ғана емес, материалистік көзқарас тұрғысынан да баға беруге тырысушылықты байқаймыз. «Айтушы ретінде тыңдаушысына арналған сөздерінде заман мәселесін күн тәртібіне қоя білді. Қазақ мемлекеттілігінің берік қалыптасуы мен нығаюында жыраулар поэзиясы басты роль атқарды. Осының барлығы жырау мұраларындағы ойшылдық пен философиялық сарында ашық көрініс тауып, халық тағдырымен тұтасқандығын да көрсетеді» [73,5].

Бұқар Алтын Орда, кейін қазақ хандығы құрылған тұстан бастап келе жатқан дәстүрді, елдік мүдденің тұғырын биіктетті. Өзіне дейінгі сөз зергерлерінің ой қазынасына олжа салып, тың таным-түсініктермен толықтырды. Осы тарауда Бұқар толғауларының көркемдік ерекшеліктері, сөз өрнегі де зерделенді. Толғауларды талдау барысында Бұқардың метафора, теңеу, эпитет, қайталау секілді сан алуан көркемдік тәсілдерге жүгінгендігін байқадық. Бұл көркемдік құралдар Бұқар жыраудың ана тілінің эстетикалық қуатын ғана емес, сол уақыттағы замана тынысын, тұрмыс-тіршілігін, дәстүрлі мәдениетін де ұлттық поэтикалық бояумен жеткізуіне жол салды. Әрине, осы көркемдік тәсілдерге автордың мақсатты түрде бармағанын аңғару қиын емес. Ақын-жыраулардың шығармашылығын зерделеген белгілі ғалым Қ.Сыдиықұлы бұл турасында: «Халықтық, ілгерішіл дәстүрдің басты белгісі – шығарма қандай формада келмесін, айтушы қандай манерде айтпасын, оның идеялық мәні өмірлік мазмұнында, шыншылдығы мен шынайылығында жатады» [17,5] деген болатын. Зерттеу барысында Бұқар жыраудың шығармаларында кездесетін мағынасы көмескіленген сөздер мен тұрақты тіркестерге де назар аудардық.

Диссертацияны жазу барысында Бұқар Қалқаманұлының әдеби мұрасына қатысты бүгінге дейінгі іргелі зерттеулер, монографиялар мен мақалалар пайдаланылды. Осы ретте жырау мұрасына қатысты соңғы жылдарда жарияланған еңбектер философия, саясаттану ғылымдары саласы бойынша жазылғанын айта кетуді де жөн көрдік.

Бұқар Қалқаманұлының ақындық мұрасы ұлттық деңгейден асып, әлемдік әдебиет пен бүкіл адамзаттың интеллектуалдық, көркемдік қазынасына лайықты үлес болып қосылды. Бұқар жырау шығармашылығының идеялық мазмұны ешкімді бей-жай қалдырмайды, ол өзінің ерекше жандылығымен, Отанға, өз халқына деген ерекше сүйіспеншілігімен миллиондаған адамдарды өзіне баурап алады. Ол қазақтың 18 ғасырдағы ел билеушілері мен батырларының, замандастарының бейнесін сомдап, артына өлмес мұра қалдырды. Ол әлемнің көптеген халықтарымен бейбіт қарым-қатынас орнатуда қазақ халқының ізгі ниетінің жаршысы болды.

Бұқар Қалқаманұлының жыр маржандары ұлттық құндылығымыздың ажырамас бөлшегі ретінде әлі де талай ұрпақтың жан азығына айналатыны сөзсіз. Оның толғауларындағы ой қазынасы өткен мен бүгінді жалғастырып, ел ертеңіне жол көрсетер бағдар деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 1 қыркүйек.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2-том. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. – 720 б.
3. Көпеев Ж. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. 7-том. – Павлодар, 2006. – 304 б.
4. Уәлиханов Ш. Кітапа: Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.
5. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
7. Мұқанов С. Қазақтың XV-XVIII ғасырлардағы тарихынан очерктер. – Алматы, 1942. – 148 б.
8. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1931. – 220 б.
9. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1942.
10. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 400 б.
11. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 б.
12. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
13. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы, 1990. – 293 б.
14. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192 б.
15. Сәтпаева Ш. Уақыт шуағы. – Алматы: Ғылым, 2000.
16. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 204 б.
17. Сыдиықов Қ. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 197 – 240 б.
18. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 б.
19. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1967. – 430 б.
20. Халидов Қ. Тауарих хамса. – Қазан, 1911. – 380 б.
21. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1962.
22. Бес ғасыр жырлайды. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
23. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 б.
24. Нар заман мен зар заман поэзиясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 б.
25. Жыраулар поэзиясы. Құрастырғандар: Т. Әкімова, Н. Сәрсек, Н. Елесбай – Алматы: Silver Press, 2022. – 368 б.

26. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1966. – 142 б.
27. Егеубаев А. Кісілік кітабы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 318 б.
28. Бүркітбаева А. XVIII-XX ғасырлардағы ақындық поэзиядағы елдік пен адамгершілік мәселелері. – Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006.
29. Өтеген Б. Тектілік: лингвофилософиялық парадигма. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 142 б.
30. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Ер-Дәулет, 1994.-238 б.
31. Құл – Мұхамед М. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994.-224 б.
32. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988.-432 б.
33. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Ағна. – 192 б.
34. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
35. Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: Press-Co, 2020.-384 б.
36. Ақмағамбетов Р. Құт. – Алматы: Brk Press, 2019.-447 б.
37. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.
38. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты. – 375 б.
39. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
40. Жәлелұлы О. Жақсы. – Алматы: Дария, 2018. – 224 б.
41. Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 615 б.
42. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 149 б.
43. Бес ғасыр жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
44. Қосан С. Балқы Базар жырау. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 268 б.
45. Мәмбетов Қ. Дидактикалық поэзия дәстүрі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004.
46. Қорқыт Ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 125 б.
47. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000. – 367 б.
48. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 403 б.
49. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
50. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
51. Қыдыр Т. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет. – Астана, 2018.

52. Қыраубаева А. Шығыстық қисса дастандар. – Алматы: Ғылым, 1997.- 440 б.
53. Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 285 б.
54. Мәдібай Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы. Қазақ университеті. 2001. – 193 б.
55. Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
56. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000.
57. Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 128 б.
58. Сатмирова Д. Қарасақал Ерімбеттің әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі. – Алматы: Арыс, 2006. – 176 б.
59. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай. – Сауд Арабиясы: Фаһд патшаның Құран Шәриф Басым комбинаты, 1991.
60. Ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) Хадистері. 1 кітап. – Алматы: Өнер, 2002. – 85 б.
61. Бейсенов Б. Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары. Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010.
62. Абай. Қарасөздер. – Алматы, 2017. – 156 б.
63. Жәлелұлы О. Харекет. – Алматы: BRK Press, 2018. – 552 б.
64. Жолдыбайұлы Қ. Ақиқат шуағы. – Алматы: Алтын қалам, 2007. – 232 б.
65. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 376 б.
66. Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008.
67. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және Ислам. – Алматы: Қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми зерттеу институты, 2002. – 147 б.
68. Ғабитов Т. Нұрмұратов С. Философиялық сөздік. – Алматы: Лантар Трейд, 2021. – 527 б.
69. Кәрібаев Б. Қазақ хандары туралы зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 228 б.
70. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
71. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
72. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі [Мәтін] / Қ. Өмірәлиев ; [жауап. ред. І. К. Кеңесбаев] ; Қаз ССР Ғылым акад. ; Тіл білімі ин-ты... – Алматы : Ғылым, 1976. – 269 б.

73. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық: Зерттеу. – 2 бас. – Алматы: қазақ университеті, 2009. -368 б. -54 бет
74. Қ.Мәдібай. Хандық дәуір әдебиеті. (Кемекші құрал) - Алматы. “Мектеп” 1996. -61 б.
75. Егеубаев А. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 4-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 432 б.
76. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар,қарасөздер. – Алматы:Мектеп, 2007. – 241 б.
77. Дала фолькоруының антологиясы. Ғашықтар жыры. 4-том. – Алматы:Brand book, 2019. – 494 б.
78. Қабдолов З. Жебе.– Алматы: Рауан, 1996. – 252 б.
79. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші. – Алматы: Жалын, 1986. – 80 б.
80. Танабаев Ө. Жыраулар поэзиясы және табиғат. – Алматы, 1999.
81. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. -500 б.
82. Қайдар. Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
83. Нысанбай жырау. Зерттеу мен ғылыми мақалалар. – Алматы: Арыс, 2013.-248 б.
84. Қазақ даласының ойшылдары. – Алматы, 2001. – 199 б.
85. Мұқашев Т. Жыраулар поэзиясындағы әлеуметтік-философиялық сарын. – Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007.